

N 1728-8657



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казакский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university named after Abai

Х А Б А Р Ш Ы В Е С Т Н И К B U L L E T I N

«Көркемөнерден білім беру: өнер – теориясы – әдістемесі» сериясы
Серия «Художественное образование: искусство – теория – методика»
Series of «Art education: art – theory – methods»
4 (61),2019

Алматы

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Көркемөнерден білім беру: өнер -
теориясы - әдістемесі» сериясы
№4 (61), 2019

2001 ж. бастап шығады.
Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір

Бас редактор:
п.ғ.к., проф.
Т.Ж. Қожағұлов

Ғылыми редактор:
өнертану PhD докторы, қау. проф.
О.Т. Абишева

Редакция кеңес мүшелері:
Мармара Университетінің PhD докторы,
профессоры Мужде Аян (Түркия),
PhD докторы Мелем Муниввер
Зудовас (Түркия), Associate Professor
Reser Gulmes (Түркия),
п.ғ. проф. Iyu Jian Jou Hanshan (ҚХР), п.ғ.
проф. Shie Henshin (ҚХР),
PhD д., Колумбия унив-ң проф.
Rafis Abazov (АҚШ),
PhD д., Акдениз унив-ң доценті
Omer Zaimoglu (Түркия),
п.ғ.д., проф. К.Д.
Добаев (Қырғызстан), п.ғ.д., проф. О.В.
Шалаяпин (Ресей),
ТХМК президенті Ахмет
Дагдуран (Түркия),
п.ғ.д., доценті Н.Б.Смирнова (Ресей),
п.ғ.к., доценті Л.Ш.Какимова
п.ғ.к., проф. қ.а. Момбек А.А.
п.ғ.к., проф. М.Ж. Тәңірберген
(Оңт. Қаз.), п.ғ.к., доктор, проф.
М.И. Джексембекова
п.ғ.к., доцент Н.А. Михайлова
п.ғ.к., проф. қ.а. А.С. Сманова,
п.ғ.к., доцент Ш.А. Ақбаева,
әскер.ғ.к. В.В. Вашенко,
өнер.к., проф. қ.а. М.Э. Султанова,
п.ғ.к., проф. қ.а. Ж.Н. Шайгозова
п.ғ.д., проф. Қ.З. Халықов
п.ғ.к., проф. Б.Е. Осанов
п.ғ.д., проф. Қ.О. Жеделов

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2019

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10099-Ж

Басуға 20.03.2019. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 21,5 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 211.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ
Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT**

<i>Абишева О.Т., Тoleybala Ж.А.</i> ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ЮВЕЛИРНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА <i>Abisheva O.T, Toleybala Z.A.</i> HISTORY OF DEVELOPMENT KAZAKH JEWELLERY ART.....	3
<i>А.А. Курманбаев, Б.Нұрмолда, М.Д. Әбділдаев</i> БОЛАШАҚ ҚӘСІПТІК ОҚИТУ ҰСТАЗДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН САПАЛЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ <i>A.A. Kurmanbayev, S. Narmada, M. D. Abdildaev</i> IMPROVING THE DIDACTIC TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF VOCATIONAL TRAINING.....	8
<i>А.А. Курманбаев, М.Б. Мухашева, А.Кунбосын</i> ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕРІН ОҚИТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗДЕРІ <i>A.A. Kurmanbayev, M.B. Mukhasheva, A. Kunbosyn</i> THEORETICAL AND PRACTICAL BASES OF TEACHING TRADITIONAL KAZAKH CRAFTS.....	13
<i>Ембергенова Д.А., Ахмедова А.Т., Абиқеева Г.О.</i> МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ СОЗДАНИЯ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗА В КИНОЛЕНТЕ АКАНА САТАЕВА «ДОРОГА К МАТЕРИ» <i>Yembergenova D. Akhmedova A., Abikeeva G</i> METHODS AND RECEPTIONS OF CREATING AN ARTISTIC IMAGE IN THE FILM OF AKAN SATAEV'S "ROAD TO MOTHER".....	19
<i>Құлманбет П.Қ.</i> КЕСКІНДЕМЕ ӨНЕРІН САБАҚТАН ТЫС ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ <i>Kulmanbet P.K.</i> METHODOLOGY OF EXTRACURRICULAR LEARNING PAINTING.....	24
<i>Ж.А. Шажабаяева, Е.А. Иманбақыев</i> КЕСКІНДЕМЕ САБАҚТАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ <i>Zh. Shazhabaeyeva, Y.A. Imanbakyev</i> FORMATION OF CREATIVE COMPETENCES OF STUDENTS AT PAINTING LESSONS.....	28
<i>Ибатбеков Ә.</i> КӨРНЕКТІ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ФОТОСУРЕТТІ АЛЬБОМЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ <i>Ibatbekov A.</i> THEORETICAL FOUNDATIONS AND FEATURES OF CREATING A PHOTO ALBUM OF FAMOUS PEOPLE.....	32
<i>Абишева О.Т., Карбозова А.А.</i> УНИВЕРСИТЕТ КАК ПРОСТРАНСТВО СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ: СОВРЕМЕННЫЙ КОНТЕКСТ <i>Abisheva O.T., Karbozova.A.A.</i> Казахский национальный педагогический университет имени Абая ВЕСТНИК	

Серия «Художественное образование:
искусство - теория - методика»
№4(61), 2019

Выходит с 2001 года.
Периодичность – 4 номера в год

Главный редактор:

к.п.н., проф.

Т.Ж.Кожагулов

Научный редактор:

Phd.иск., ассоц. проф.

О.Т. Абишева

Редакционная коллегия:

PhD д., проф.унив-та Мармара

Мужде Аян (Турция),

PhD д., Мелем Мунивер Зудовас

(Турция), *ассоц. проф.*

Gulmes Reser(Турция),

п.н.проф. IyuJianJou

Hanshan(КНР),*п.н.проф. Shie*

Henshin(КНР),*д.п.н., проф. К.Д. Добаев,*

(Кыргызстан)

д. PhD R.Abazov (США),

д. PhD доцент Omer Zaimoglu (Турция),

д.п.н., проф. Шаляпин О.В. (Россия)

д.п.н., доцент

Н.Б Смирнова. (Россия),

президент ФКТНАхмет Дагдуран

(Турция)

к.п.н., доцент Л.Ш.Какимова

к.п.н., асс.проф. Момбек А.А.

к.п.н.проф. М.Ж. Тәңірбергенев к.п.н.

д., проф.Джексембекова М.И

к.п.н. доцент Михайлова

Н.А.к.п.н.асс.проф. А.С. Сманова,

к.п.н., доцент Ш.А. Акбаева,

к.воен.н. В.В. Ващенко,

к.иск.н., асс.проф. М.Э. Султанова,

к.п.н.асс.проф. Ж.Н. Шайгозова

д.п.н., проф.Халыков Қ.З.

к.п.н. проф. Оспанов Б.Е.,

д.п.н. проф. Жеделов Қ.О.

© **Казахский национальный педагогический университет имени Абая, 2019**

Зарегистрировано

Министерстве культуры и информации

Республики Казахстан

8 мая 2009 г. №10099-Ж

Подписано в печать 20.03.2019.

Формат 60x84^{1/8}.

Объем 21,5 уч.-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 211.

050010, г. Алматы,

пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского

национального педагогическо

го

университета имени Абая

**UNIVERSITY AS A SPACE OF SOCIAL INTERACTION:
THE CONTEMPORARY CONTEXT OF THE
PROBLEM.....38**

**Kazakh National Pedagogical
University named after Abai
BULLETIN**

A series of

**«Art education: art - theory - methods»
№4 (61), 2019**

Periodicity – 4 issues per year.
Published since 2001

The chief editor:

doktor of pedagogical sciences, professor
T.Zh.Kozhagolov

Deputy Chief Editor:

*Doctor PhD art history,
professor***Abisheva O.T.**

Editorial Board:

D.,PhD Prof.univ-ta Marmara

Muzhde Ayan (Turkey),

*D.,PhD***Melem M.Z.** (Turkey),

*Assoc. prof.***Gulmes Reser** (Turkey),

*D.,Ph.D.***Iyu Jian Jou Hanshan** (KNR),

*D.,Ph.D.***Shie Henshin** (KNR),

*D.,Ph.D prof.***K.D. Adding**, (Kyrgyzstan)

*D.,Ph.D.***DR.Abazov** (USA),

*PhD associate professor***Omer Zaimoglu**
(Turkey),

*Ph.D., prof.***Shalyapin O.V.** (Russia)

Ph.D., Associate Professor

N.B. Smirnova. (Russia),

*President of FKTNA***Ahmet Dagduran**
(Turkey)

candidate of pedagogical sciences,

*associate professor***Kakimova L.Sh.**

candidate of pedagogical sciences,

*associate professor***Mombek A.A.**

*Ph.D. prof.***M.Zh. Tanirbergenova**

*Ph.D. etc., prof.***M.I. Dzhexembekova**

*Ph.D. Associate Professor***Mikhailova**

N.A. Ph.D.Ass.prof. A.S. Smanova,

Ph.D., Associate Professor

Sh.A. Akbaeva,

Candidate of Military Sciences

V.V.Vashchenko,

*candidate of technical sciences, associate
professor.***M.E.**

Sultanova,Cand.sc.Ass.prof. Zh.N.

Shaygozova

*D.,Ph.D., prof.***K.З.Halykov**

*D.,Ph.D. prof.***B.E.Ospanov**

*D.,Ph.D. prof.***K.O.Jedelov**

© **Kazakh National Pedagogical
University named after Abai, 2019**

Registered in the Ministry of Culture and
Information of the RK, 8 May, 2009 №
10099-Ж.

Signed to print 20.03.2019.

Format 60x84 1/8. Book paper. 21,5

300 copies. Order 211.

050010, 13 Dostyk ave.

Almaty. KazNPU. Abai Publisher "Ulagat"
Kazakh National Pedagogical University
named after Abai

Тустикбаев Қ.Ж., Жангужина М.Е.

**ТЕАТР ӨНДІРІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ
МЕН БАСҚАРУЫ**

G. Tustikbayev, Zhanguzhinova M. E.

**ORGANIZATION, STRUCTURE AND MANAGEMENT OF
THEATRICAL**

PRODUCTION.....47

Айдар А.М., Рахымова Ә.Д.

**«ОНЫҢ УАҚЫТЫ КЕЛЕДІ» ФИЛЬМІНДЕГІ
МЕКЕНШАҚ (ХРОНОТОП) ӘМБЕБАПТЫҒЫ**

Aydar A.M., Rakhimova A.D.

**THE UNIVERSALITY OF THE PLACE (CHRONOTOP) IN
THE FILM "HIS TIME IS**

COMING".....52

Е.Ө. Омарова, С.Д. Әскербекова

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СӘН ҮЛГІЛЕРІ

E. O. Omarova, D. P. N. Askerbekova

FASHION MODELS FOR

CHILDREN.....58

М.Ж. Альмуханова

ДӘСТҮРЛІ ШИ ТОҚУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Almukhanova M.Zh.

**HISTORY OF THE TRADITIONAL ART OF SHEA
WEAVING.....63**

Махамбет Д.У., Бекболатова Қ.М.

**«АВАНГАРД» СТИЛЬНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНЕ
СИПАТТАМА**

Makhambet D.U., Bekbolatova K.M.

**DESCRIPTION OF THE STAGES OF DEVELOPMENT OF
THE STYLE «AVANT-GARDE».....67**

Шуақова К.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Shuakova K.

EVOLUTION OF NATIONAL KAZAKH

CLOTHING.....72

Абишева О.Т., Карбозова А.А.

**РАЗВИТИЕ ТЕХНИКИ ГОБЕЛЕНА И ОТРАЖЕНИЕ В
КУЛЬТУРЕ В РАЗНЫЕ ВРЕМЕНА**

Abisheva O.T., Karbozova.A.A.

DEVELOPMENT OF TAPESTRY TECHNIQUE AND

REFLECTION ON THE CULTURE OF DIFFERENT

CIVILIZATIONS.....76

С.К. Бейсенбаев, Ф.М. Мамедова, Д.А. Битемір

ИСКУССТВО НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА

S.K. Beisenbayev, M.F. Mamedova, D.A. Bitemir

ART OF INDEPENDENT

KAZAKHSTAN.....88

А.Т. Баймасова, С.Қ. Бейсенбаев

ӘЛЕУМЕТТІК ПЛАКАТ – ГРАФИКАЛЫҚ ӨНЕР ТҮРІ

Baitasova A.T.I, S.K. Beisenbayev

SOCIAL POSTER IS A KIND OF GRAPHIC

ART.....94

Искакова А., Айдар А.

СПЕЦИФИКА ЗАПИСИ СИМФОНИЧЕСКОГО

ОРКЕСТРА(НА ПРИМЕРЕ КОНЦЕРТА ДЛҢ

ФОРТЕПИАНО № ЗРАХМАНИНОВА)

Iskakova A., Aidar A.

**SPECIFICS OF RECORDING A SYMPHONY
ORCHESTRA(ON THE EXAMPLE OF RACHMANINOFF'S**

<i>Г.Д.Абдуллаева, Ж.Д.Абдуллаева</i> ИНТЕГРАЦИЯ КАК МЕЖПРЕДМЕТНЫЕ СВЯЗИ <i>G. D. Abdullayev, Zh. D. Abdullayeva</i> INTEGRATION AS INTERSUBJECT CONNECTIONS	106
<i>Абишева О.Т., Меналова С.М.</i> СОВРЕМЕННЫЕ ХУДОЖНИКИ КАЗАХСТАНА <i>Abisheva O.T., Menalova S.M.</i> CONTEMPORARY ARTISTS OF KAZAKHSTAN	111
<i>Рысымбетов Е.К, Калжан А., Мамутбаев С.</i> КӘСІБИ ТЕАТР ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ӨНЕР <i>Rysymbetov.E.K, Kalzhan.A., Mamutbayev S.</i> PROFESSIONAL THEATER AND ART	118
<i>Абишева О.Т., Курманакын Е.Н.</i> РАЗВИТИЕ СОВРЕМЕНОГО ДИЗАЙНА <i>Abisheva O.T., Kuryakyn E. N.</i> DEVELOPMENT OF MODERN DESIGN	124
<i>М.Е.Жангужина, А.К.Асанова</i> МОДИФИКАЦИЯ СЦЕНОГРАФИИ НАЦИОНАЛЬНОГО КОСТЮМА В КАЗАХСКОМ КИНО <i>M.E.Zhanguzhinova, A.K.Assanova</i> CHANGES IN NATIONAL COSTUME SET DESIGN IN KAZAKH CINEMATOGRAPHY	131
<i>Тустикбаев Қ.Ж, Жангужина М.Е.</i> ТЕАТР ӨНДІРІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН БАСҚАРУЫ	139
<i>С. Н. Ахметкалиева</i> ТРАДИЦИОННЫЕ КАЗАХСКИЕ СПОРТИВНЫЕ ИГРЫ В ПРОГРАММЕ ЭТНОФЕСТИВАЛЯ	144
<i>Махамбет Данагүл Үсенқызы, Бекболатова Құралай Маратқызы</i> «АВАНГАРД» СТИЛЬІНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНЕ СИПАТТАМА	151
<i>Г.А.Көбей, Абижанова А.Ш</i> ҚАЗАҚ ҚОЛ ӨНЕРІНІҢ ҚҰРАҚ ҚҰРАСТЫРУ КОМПОЗИЦИЯСЫ	156
<i>И.М.Керімбек, А.Ш.Абижанова</i> ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ	160
<i>Ж.М.Алимбаева, Е.Ө. Омарова</i> ЭТНО СТИЛЬДЕГІ ЗАМАНУИ КИІМ ҮЛГІЛЕРІ	164
<i>Е.Ө. Омарова, С.Д. Әскербекова</i> БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СӘН ҮЛГІЛЕРІ	169
<i>Накбаева А.Б.</i> ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ КОСТЮМ ДИЗАЙНДАҒЫ ОЮ ӨРНЕКТЕРІ	173
<i>Шуақова Камшат, Құралай Маратовна</i> ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЭВАЛЮЦИЯСЫ ...180	
<i>Накбаева А. Б.</i> КИІЗБЕН СУРЕТ САЛУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДАҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ТӘСІЛДЕРІ	189

Абишева О.Т., Қалтай Н.Н. АВТОВОКЗАЛ ЗАПАДНЫЙ
СОВМЕЩЕННЫЙ СО СТАНЦИЕЙ МЕТРО В ГОРОДЕ
АЛМАТЫ (НА ПЕРЕСЕЧЕНИИ ПРОСПЕКТА
РАЙЫМБЕК И УЛИЦЫ АШИМОВА)

Abisheva O.T., Kaltay N.N. WESTERN BUS STATION
COMBINED WITH A METRO STATION IN THE CITY
OF ALMATY (AT THE INTERSECTION OF
RAIYUMBЕК AVENUE AND ASHIMOVA
STREET).....196

Абишева О.Т., Матанбек А.С. ФИРМАЛЫҚ СТИЛДІН
ШЫҒУ ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ

Abisheva O.T., Matanbek A.S HISTORY OF THE ORIGIN
AND DEVELOPMENT OF FIRM
STYLE.....201

Жеделов Қ.О, Абай С.А ТҮРКІ ТІЛДЕС
ХАЛЫҚТАРДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫНЫҢ
ӨЗАРА ҰҚСАСТЫҒЫ

Zhedelov K.O, Abay S.A THE SIMILARITY OF MUSICAL
INSTRUMENTS OF TURKIC-SPEAKING
PEOPLES.....206

Кобжанова С.Ж., Абдуллинова Г.Г НЕПРИЗНАННЫЙ
ГЕНИЙ ПОСТИМПРЕССИОНИЗМА ВИНСЕНТ ВАН
ГОГ

Kobzhanova S. J., Abdullinova G. G THE UNRECOGNIZED
GENIUS OF POST IMPRESSIONISM VINCENT VAN
GOGH.....208

Д.Т.Қарекенова ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАРЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОРАТОРИЯ ЖАНРЫ,
ОНЫҢ ҚАЗАҚ ХОР МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ.*Karekenova*
D.T ORATORIO GENRE IN THE WORKS OF
KAZAKHSTAN COMPOSERS, INFLUENCE ON
THE KAZAKH CHORAL
CULTURE.....2

18

Ғ. Әуесбай САХНА ПЛАСТИКАСЫ ӨНЕРІНІҢ
ЖЕКЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫ РЕТІНДЕ

ЗЕРТТЕЛІНУІНІҢ МАҢЫЗЫҒЫ.*Auesbay* THE
ESSENCE OF THE STUDY OF THE ART OF STAGE
PLASTICS AS A BRANCH OF
SCIENCE.....217

З. Рахымжан ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ М.ӘУЕЗОВ
ТРАГЕДИЯЛАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ
Z.Rahimzhan

TRANSFORMATION OF THE TRAGEDY OF
M.AUEZOV ON THE KAZAKH
STAGE.....224

**Тұрғанбеков Д.М. ФИРМАЛЫҚ СТИЛДІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

**D. M. Turganbekov THEORETICAL FOUNDATIONS
FOR THE FORMATION OF A FIRM
STYLE.....228**

УДК 7.049.1

Абишева О.Т.¹, Толеубала Ж.А.²

*¹КазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта доктор искусствоведения,
асс.профессор*

г. Алматы, Казахстан

*²Магистрант 1 курса по специальности «7М02118 – Графический дизайн» КазНПУ им. Абая,
Института*

искусств, культуры и спорта

г. Алматы, Казахстан

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ ЮВЕЛИРНОГО ИСКУССТВА КАЗАХСТАНА

Аннотация

Статья рассматривает об особенности ювелирного искусства в каждом регионе, художественный интерес учащихся через использование наглядных пособий, формирование эстетического отношения к реальной жизни и формирование чувства жизни. Методология исследования основана на анализе данных об исторических находках, систематическом анализе и ювелирном искусстве. В ходе исследования оно основывалось на исследованиях отечественных и зарубежных научных и периодических изданий, альбомов, каталогов и творчества художников в музеях, галереях, мастерских. При этом в методической и исследовательской работе исследования использовались следующие общенаучные методологии: историко-сравнительный, этнографический, аналитический и др.

Onal O.T¹, Toleybala Z.A.²

¹Candidate of Pedagogical sciences, associate professor,

*Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

²Student of master's course in the specialty «7M02118 – Graphic desing»,

*Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

HISTORY OF DEVELOPMENT KAZAKH JEWELLERY ART

Abstract

The article discusses the features of jewelry in each region, the students' artistic interest through the use of visual aids, the formation of an aesthetic attitude to real life and the formation of a sense of life. The research methodology is based on the analysis of historical finds, systematic analysis and jewelry. In the course of the study, it was based on studies of domestic and foreign scientific and periodicals, albums, catalogs, and the works of artists in museums, galleries, and workshops. At the same time, the following general scientific methodologies were used in the methodological and research work of the research: historical-comparative, ethnographic, analytical, etc.

Абишева О.Т.¹, Толеубала Ж.А.²

*¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының Өнертану докторы,
қаум. профессор Алматы қ., Қазақстан*

*²«7М02118 – Графикалық дизайн» мамандығының I курс магистранты Абай атындағы
ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты*

ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Мақалада зергерлік өнердің Қазақстандағы даму тарихына, әр аймақтағы зергерлік өнердің ерекшелігіне, бейнелеу өнері құралдарының көмегімен оқушылардың қызығушылығын арттырып, шынайы өмірге деген эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу және өмірлік түйсігін қалыптастыру. Әдіснамалық негіз тарихи-сабақтастық, жүйелі талдау, зергер өнері жайлы мағлұматтарды сараптау ұстанымдарына құрылды. Жұмыс барысында отандық және шетелдік ғылыми зерттеу жұмыстары мен кезеңдік басылымдар, альбомдар, каталогтар және суретшілердің шығармашылықтарын мұражайларда, галереяларда, шеберханаларда зерттеу негізіне сүйенілді. Сонымен әдіснамалық - зерттеу негізі зерттеу жұмысы бойынша мынадай жалпы ғылыми әдіснамалар қолданылды: тарихи-салыстырмалы, этнографиялық, талдау және т.б.

Қазақстанның зергерлік өнері. «Жігітке жеті өнер де аз», «Шебердің қолы ортақ» сынды мақал-мәтелдерді кейінгі ұрпақтарына мирас еткен қазақ халқында өнердің түрі де сан алуан. Солардың бірі-қиындығы «Инемен құдық қазғандай» әрі ісмерлікпен қоса, асқан табандылықты, ыждағаттылықты қажет ететін зергерлік өнері. Бұл-ауқымы жағанан шағын болып көрінгенімен өте нәзік те күрделі өнер. Халықпен бірге жасасып, біте қайнасып, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан көненің көзі-үлкен тәрбие мектебі. Зергерлік-жалпы адамзатты, оның ішінде жас жеткіншектерді сұлулық пен әсемдікке, құштарлыққа, талғампаздық пен тазалыққа тәрбиелейтін өнер.

Жалпы зергерліктің түбірі «зер» парсының «алтын» деген сөзінен шыққан. Яғни, зергер сөзі кең мағынасында «алтынмен жұмыс істейтін шебер» деген ұғымды аңғартады. Ендеше зергердің қолынан шыққан бұйымның анау-мынау емес, нағыз «алтынмен апталып, күміспен күптелген» асыл дүниелер екендігінде дау жоқ.


Бұйымдардың басым көпшілігі әйел халқының тұтынуы үшін шығарылатыны тағы белгілі. Алғашқы қауымдық кезеңдердің өзінде-ақ адамзаттар жылтыраққа, көркем затқа еріксіз әуестене бастағаны зерттеулер нәтижесінде жақсы мәлім. Солардың ішінде, әсіресе, әйел затының сәнденуге, әдемі затқа үйір болғанын бүгінгі ғалымдарымыз дәлелдеп отыр.

Олардың мойындарына жануарлардың әр түрлі сүйектері мен өсімдік мүшелерін (дәндерін, жаңғақтарын, бұтақтарын және т.б.) іліп, өздерінше сәндетіп болған. Осындай табиғи әсем заттарға еліктеп, қызығудың нышандары тропикалық аймақтағы артта қалған тайпаларда әлі күнге кездеседі. Уақыт өте келе адамдар табиғи өнімдерді өңдеп, жетілдіріп пайдалануды үйрене бастағаны белгілі. Яғни зергерлік өнердің алғашқы қарапайым қадамдары жасалды. Мысалы, әдемі тастарды, сүйектерді, мүйіздерді, балық, құс, өсімдік мүшелерін нобайға келтіріп, тесіп, өңдеу сияқты әрекеттер бұл өнердің алғашқы қадамдары екені сөзсіз.

Көптеген елдерде адам моншақ, сырға, салпыншақ, білезік тәрізді сәндік бұйымдарды неғұрлым көп тағатын болса, соғұрлым ол бай болып есептеледі. Ал бай саналған әйел әрі сымбатты, әрі сұлу болуы тиіс. Африка, Оңтүстік Азия елдері мен кейбір аралдарда мұндай ұғым осы күнге дейін бар көрінеді. Әйелді білегіне таққан білезіктерінің санына қарай бағалайтын жұрттар да бар.

Тарихымызға көз жүгіртсек қазақ тарихында қоладан істелген заттарды пайдалану мың жылдай уақытқа созылған. Оны тарихта қола дәуірі деп атайды. Қазақстанда қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың қоныс орындары өте көп. Оған Бестөбе, Бөріқазан, Маятас, ботай тағы басқа орындар дәлел. Осы қоныс орындарына археологғалымдар қазба жұмыстарын жүргізгенде түрлі бұйымдар, тас құралдар, ыдыстар зергерлік әшекей бұйымдар, қаружарак және тағы басқа заттар тапқан. Қазба жұмыстары кезінде табылған заттарға қарағанда әйелдер алтын, күміс, қоласияқты металдардан әр түрлі әшекейлермен киімдерін безендірген.


Құлақтарына алтын жалатқан қола сырғалар таққан. Ер кісілердің қаруы садақ, қанжар, пышақ та қоладан жасалған. Қола дәуірінің асыл бұйымы ретінде бізге жеткендердің ішінде мына пышақ пен қанжар да бар:



Қанжар



Пышақ



Оралымды шекелік сақина



Екі ат бейнеленген сырға



Қойшоқтыдан табылған моншақтар тізбесі



Зергерлік бұйымдардың адам өміріндегі маңызы мен пайдасына келетін болсақ... Күмістің зиянды микробтарды өлтіретін қасиеті күшті. Сондықтан әрбір қазақ әйелінің қолындағы жүзік не сақина ол пісірген астың адалдығының куәсінде болған.

Сәндік зергерлік бұйымдардың түрлері. Енді қазақ зергерлері жасап, қазақ әйелдері тұтынған кейбір сәндік бұйымдарға қысқаша сипаттама кеткеніміз абзал болар еді. Өйткені сол арқылы ұлттық зергерлік өнердің өзіндік ерекшеліктері айқындалып қалуы әбден мүмкін.

Былайша қарапайым сияқты көрінгенімен әйел моншағын жасаудың да өзіндік қиындықтары аз емес. Бай адамдардың әйелдері мен қыздары мойынға салатын моншақтар маржан, меруерт тәрізді асыл тастардан, сүйектерден жасалатын моншақтар да болған. Олардың үлкен-кішілігі, пішіні. Түсі біркелкі болуы шарт емес. Үңіліп қарайтын болсақ, «моншақ» сөзінің шығу тегі «мойын шақ» сөзімен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Бірақ қыздар моншақтарды тек мойындарына ғана салып қоймаған. Тақия, сәукеле тәрізді сәнді бас киімдерге де тізіп тағатын болған.

Білезік - әйел адамдардың білегіне салынатын әшекей зат. Білезіктің қандай материалдан жасалғандығына, өрнектерінің түріне қарап, әйелдің байлық деңгейін анықтау қиынға соқпаған. Бұл сәндік бұйымның *алтын білезік, сом білезік, сағат білезік, қос білезік, жұмыр білезік* сияқты түрлері кездеседі. Өзі жалпақ, ал оған шынжыршамен жалғанған бес жүзігі бар білезік – **бес білезік** деп аталады екен. Бұндай қымбат затқа, әрине, екі әйелдің бірінің қолы жете бермейтіні де рас.



Шолпы мен шашбау– негізінен күміс құймалардан жасалып, ортасына түрлі түсті (құлпырма) асыл тастардан көзтана салынып, сәнді оймыштармен, бедерлермен өрнектелетін әшекей. Бойжеткендердің бұрымдарының ұшына тағылатын ол әрі әшекейлік, әсемдік рөл атқарса, әрі шаштың тарқатылуына жол бермей, тазалық пен жинақылықты қамтамасыз етеді.

Жүзік. Қай халықтың да тарихына үңіліп қарасаңыз, олардың өмірінде жүзік пен сақинаның алатын орны ерекше болғанын көресіз. Көптеген елдерде сақина да, жүзік те қасиетті зат ретінде саналған. Басқасын айтпағанда, үлкен өмірге қарай қадам басып, жаңадан некелесіп жатқан жастардың бір-біріне сақина сыйлайтын дәстүрін алайық. Осынау әдемі дәстүрде жай көзге бірден байқала қоймайтын терең мағына бар. Саусаққа салынған сақина жұбайлардың бір-біріне деген адалдығы мен махаббатын, көтерген шаңырақтарының беріктігін білдіреді. Жалпы халықтар тарихындағы сақина мен жүзікке қатысты салт-дәстүрлерге шолу жасап көрсек, олардың үш түрге бөлінетінін байқаймыз.

Сақина мен жүзіктер. Бірінші, сақина мен жүзік ата-бабаның көзі, олардың қалған мұра ретінде ерекше қадірленген. Өйткені адамның туған әке-шешесінен бастап, сонау есте жоқ ескі заманда өмір сүрген ата-бабасынан бері оңай сақталып қалатын отбасылық, әулеттік реликвиялық заттың ең қолайлысы – жүзік пен сақина. Көптеген халақтарда, соның ішінде қазақ арасында «бұл жүзік қай замандардан бері келе жатыр? Өзін кім соғыпты?» деп сұрастыру, жүзіктің тарихына қызығу дәстүрге айналған. Мұраға қалдырудың да тәртібі бар. Өлген кісіден қалатын жүзікті балаларының кез келгені таға салмайды екен.

Екіншіден, сақина да, жүзік те рәміздік мәні болған соң қадірлі. Жас жұбайлардың сақина алмасып тағуы оны көздерінің қарашығындай сақтау да осы символикалық мағынадан шыққан. Екі елдің патшаларының достығын, бір-біріне деген ықыласын білдіретін жағдайларда да араларында жүзік жүрген. Тіптен жүзікті сыйлау, тарту ету арқылы екі ел арасындағы шиеліністі мәселені бәсеңдетуге болады деген түсінік те жоқ емес.

Үшіншіден, жүзік төңірегінде әр түрлі-ырым жоралғылар да әр елде кең орын алған.

мысалы, ертедегі Грекияда қайтыс болған адамды жер қойнына берер кезде ағайындарының бірі оның үсті басын тексеретін болған. Ол кездегі ұғым бойынша



сүйекпен бірге қабірге жүзік, сақина, тағы түсіп кетпеуге тиіс екен. Олай болса, қымбат заттар о дүниеде адам жанын қинайды, олардың тасасына жын-шайтандар жасырынып, марқұмды азапқа салады деген түсінік орын алған.

басқа қымбат бұйымдар

Ал, енді неке сақинасы қандай болуы керек дегенге келсек, басты шарт оның дөңгелек әрі ешқандай өрнексіз, бедерсіз, жұп-жұмыр болуға тиіс екендігі. Бұл жаңа үйленген жас жұбайлардың ешқандай кедергісіз тегіс болсын, олардың бақыттары да осы сақина секілді шексіз таусылмаса екен деген ырымынан туындаған көрінеді.

Сырға. Қазақ әйелдеріне арналған көркемдік бұйымның тағы бір түрі – сырға. Сырғаны көбінесе бойжеткен қыздар құлаққа тағады. Сондықтан сырғалар әсем де жеңіл жасалады.

Сырғаның ай, айшықты, тұмарқозалы, салпыншақты, тасалтын, күмісті, қоңыраулы, күмбезді т.б. түрлері болған.

Тұмарша – мойынға тағып жүретін әшекейдің бірі. Оны шебер зергерлер күмістен не бұрыштап, не жұмыр түтікше тәріздендіріп жасайды және мойынға іліп жүретін әсем шынжыр бау тағады. Бұлардың іші қуыс болады, онда дұға сақталады.

Ер-тоқым – салт атқа мініп жүруге лайықталған жабдықтардың бір түрі. Ер-тоқымды көне заман көшпелілерінің дамытқан өнер туындысының бірі деуге болады. Өйткені көшпелі тұрмыс, жорық, шабуыл- ат үстіндегі қимылдың барлығы ер-тоқым, тұрман-жабдықтарын тамаша толықтырған. Бұл жабдықтар екі жаққа да (атқа да, адамға да) қолайлылық тудыру мақсатында жасалған. Әсіресе, атқа жайлы болу жағы басты шарт болған. Қазақ халқы осы тұрғыдан, «Алтында ерің атқа тисе, алтынын ал да отқа жақ», – деп, тұжырады. Соңғы кездегі қалыптасқан атаулар- қалмақ ер, қырғыз ер, қазақ ер, орыс ер. Ал, біздің айтайық деп отырғанымыз-қазақ ері. Қазақ ері негізгі қаңқасының жасалуы жағынан-ойма ер, құранды ер, ақбас ер, ашамаң болып бөлінеді. Жабдықталуы жағынан қыз-келіншек ері, еркек ері деп жіктеледі.



Белдік – теріден жасалған қымбат материалдардан, мақпалдан, жібек немесе жүннен жасалған арнайы мерекелік киімге арналған ұлттық қазақ костюмінің дәстүрлі элементі. Белдік одан да бай болып көрінуі үшін қымбат тастар материалдарынан, сүйек элементтерінен, жануарлар келбетін әшекейлейтін өрнектермен безендірген.

Әйелдердің белдіктері жалпақтау, жауынгерлердікіндей емес, көбінесе асыл тастармен, көгілдір ақық, қызғылт сары түсті асыл тас, нефрит тастармен безендірілген.

Еңбек тәрбиесінің мақсаты мен міндеттері халықтың ғасырлар бойы жинақталған еңбек тәжірибесінен туындайды. Оларда өткендегімен сабақтастықта байланысып, қалыптасқан еңбек дәстүрлері көрініс табады. Халық еңбек тәрбиесінің мақсатын анықтауда адамзат тіршілігінің басты шарты еңбек болып саналады деген ұғымдық түсінікті тірек ете отырып, еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты – балаларды еңбекке, қоғамдағы өмірге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу деп есептейді.

Қазақ халқының балалар мен жастардың еңбек тәрбиесіне аса мән бергенін, тұлғалық қасиеттерді дамытуда еңбек түрлерінің мүмкіндіктерін орынды пайдаланғанын көрсетеді. Ғасырлар бойы елеп-екшеліп, толықтырылып, жетілдіріліп отырған халықтың еңбек тәрбиесі саласындағы тәжірибесінің бүгін де берері мол.



Қазақстанда зергерлік өнердің ерекшелігіне, оқушылардың қызығушылығын арттырып, шынайы өмірге деген эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу және өмірлік түйсігін қалыптастыру. Ата-бабамыздан келе жатқан асыл мұраны сақтау мақсатында сәндік зергерлік бұйымдарды мерекелерде, жиын тойларда қыз келіншектер жиі тағып жүрсе. Ол үшін сауда орындарында жалпы халықтың сатып алуына ыңғайлы, қолжетімді баға болса екен деп ойлаймыз.

Әшекейлерді тек мерекелерде тақсақ та, бұйымдарды күнделікті ұстауға болатындығын айтқымыз да, насихаттағымыз да келеді. Қорыта айтқанда, қазір өте қарқынды дамып отырған Қазақстанда жасалатын өнімдер ішінде осы заттар мен бұйымдар болса екен дейміз!!!

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тоқтыбаева Ж.Ж. Қазақстанның зергерлік әшекейлері. Алматы, «Өнер» 1985, 5-11 беттер
2. Ө. Жәнібеков. Жол айырықта. Алматы «Рауан», 1995, 120 б.
3. Маданов. «Қазақ мәдениетінің тарихы», Алматы, «Қаржы-Қаражат», 1998, 15-16, 30, 252 б.
4. Қазақ өнері. «Энциклопедия». «Білім» редакциялық баспа орталығы Алматы, 2002, 238,556,630 б
5. Қазақстан әйелдері. №3/2005 тамыз, 19 бет
6. Әсемдікке құштарлық академиясы. «Рост», Алматы, 2001, 5-15 б.
7. Өмірбекова М.Ш.. қазақ халқының дәстүрлі өнері. Алматыкітап, 2004, 3-17, 60-65 б.
8. Өстеміров К.О., Сыздықов О, Технология. 8 сынып, Мектеп баспасы, 2004, 133-146 б.
9. Шаңырақ. Энциклопедия, Алматы,1990, 33-34,49 б.
10. Қазақстанның көне алтыны. Алматы, Өнер, 1983, 5, 19, 46, 158, 159, 178, 202, 206 б.
11. Өзбекәлі Ж., Нұсқабайұлы Ж., Ежелгі Орырар. Алматы, «Рауан», 1997, 7-39 б.
12. С.Ұзақбаева Қазақ халық педагогикасы Алматы. 2013 «Глобус»
13. Абишева О. Т. Жақандану үрдістерінің аймақтағы көркем өнер білім берудің әскрі.Серия Художественное образование. №2 (55), 2018, С.6-7.

ӘОҚ 378.02:37.035.3

А.А. Курманбаев¹, Б.Нұрмолда², М.Д.Әбділдаев³

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ, Қазақстан

² «БМ012000-Кәсіптік оқыту» мамандығының 2-курс магистрі, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ, Қазақстан

³ «БМ012000-Кәсіптік оқыту» мамандығының 2-курс магистрі, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ, Қазақстан

БОЛАШАҚ ҚӘСІПТІК ОҚЫТУ ҰСТАЗДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҒЫН САПАЛЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада, кәсіптік білім саласы бойынша даярланатын мұғалімдердің білім мазмұны жаңа психологиялық және педагогикалық ғылымдардың жетістіктері негізінде және жаңашыл мұғалімдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен қазіргі заманғы техника мен технология өндірісінің негізінде құрылуы керектігі мәлімделді. Себебі, арнайы пән оқытушысы мен технология пәні мұғалімдерінің сабақ барысында тәжірибелік жұмыспен өндірістік жұмысты жақсы байланыстыра білуі тиіс екендігі айқындалды.

Нарықтық қатынас жағдайында болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының кәсіби - технологиялық біліктілік пен дағдыларын жүйесін қалыптастырудың қажеттілігі дәлелденді және негізделді.

Тірек сөздер: кәсіптік білім, шеберлік, өндіріс, кәсіптік-технологиялық,біліктілік, дағды, әдістеме, тәжірибе, ғылыми-техникалық, технология.

А. А. Курманбаев¹, Б. Нурмолда², М. Д. Абдилдаев³

¹ кандидат педагогических наук, Жетісуский государственный университет

им.И. Жансугурова. г. Талдыкорган, Казахстан

*² магистр 2 курса специальности 6M012000- «профессиональное обучение»,
Жетысуский государственный университет им.И. Жансугурова. г. Талдыкорган, Казахстан*

*³ магистр 2 курса специальности 6M012000- «профессиональное обучение»,
Жетысуский государственный университет им.И. Жансугурова. г. Талдыкорган, Казахстан*

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ДИДАКТИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

В данной статье было заявлено, что содержание образования учителей, готовящихся в области профессионального образования, должно быть построено на основе достижений новых психологических и педагогических наук, а также на основе передового опыта учителей-новаторов, производства современной техники и технологий. В связи с тем, что преподаватель спецдисциплин и учитель технологии в ходе занятий должны хорошо увязывать производственную процесс с практической работой.

В условиях рыночных отношений была доказана и обоснована необходимость формирования системы профессионально - технологических умений и навыков будущих учителей профессионального обучения.

Ключевые слова: профессиональное образование, мастерство, производство, профессионально-технологическая, квалификация, навыки, методика, опыт, научно-техническая, технология.

A. A. Kurmanbayev¹, S. Narmada², M. D. Abdildaev³

*¹ candidate of pedagogical Sciences, Zhetysu state University they.After I. Zhansugurov.
Taldykorgan, Kazakhstan*

*² master 2 courses specialty 6M012000 - "vocational training", Zhetysu state University.After
I. Zhansugurov. Taldykorgan, Kazakhstan*

*³ master 2 courses specialty 6M012000 - "vocational training", Zhetysu state University.After
I. Zhansugurov. Taldykorgan, Kazakhstan*

IMPROVING THE DIDACTIC TRAINING OF FUTURE TEACHERS OF VOCATIONAL TRAINING

Abstract

In this article it was stated that the content of education of teachers preparing in the field of vocational education should be built on the basis of the achievements of new psychological and pedagogical Sciences, as well as on the basis of the best practices of teachers-innovators, production of modern equipment and technologies. Due to the fact that the teacher of special disciplines and technology teacher in the classroom should be well linked to the production process of practical work.

In the conditions of market relations the necessity of formation of system of professional and technological abilities and skills of future teachers of professional training was proved and proved.

Key words: professional education, skill, production, professional and technological, qualification, skills, methodology, experience, scientific and technical, technology.

Кәсіптік білім саласы бойынша даярланатын мұғалімдердің білім мазмұны жаңа психологиялық және педагогикалық ғылымдардың жетістіктері негізінде және жаңашыл

мұғалімдердің алдыңғы қатарлы тәжірибесі мен қазіргі заманғы техника мен технология өндірісінің негізінде құрылуы керек. Себебі, арнайы пән оқытушысы сабақ барысында тәжірибелік жұмыспен өндірістік жұмысты жақсы байланыстыра білуі тиіс. Кәсіптік білім болашақ мұғалімдерді өмірге үлкен шеберлік, білімділік, және де келешекте маңызы зор екені белгілі. Сондықтан арнайы пән оқытушысы өзінің жұмыс орнында еңбегін дұрыс жоспарлауды, оқушылардың белсенділігін арттыруды, нұсқау карталарын дұрыс пайдалануды, қауіпсіздік ережесін және тазалық сақтауды т.с.с жетік білуі тиіс. Жоғарыда көтерілген мәселерді шешу, орта және кәсіптік колледж оқытушыларының құзырында [1,27 б].

Зерттеу жұмысының көкейтестілігі: Адамзаттың ХХІ ғасырдағы аяқ басуы қоғамдық өндіріс аясындағы сапалы өзгерістерден көрінеді. Өткен ғасырдың екінші жартысындағы техникалық революция технологиялық революцияға ұласты. Нақ осындай күрделі жағдайда білім беру жүйесінің қалыптасуына жаңа технологияға сәйкес өндіріс құралдарының жасалуына орай кәсіптік білім беруді түгелдей өзгерту қажет. Болашақ мамандарды техникалық қана емес, технологиялық категориялармен ойлауға үйретуіміз керек. Өйткені технологиялық білімділік адам мәдениетінің маңызды өлшемі болып табылады. Мұның өзі экономиканың барлық салаларын дамытуда қайта өркендеумен қамтамасыз ететін қабілетті жас мамандарға мұқтаж қазіргі Қазақстан үшін өте маңызды [2,56 б].

Ғылыми әдебиеттерді талдай отырып, кәсіби бағыттағы проблемалары ғылыми класиктердің зерттеулерінен тыс қалған жоқ. Бұған мына педагог класиктердің еңбектері дәлел, Я.А. Коменский, Г.И. Песталоцци, К.Д. Ушинский және т.б.;

- жоғары педагогикалық салада болашақ мұғалім дайындығын (С.И. Архангельский, Ф.Н. Гोनоблин, П.Р. Атутов, С.Б. Батышев, М.Н. Скаткин, В.А. Слостенин, О.А. Абдуллина, Д.Л. Тхоржевский, Н.Д. Хмель және т.б.); ғылыми еңбектерінде қарастырды

- оқу барысында біліктілік пен дағдыны ғылыми заңдылық түрде қарастырғандар (Л.С. Выготский, М.А. Данилов, А.Н. Леонтьев, К.К. Платонов және т.б.);

- болашақ мұғалімдерін кәсіби дайындығын сапалы жетілдіру мәселесін ғылыми еңбектерінде қарастырғандар (К.А. Дүйсенбаев, В. В. Егоров, М.Ж. Қозыбақов, Б.К. Момынбаев, В.Д. Симоненко, А.П. Сейтешев және т.б.);

- политехникалық бағытта болашақ кәсіби оқытушылардың дайындығын қарастырған (Ю.К. Васильев және т.б.);

- болашақ кәсіби оқытушылардың тарихи түрде дайындық жүйесін қарастырған (У. Н. Нишаналиев және т.б.);

- кәсіби оқытушылардың маман болып қалыптасуын (В.М. Казакевич, В.Д. Симоненко, Ю.Л. Хатунцев және т.б.), еңбектерінде қарастыруда.

- жалпы еңбек біліктілік пен дағды политехникалық кәсіби тұрғыда (К.К. Кенжеғалиев, А.А. Курманбаев, О.А. Нурманов, Ж.А. Асқарова, А.Ш. Оралбекова және т.б.), ғылыми еңбектерінде қарастыруда.

- жалпытехнологиялық темір өндеуді оқушыларды баулу мәселесін (К.В. Азибаева, Д.В. Черниловский және т.б.), еңбектерінде орын алған .

В.М. Казакевичтің басқаруымен қазіргі тұрғыда жалпы орта білім институты Ресей білім академиясында «Технология» зертханасы жұмыс істеуде.

Ғылыми әдебиет және кәсіптік бағыт бойынша ғалымдардың еңбектерін талдау барысында, болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының дидактикалық тұрғыда дайындық мәселесін әлде де жетілдіру жолын қарастыру қажет.

Осы тұрғыда көкейкесті мәселеге байланысты біздің зерттеу тақырыбымыз «Болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының кәсіби дайындығын сапалы жетілдіру мәселесі» таңдауымыз осыдан:

Зерттеудің мақсаты кәсіптік оқыту ұстаздарының бойында кәсіптік-технологиялық біліктілік пен дағдыны қалыптастырудың теориялық негіздемесі мен әдістемесін жасау және тәжірибеде тексеру.

Зерттеу міндеттері:

1. Қазіргі ғылыми-техникалық прогрестің даму тенденцияларын болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының технологиялық дайындығына әсерін айқындау.

2. "Технология", "Жалпы технологиялық біліктілік пен дағдылар", "Кәсіби-технологиялық біліктілік пен дағдылар" ұғымдарының мәнін нақтылау.

3. Болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының кәсіби-технологиялық біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру үлгісі мен мазмұнын негіздеу.

4. Педагогикалық процесінде болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының бойында кәсіби – технологиялық біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру әдістемесін жетілдіру.

Жоғарыда баяндалған мәселелердің теориялық және практикалық нәтижесінде мынандай қорытындылар жасауға болады.

Зерттеу жұмыстың бірінші кезеңі қазіргі кезеңдегі кәсіптік білім беру мазмұнын қарастыра отырып келесі мәселеге тоқтауға болады.

Орта кәсіптік колледждерде кәсіби білім беру дегеніміз инженер-педагогикалық ұжым мен оқушылардың бірлескен іс-әрекеті, олардың теориялық білім негіздерін, тәжірибелік қабілеттері мен кәсіби дағдыларын қалыптастыру. Сонымен қатар белгілі бір кәсіп саласы талап етіп отырған біліктіліктер деңгейін қалыптастыру [3, 234 б].

5B012000-Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша студенттеріне элективтік курс «Кәсіптік оқыту әдістемесі» пәні оқылады. Бұл курстың мақсаты - білімгерлерді болашақ педагогикалық қызметке дайындаудың әдістемелік негізін қалау, қажетті білім, іскерлік және дағдысын қалыптастыру [4, 85 б].

Зерттеу жұмыстың екінші кезеңі, кәсіптік білімге оқыту әдістемесі кең түрде қарастырылды, бұл жерде кәсіби оқыту принциптері оларды жүзеге асыру ерекшеліктері, ол мына қағидалар:

Кәсіптік оқу орындарының, оқу үрдісінде қолданылып жүрген жалпы дидактикалық қағидалар мыналар: оқытудың ғылымилығы мен қол жетімдігі, оқытудың көрнекілігі және ғылыми-техникалық ойлаудың дамуы, кәсіптік оқыту ұстаздарының басшылығы негізінде білімгерлердің саналы шығармашылық әрекеті, оқытудың жүйелілігі мен бірізділігі, жеке тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу, теорияның ғылыммен, тәжірибемен және өндіріспен байланысы, білім, білік және дағдының берік орнығуы. Осы жалпы қағидаларды қарастыра келіп арнайы қағидалар зерттеу жұмысымызда кеңінен орын алды.

Жалпы техникалық пәндерді игеруде кәсіби бағыттау қағидасы, оқу материалдарын игеруде технологиялық бірізділік қағидасы, кәсіби жұмылдыру қағидасы, кәсіби оқытудың модульдік қағидаларына мән берілді [5, 234 б].

Кәсіби оқыту әдістері де кеңінен қарастырылды. Әдіс - білім беру, тәрбиелеу және дамыту барысында белгіленген мақсатқа жетуді қамтамасыз етуге, ғылымда зерттеуді жүзеге асыруға көмектесетін тәсіл, алға қойған міндеттерді шешу үшін ұйымдастырылған адамдардың ұжымдардың іс-әрекетінің бір жолы. [6, 37-39 б].

Оқыту әдістері деп оқу-тәрбие мақсаттарына жетуге бағытталған мұғалім мен оқушылардың өзара байланысты іс-әрекеттерінің тәсілдері.

Кәсіби оқытуды ұйымдастыру формалары зерттеу жұмыста орын алды. Кәсіби оқытуды ұйымдастыру деп оқытушымен білімгер арасындағы, сабақ кезінде, топқа бөлінгенде не жұмыс орны мен өндіріс орнында оқыту кезінде жүргізілетін іс-шараларды айтады. Зерттеуде сабақтың түрлері және оның дидактикалық құрылымы мен, кәсіптік білім саласындағы педагогикалық технологиялар орын алды [7, 63 б].

Зерттеу жұмыстың үшінші кезеңі, кәсіптік оқыту үрдісі жоспарлау мен нормалау мәселесін кең түрде қарастырылуы бекер емес, себебі оқу процесі практикалық болып саналады, мамандық игеру барысында. Осыған байланысты, кәсіптік оқыту ұстаздарының сабақтарын жоспарлау, оның сабаққа дайындалу жұмыстарының ерекшеліктері орын алған, және де оқу жылына дайындық процессін жоспарлау зерттеуде кең орын алған.

Оқу процесін жоспарлауда, негізгі дидактикалық міндеттерді шешеді. Оқу процесін материал және инструменттермен, жабдықтармен қамтамасыз ету. Шеберхананың жұмыстарын еңбек нысандарына байланысты жоспарлау кезде бір - бірімен ұштастыру мәселесін тыс қалдырмау. Тоқсан, жарты жылдық, жылдық қорытынды бойынша оқу бағдарламасының орындалуын қамтамасыз ету. Тәжірибелік жұмыстарды нормалау мен оқу жұмыстардың тізімін құру. Білімгерлердің іскерліктері мен дағдыларын бақылау, бағалау және есепке алу. Жалпы зерттеуде жоспарлау мен нормалау мәселесі оқу процесінде алар орнының ерекшеліктері жарияланды.

Зерттеу жұмыстың төртінші кезеңі, қазіргі нарық заманында болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының дидактикалық дайындығы қандай болу керек мәселесі орын алды. Кәсіптік оқыту ұстаздарының зертханалық жұмыстарының дидактикалық функциялары қарастырылды.

Зертханалық жұмыс дидактикалық қағидалардың бірі - теорияны тәжірибемен біріктіру қағидасы қамтамасыз етуі, жұмыстардың тәжірибелік, ой қабілетін, профессионалдық сенімділік дамытудың маңызы зор.

Кәсіби пәндердің оқытудың әдістемелік негіздері зертханалық-тәжірибелік жұмыстары (№1-10жұмыс) үлгісі берілді. Атап айтатын болсақ арнайы пәндер бағдарламасының талдауы және әдістемелік оқулық әдебиеттік зерттеу. Шеберхана жұмыстарын ұйымдастыруымен және жабдығымен танысу.Бағдарлама бойынша, мұғалімнің жұмысы және күнтізбелік-тақырыптық жоспарын құру жолдары қарастырылды. Оқу тәрбиелік міндеттерін және сабақ мақсаттарын анықтау, кіріспе, ағымдағы және қорытынды нұсқаулардың мазмұнын өңдеуден өткізуінің әдісі, сабақ өткізудің оптималдық әдісін іріктеу мәселелері де қарастырылды.

Мұғалімнің сабаққа дайындалуы, ағымдағы сабақты жоспарлау, сабақтың жоспар-конспектісін құру, бұйым, бөлшектер және олардың элементтерінің технологиялық және нұсқау картасын құрастыру әдістемесі, сабақтың талдауын және жоспар-конспект орындау әдістемесінақты көрсетілді [8, 234 б].

Қазіргі болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының дидактикалық дайындығы қандай болу керек мәселесі шешімі зерттеуде орын алды.

Зерттеудің ғылыми, теориялық және тәжірибелік маңыздылығы.

Нарықтық қатынас жағдайында болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының кәсіби- технологиялық біліктілік пен дағдыларын жүйесін қалыптастырудың қажеттілігі дәлелденді және негізделді. Педагогикалық процесінде болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарының зертханалық-тәжірибе жұмыс арқылы кәсіби-технологиялық біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру әдістемесі негізделді.

Зерттеу жұмыс болашақ кәсіптік оқыту ұстаздарын дайындауда және педагогикалық мамандықтар бойынша оқытын білімгерлер үшін аса қажет. Теориялық қорытындыларды, тәжірибелік ұсыныстарды кәсіби педагогикалық кадрларды дайындау жүйесінде пайдалануға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Верещагина Н.О., Гладкая И.В., Глубокова Е.Н. Развитие компетентности будущего педагога в образовательном процессе современного вуза и др.:Практико-ориентированная монография. – СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2016. – С. 21-23*
- 2. Абазовик Е.В. Особенности профессиональных стандартов подготовки учителей в Англии / Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена, Санкт-Петербург katty.abazovik@mail.ru*
- 3.Васильев И.Б. Профессиональная педагогика: конспект лекций для студентов инженерно-педагогических специальностей. В 2-х частях. - Харьков, 2003. - 4.2. - 175 с.*
- 4. Профессиональная педагогика:/Под ред.К.Устемирова.-Алматы,2005. -432 с.*
- 5. Устеміров К. Кәсіптік оқыту әдістемесі-Алматы. РадиАл. 2006 жыл. 240 бет.*

6.Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы. – Астана.

7.Өстеміров К., А.Айтбаева. Қазіргі білім беру технологиялары. - Алматы, АГТУ баспасы. 2006 ж. 108 бет.

8.Профессиональная педагогика: Учебник для студентов, обучающихся по педагогическим специальностям- М.: Ассоциация «Профессиональное образование», 1997. - 512 с.

ӘОҚ 378.02:37.035.3

А.А. Курманбаев¹, М.Б. Мухашева², А.Кунбосын³

¹педагогика ғылымдарының кандидаты, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ, Қазақстан

² оқытушы, магистр, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ, Қазақстан

³ оқытушы, магистр І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Талдықорған қ, Қазақстан

ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚОЛӨНЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада, мектепоқушыларын көркем еңбек сабағында халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу, туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, салт-дәстүрін меңгерту жолдары қарастырылады. Қолөнер бұйымдарын жасаудың әдістемелік-теориялық негіздері мен тәсілдері жалпы білім беретін мектептерде, көркем еңбек сабақтарына ұсынылады. Қазақ ұлттық қолөнерінің мазмұнын, ерекшеліктерін, тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін айқындау мен оларды оқушылардың жасаған бұйымдарына даярлаудың педагогикалық шарттарын анықтау және сол бойынша ғылыми-әдістемелік нұсқаулар әзірлеу. Қазақтың дәстүрлі қолөнері негізінде оқушылардың практикалық шығармашылық іс-әрекеттерде, ғылыми тұрғыда жетілдіру қажеттілігімен және дәстүрлі өнердің негізінде оқушылардың іскерлік талғамын қалыптастыру процесінің тиімділігін қамтамасыздандыратын педагогикалық шарттарды жасаумен айқындалды.

Тірек сөздер: ұлттық тәрбие, тіл, дәстүр, мәдениет, ұлттық бұйым, тұрмыстық бұйым, қастерлеу, дәріптеу, қолөнер, жаңа технология, зерттеу

А.А. Курманбаев¹, М.Б. Мухашева², А.Кунбосын³

¹ кандидат педагогических наук, Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова. г. Талдықорған, Казахстан

² преподаватель, магистр, Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова. г. Талдықорған, Казахстан

³ преподаватель, магистр Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова. г. Талдықорған, Казахстан

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ И ПРАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРЕПОДАВАНИЯ ТРАДИЦИОННЫХ КАЗАХСКИХ РЕМЕСЕЛ

Аннотация

В данной статье рассматриваются пути воспитания школьников на уроках художественного труда к основам народной педагогики, привития чувства гордости и уважения к родному народу, привития национального духа, овладения обычаями и традициями. Предусматривает теоретико-методические основы и способы изготовления национальных изделий на занятиях художественным трудом в общеобразовательных школах.. Определение содержания, воспитательных возможностей казахского национального ремесла .и определение педагогических условий учащихся и разработка научно-методических указаний по ним. На основе традиционных казахских ремесел заключается в создании педагогических условий, обеспечивающих эффективность процесса формирования у учащихся творческой деятельности.

Ключевые слова: национальное воспитание, язык, традиции, культура, национальные изделия, предметы быта, почитание, популяризация, ремесла, новые технологии, исследования

А. А. Kurmanbayev ¹, М. В. Mukhasheva², А. Kunbosyn ³

¹ *candidate of pedagogical Sciences, Zhetysu state University. After I. Zhansugurov. Taldykorgan, Kazakhstan*

² *teacher, master, Zhetysu state University. After I. Zhansugurov. Taldykorgan, Kazakhstan*

³ *teacher, master Zhetysu state University. After I. Zhansugurov. Taldykorgan, Kazakhstan*

THEORETICAL AND PRACTICAL BASES OF TEACHING TRADITIONAL KAZAKH CRAFTS

Abstract

This article discusses the ways of educating students at the lessons of artistic work to the basics of folk pedagogy, instilling a sense of pride and respect for the native people, instilling the national spirit, mastering customs and traditions. Provides theoretical and methodological foundations and methods of making national products in the classroom art work in secondary schools.. Determination of the content, educational opportunities of the Kazakh national craft .and the definition of pedagogical conditions of students and the development of scientific and methodological guidelines for them. On the basis of traditional Kazakh crafts is to create pedagogical conditions that ensure the effectiveness of the process of formation of business taste of students on the basis of traditional art and the need for scientific improvement, practical creative activity of students.

Keywords: national education, language, traditions, culture, national products, household items, veneration, popularization, crafts, new technologies, research

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі даму кезеңіндегі қоғамның түрлі сфераларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарлауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік ұйымдастырушылық және моральдік – психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік міндет болып табылады өйткені оқу, тәрбие жүйесіндегі әртүрлі бағыттар кейде бір-бірімен қайшы келіп қалып жүр. Соның ішінде ұлттық ерекшелік ескеріле бермейтіні анықталды.

Тарихқа зер салып қарасақ, ағарту ісінің түрлі даму кезеңдерінде педагогикалық ой-пікір үнемі халықтық педагогикаға жүгініп отырғанын байқаймыз. Қазіргі оқу тәрбиесінде дағдарыстан шығу жолында біз осы халықтық педагогикадан іздегеніміз абзал [1,14 -б.].

Еліміздің егемендікке ие болып, Қазақстан өз алдына мемлекет мәртебесіне жетіп бүгін әлемге, жер жүзіне өзінің елдігін, саясатын танытатын шаққа жетіп отыр. Елімізді танытып, оны жетілдіріп, дамытатын жас ұрпақ. Сондықтан да, егеменді еліміздің болашағы жас

жеткіншектен білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Халық педагогикасы бұл – ұлттық қазына кең өріс. Қазақтың ұлттық қолданбалы қолөнеріндегі мәдени мұралардың тәрбиелік көз, оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеудің қажеттілігін қалыптастырады.

Түйін сөздер: шығармашылық, құзыреттілік, қабілет, мативация, педагогикалық іс-әрекет, ойлау, қызығушылық, тұлға.

¹Ж.А. Шажбаева, ²Е.А. Иманбакиев

¹Магистр-преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казакстан

²Магистр-преподаватель, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казакстан

ФОРМИРОВАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ НА УРОКАХ ЖИВОПИСИ

Аннотация

В этой статье одной из основных целей образования является подготовка специалистов к творчеству. Потому что в современном обществе «исполнитель» доказал, что сегодня существует большой спрос на «творческого» человека. Примечательно, что творчество имеет дело не только с умом ума, но и с его характеристиками ответственности, такими как свобода и

настойчивость мысли, предположение о самоуверенности и надежность ее. Развитие творческих способностей - это стремление к самореализации реальной жизни человека. Чтобы иметь возможность найти правильный путь в жизни, вам нужно научиться правильно, думать, принимать правильные решения, развивать и отказываться от способностей ребенка, помогать укреплять духовную силу и самопознание студента.

Ключевые слова: креативный, компетентность, способности, мотивация, педагогическая деятельность, мышления, интерес, человек.

¹Zh. Shazhabaeyeva, ²Y.A. Imanbakyev

¹Magister-teacher, KazNPU name of Abai, Almaty, Kazakhstan

²Magister-teacher, KazNPU name of Abai, Almaty, Kazakhstan

FORMATION OF CREATIVE COMPETENCES OF STUDENTS AT PAINTING LESSONS

Abstract

Key words: creative, competence, ability, motivation, pedagogical activity, thinking, interest, person.

Бірінші Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – делінген болатынын біз білеміз. [1].

Елдің экономикалық өміріндегі өзгерістер кәсіби ұтқырлық деңгейін жоғарылату, кәсіби қызметтегі мамандардың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың сапалы болуды талап етеді. Сондықтан қазіргі таңдағы білім берудің міндеті – ғылым мен тәжірибенің жетістіктері негізінде алынған білімді нақты жағдайда сауатты пайдалана алуды меңгерген, өздігімен дұрыс, тиімді шешімдер қабылдауға қабілетті, қоғам мен өз мүддесін ұштастыра отырып, өзін-өзі дамытуға бейімделген, кез келген ортада өмір сүруге қабілетті жастарды қалыптастыру болып табылады. Білім берудің мазмұнын жетілдіре отырып, үздіксіз білім беру арқылы оларды кәсіби тұрғыдан жан-жақты жетілдіру мәселесі бүгінде күн негізгі мақсатымыз екенін көріп отырмыз. Осы орайда бүгінгі күні «құзыреттілік» ұғымының мағынасы оқыту үдерісінде білімді қолданудың негізгі нәтижесі ретінде қарастырылуда. Қазіргі жағдайда, таңдаған мамандықтың негізінде көркем мәдениеттің дәстүрлерін жаңғыртуға және сақтауға, қабілетті және шығармашылық ұстанымы бар жастарды шығармашылыққа баулып даярлау қызметі міндетті болып тұр. Біздің саладағы кескіндеме өнерінің суретшісі шығармашылық және орындаушылық шеберлігінен, өндірістік және технологиялық қызмет сияқты, кәсіби құзыреттілікке ие болуы керек.

Айтып отырғанымыздай құзыреттілік сөзіне тоқтала кетсек. «Құзыреттілік» сөзін американдық ғалым Н. Хомский 20 ғасырдың ортасында енгізген болатын. «Құзыреттілік» сөзі кең мағынада «қабілетті», «жетік», «біліктілік», «әдет», «талап қою» деген ұғымдарды қамтиды.

Отандық бәләм беру саласындағы құзыреттілік бағыт Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында және 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында кеңінен талқыланған. Кейінірек Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында жан-жақты қарастырылып жоғарғы оқу орындарын бітіруші жас мамандардың білімділік деңгейлерне байланысты қойылатын талаптар ретінде анықталған. Құзыреттілік – білім алушылардың әртүрлі іс-әрекеттер түрлерін

меңгерумен анықталған білім беру нәтижесі. Ш.Т. Таубаева жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттардың құзыреттілік форматында жасалуын зерттеу барысында құзыреттілік ұғымының мазмұнын ашуда оның 3 түсініктемесін атап көрсеткен. Олар:

1. Өзінің ішкі әлеуетін іске асыруға қабілетті (даярлығы) мен ынталылығы (мотивациялық аспект);
2. Табысты шығармашылық іс-әрекет үшін практика жүзінде байқалған өзінің білім, іскерлік, тәжірибесін іске асыра алу қабілеті (когнитивтік аспект);
3. Өз іс-әрекет нәтижелерінің әлеуметтік маңыздылығын және жеке жауапкершілігін түсінуі, оны үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігін ұғынуы (құндылық аспект);[2, 122-124 б].

Бұл кең мағынада анықталып кеткен құзыреттілік мазмұны біздің саладағы студенттердің де бойына қалыптастыруымыз қажет. Яғни кескіндеменің практикалық сабақтарында өзінің сабаққа деген даярлығымен келіп, бар ынтасымен сабақты түсініп, алған білімін практикалық жұмыс барысында көрсете білуі керек. Құзыреттілік – бұл алған білімдері мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігін айтады. Құзыреттілік – студенттердің іс-әрекетін меңгеруден көрінетін білімнің нәтижесі. Білімнің мазмұнын жаңарту – негізгі мақсат болып табылады. Басты мақсаттың бірі – білім игеру кезінде күтілетін нәтижеге қол жеткізу. Негізгі бағыт мұғалім жеке тұлғаға ауысады, яғни, жеке тұлға бұрын білімді қабылдаушы рөлін атқарса, ал жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, үйренуші ретінде танылады. Сондықтан жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындауымыз керек.

Ол үшін мұғалімдерде педагогикалық іс-ірекет, яғни білім алып отырған студенттерді оқытып, тәрбиелеп, өздерін жан-жақты дамытуға, шығармашылық тұрғыдан өздерін еркін ұстай отырып таныта алуларына барыншы мүмкіндік жасауға бағытталған кәсіби іс-ірекеттің болуы шарт. Кәсіби іс-ірекеттің негізгі компоненттері мақсат, міндет, құрал, әдістер, мазмұн, тапсырма, нәтиже болып табылады. Сол себепті мұғалім алдында отырған студенттердің әртүрлі қабілеттері мен қызығушылығын, мінез құлқы мен қабылдау түсінігін теңестіре отырып бір көзқараста қарап студенттерді тәрбиелейді. Олай болса, қазіргі кезеңдегі мұғалімнің міндеті – оқытудың шығармашылық сипатын күшейту және мақсатты білім беру дейге болады.

Қазіргі таңда білім берудің басты мақсаты бірі мамандарды шығармашылыққа дайындау. Өйткені бүгінгі қоғамда «орындаушы» адамнан гөрі «шығармашыл» адамға деген сұраныстың көп екендігін қазіргі өмір дәлелдеп отыр. Өйткені шығармашылықпен айналысуда адамның тек ақыл ойы ғана емес, сонымен қатар оның бастаған жұмысты соңына дейін жеткізе отырып, ойдың еркіндігі мен табандылығы, болжам жасай отырып, өзіне деген сенімділігі сияқты жауапкершілікті қасиеттері маңызды орын алады.

Шығармашылық – адамның өзіндік және белсенді іс-әрекетінің жоғарғы формасы ретінде түсіндіріліп, өзінің әлеуметтік маңыздылығымен және жаңашылдығымен бағаланады. Шығармашылық процесс әрқашанда көпшілікке белгілі қалыптасқан білімдер жүйесінен ерекшеленуімен, бір құбылысқа жаңаша көз қарасты қалыптастырумен. Бірі біріне ұқсамайтын құбылыстар арасындағы ұқсастықтарды анықтай алуымен, мәселелерді шешуде тиімділігімен құнды);[2, 136 б].

Яғни шығармашылық әр адамның өзінің ізденімпаздығынан туындайтын өзіне деген сенімділік. Ал сенімділік тек жақын адамдар ғана арасында ғана емес, қоғамдық деңгейде, әлемдік шеңберде де көрініс алады. Адамның өз-өзіне, өзгелерге сенім білдіруі оның өмірге деген үміті мен қызығушылығын арттырады. Өзіне өзі сену адамның өз құндылығын түсініп, мақсат – мүддесіне жетуіне көмектеседі. Ұлы ақын Абай атамыздың «Өзіңе сен, өзіңді алып шығар» деген даналығы бізге арқау болады. Бұл жерде студенттің өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қабілетін іздете білу, өмірде өз орнын тапқыза білу қаншалықты қиын екенін түсіндіру. Шығармашылыққа баулу студент бойындағы талант көзін ашып, тілдік қорын байытып, ойлау, іздену сияқты психологиялық категорияларын қалыптастырып, оқушының дамуына өзіндік әсерін тигізеді.

Студенттердің қазіргі қоғамдағы жалпы білім беру қызметіне жаңаша қарау, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралау, шығармашылық қабілетін дамытуды, сабаққа деген қызығушылығын арттыруды, оқытудың озық технологияларын меңгеруді талап етеді. Студенттерге кескіндеме өнерінің туындыларын, көркемдік ерекшеліктерін таныстырудың әдіс-тәсілдерін, саяси идеялық, эстетикалық тәрбие берумен қатар кескіндеме, бейнелеу өнерінің ұғымдарын қалыптастыруға ықпалын тигізіп отыруымыз қажет. Сондықтан өнер шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін таныстырудың әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, сабақ беру әдістемесін дамыта түсу қазіргі бейнелеу өнерін оқыту саласындағы қажеттіліктің бірі. Қандай өнер шығармасын алсақ та оның идеялық мазмұны, композициялық құрылысы, істер үйлесімділігі, орындау техникасы болады. Алдымызда отырған әр студенттің өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады.

Студенттердің рухани жан дүниесі бай болуы үшін ең алдымен көркем өнерлік сана дамуының ерекше маңызы бар. Білім алушылардың кескіндеме өнеріне деген қызығушылығын оятып, эстетикалық сезім мен көркемдік талғамды қалыптастыруға, жалпы адамзаттық өнер құндылықтарын ажырата білуге, өнердің шын мағынасын түсініп, оны өмір қажеттілігіне жарата білуге бейімдеу аса қажеттілікті талап етеді.

Кескіндеме өнерін оқыту барысында студенттердің өздігімен жұмыс істеуі мен белсенділігі дамуы үшін бірнеше талаптарды ескеруіміз қажет. Мысалы, мұндай талаптардың бірі – бейнені немесе натюрмортты салуды өз деңгейінде шебер ұғындыру, олардың салыну кезеңдерін айқын көрсету, салынатын нұсқауға өз беттерінше талдау жасатып, оның ерекшеліктерін айқындата отырып түсіндіру. Бұл дегеніміз студенттердің бар зейінін өтілетін сабаққа шығармашылық ойлауын белсендіре отырып, жазылатын бейнеге немесе натюрмортқа көңіл бөлгізіп жұмылдыра жұмас жасату. Яғни өзінің шығармашылығы арқылы мұғалім әр сабақта студенттерді үнемі шығармашылыққа баулып отыру керек. Бұл айтылып отырған оқыту тәрбие үрдістерінде мұғалімдердің тікелей шығармашылығына байланысты дейге болады. Өз сабақтарына немқұрайлы қарамай, керісінше өз ісін бар ықыласымен сүйіп, әр студентінің жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына тиімді жағдай жасай алуы. Әр сабақты барынша қызықты да тиімді, тартымды өткізуі.

Қорыта келе, студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту дегеніміз адамның өмір шындығына өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі болып табылады. Өмірде дұрыс жол таба білу үшін дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі керек, баланың бойындағы қабілеттерінің дамытып, олардың өшуіне жол бермеу баланың рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі.

К.Құдайбергенова: Тұлға құзырлығын қалыптастыру жолдары: білім беру жүйесіндегі жүйеге кіретін бала жүйеден шыққанда түлек болады; тұлғаның ұжымға енуі арқылы әлеуметік-психологиялық сипаты көрінеді,- деп тұжырымдайды [3].

Қай заманда болмасын есті де еңбек сүгіш, қайырымды ұрпақ тәрбиелеу адамзаттың асыл парызы саналған. Жас ұрпағын дүниеге көзі ашық, айналасындағы тіршілікке зер салып, таныммен қарауға тәрбиелеген. Өз кезінде ғасырлар бойы қолданып, сұрыпталып, тұрмыс, өмір тәжірибесі сынынан өткен салт-дәстүрімізді бала тәрбиелеу құралы, әдіс-тәсілі ретінде пайдаланылған. Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу мұғалімдерге зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Білімгерлердің шығармашылығын дамыту ісі үздіксіз жүргізіле бермек. Бұл қоғам талабына сай туындайтын қажеттілік. Ұлт данышпандары арқылы ұлы мақсаттарға жетеді.

М. Әуезов атамыздың даналық сөзімен аяқтасақ: «Қай істің болсын өнуіне үш түрлі шарт бар. Ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, одан соң тіртіп керек».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы 2012 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының ел халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі даму стратегиясы
2. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті ұстаздарды даярлау негіздері: Оқу құралы.-Алматы: 2015.-240 бет.
3. Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критеріі. Алматы, 2008.
4. Қосымша интернет көздері.

Ибатбеков Ә.

Абай атындағы ҚазҰПУ 7М02124-

Полиграфия мамандығының 1 курс магистранты

КӨРНЕКТІ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ФОТОСУРЕТТІ АЛЬБОМЫН ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада кітаптың шығу тарихы, түрлері мен кітап графикасына тоқтала отырып, кітаптың безендірілуін заманауи компьютерлік бағдарламалармен орындау жолдары айтылады. Мысалы: Adobe Photoshop, CorelDRAW, Adobe InDesign, Adobe Illustrator.

Түйін сөздер: библиография, кітап, компьютерлік графика, баспа ісі.

Ибатбеков А.

магистрант 1 курса КазНПУ им. Абая

по специальности 7М02124-Полиграфия

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ И ОСОБЕННОСТИ СОЗДАНИЯ ФОТОАЛЬБОМА ИЗВЕСТНЫХ ЛЮДЕЙ

Аннотация

Эта статья охватывает историю книги, как сделать оформление книги современными компьютерными программами, уделяя особое внимание истории книги, ее типам и графике. Например: Adobe Photoshop, CorelDRAW, Adobe InDesign, Adobe Illustrator.

Ключевые слова: библиография, книга, компьютерная графика, издательство.

Ibatbekov A.

KazNPU named after Abai, 7M02124-Specialty:

polygraphy, magister of the 1 course

THEORETICAL FOUNDATIONS AND FEATURES OF CREATING A PHOTO ALBUM OF FAMOUS PEOPLE

Abstract

This article covers the history of the book, how to make the design of the book modern computer programs, focusing on the history of the book, its types and graphics. For example: Adobe Photoshop, CorelDRAW, Adobe InDesign, Adobe Illustrator.

Keywords: bibliography, book, computer graphics, publishing house.

Кітаптың шығу тарихы Кітапнама (немесе Библиография) (көне грекше: *biblion* – кітап және көне грекше: *graphein* – жазу) – баспа өнімдері жөнінде ақпараттық мағлұмат беріп, оларды жүйелі насихаттайтын ғылыми-практикалық қызметтің бір саласы. Ол кітаби мұраларды, библиография тарихын, теориясын, библиография қызметті ұйымдастыру жолдарын зерттейтін ғылыми пән ретінде де қолданылады. Баспа өнімдерін іріктеп, оларды жүйелі түрде саралау, ғылыми сипаттама беру және қысқаша мазмұнын ашу арқылы библиография ғылыми мен мәдениет дамуының деңгейін айқындауға көмектеседі, ғылыми-зерттеу жұмыстарына бағыт сілтейді, белгілі бір ғылыми қағидаларды, саяси, философия және эстетика көзқарастарды, техника жетістіктерді таратуға мүмкіндік туғызады 105- жылы, яғни біздің заманымыздың II ғасырында қарапайым Қытай шебері Цой Лунь қағазды ойлап тапты. Ескі шүберектен жасалған Самарқанның сарғыш қағазы әлемге әйгілі болды. XIII ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа қарай тартады. Баспа кітап өнерінің тууы-кітаптың дамуына кең жол ашты. Алғашқы ағаш баспа қалыбы XI ғасырда пайда болды. 1045 жылы Чин өнерпазы Би-Шен құймалы әріптерді жасап шығарды.

Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римдеқыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 5-ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына қамыс (папирус) қолданылды. Біздің заманымыздан бұрынғы 7-ғасырда қамысқа кітап жазу ісі Грекия мен Римде кең өріс алды. Осыған байланысты кітапты көшіріп жазуға машықтанған көшірушілер мен қолжазбаны көркемдеуші суретшілер пайда болды.

Осыған орай, Еуропада қолжазба кітап қауырт өркендеп, түрліше әріптер, бас тақырыптар (айдарлар) қолданыла бастады. Кітап мұқабалары алтын, күміс, т.б. металмен өрнектелді. 15-ғасырдың ортасында неміс өнертапқышы Иоганн Гутенбергтің баспа қалыбын ойлап табуына байланысты, жылжымалы құйма қаріппен құйылатын баспа кітап пайда болды. Осы заманғы кітап — мұқабаға дәптерлер түрінде өзара тіркестіріліп бекітілген кітап блогі үлгісінде жасалады. тап пен кітапхана туралы қызықты деректер Қай елдің, қай халықтың болмасын оның мәдени деңгейі, сауаты, әрине, кітаппен байланысты. Америка Құрама Штаттарында халықтың тең жартысы кітап оқымайтын көрінеді. Соның да салдары шығар, сұрақ-анкета нәтижесіне үнілгенде студенттердің 40 пайызы Израиль - араб елдерінің бірі деп жауап берген. Франклин Рузвельт АҚШ-тың Вьетнам соғысы кезіндегі президенті деп түсінеді екен. Ал сол студенттердің тең жартысы Черчилльдің кім екенін білмей шыққан. Кітап оқудың ұлт болашағы үшін маңызы зор. Білімсіз қоғам ешқашан да өрге басқан емес. Кітаптың шығу тарихы өте ертеден басталады. Әр ел жазбашаға өзінше жолмен келген, жазуға әр түрлі құрал пайдаланған: тас, сүйек, ағаш, металл, жібек, тері, жүгері сабақтары. «Кітап» сөзі славянның «књигы» деген сөзінен шыққан, ол әріп пен хат дегенді білдіреді. Ежелгі заманда жазуға ТАС пайдаланылған. Сол заманның суретшілерінің суреттері алғаш үңгір қабырғаларынан табылған. Зандар, патша есімдері, естеліктер жақпар тастарда, бағандарда, құздарда жазылған. Қыш- ең көне кітаптар. Сазбалшықтан арнайы тақтайшалар құйылып, оның жұмсақ бетіне үшкір қаламшалармен жазу жазылды. Олар кептіріліп, арнайы пештерде күйдірілді де, белгілі бір ретпен текшеленіп жиналды. Міне осылайша қыш кітаптар дүниеге келді.

Лондонның мұражайында ұзындығы 40 метрге дейін баратын орама кітап сақталған. Бұл орамада ежелгі Шығыс, Греция және Рим елдерінің тарихи құжаттары, ғылыми еңбектері, әдеби шығармалары жазылған. Б.э.д. 2 ғасырда Кіші Азиядағы Пергам патшалығының шеберлері жануарлар терісінен жазу жазатын жаңа материал әзірледі. Ол сол патшалықтың атымен «Пергамент» деп аталды. Сөйтіп пергаментке, яғни жарғақ теріге жазылған кітаптар дүниеге келді.

Ежелгі Русьте қайың қабығына, яғни БЕРЕСТ-ке жазған. Қайың қабығына жазылған белгілерді белбеулерге бекіткен. Б.э.д. 2 ғасырында тұңғыш рет Қытай елінде қағаз жасалынды. Оны Цай Лунь ойлап тапты. Бұл ең арзан материал болып саналды. 800 жыл бойы Қытай халқы қағаз шығаруды құпия сақтаған. Кітап іші әдемі суреттермен көркемделіп, мұқабалары алтын, күміс және басқа бағалы металдармен әшекейленді. Мұндай қолжазба кітаптардың саны өте аз,

бағасы аса қымбат болды, Алтын кітапты американдық геологтар Шри-Ланкадан тапқан. Оның беттері таза алтыннан жасалынған. Кітапта ежелгі үнді поэмасы қашап жазылған. Балгарлық ұста Ангел Костов Враца мекенінде салмағы 4 кг тартатын темір кітап жасаған, форматы 18×22 см. Оның 22 бетінде әлемге әйгілі әзілдер және мақалдар жазылған.

Кітап графикасы - графиканың бір саласы. Кітап графикасына кітапты иллюстрациялау мен құрылымын үйлестіру (мұқаба, ішкі беті - титул және кітаптың басқы беттерін безендіру, т.б.) жатады. График, безендіру мәтіндік материалдарды толықтырып, кітап құрылыстың макетін құрайды. Кітап графикасы Қазақстанда 1920 - 30 жылдары қалыптаса бастады. 1950 - 80 жылдары кітап графикасы жаңа белеске көтерілді. Жаңадан құрылған ("Мектеп", "Жалын", "Өнер") баспалары басылымдарында көптеген суретшілердің график, еңбектері ұтымды пайдаланылды. Басылымдардың сапасы артып, жақсаруы график, күрделі тәсілдерді (линогравюраны, офортты, литографияны) игеруге мүмкіндік туғызды. Осы кездегі кітап графикасы ісіне тікелей қатысты суретшілердің туындыларында шығарма тақырыбын талдап, мазмұнына терең мән беру бағыты байқалады. 1970-80-жылдардағы басылымдарды безендіруде И.Исабаев ("Абай лирикасы", 1977); А.Рахманов (У.Шекспирдің "Сонеттері", 1978); А.Бейсембинов ("Эзоп мысал-мақалдары", 1978); В.А. Григорьев, М.Қисамединов (Гетенің "Фауст" поэмасы, 1980), т.б. зор еңбек етті. Қазақстан графиктері безендірген басылымдар халықар, бүкілодақтық, республикалық кітап көрмелеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Жаңа компьютерлік технологияның енгізілуіне байланысты 1990 жылдардан бастап кітап графикасы ісінде елеулі өзгерістер пайда болды. Басылымдарды дайындау мерзімі қысқарып, кітап безендіру ісінің мүмкіндіктері ұлғайды. Түстер диапазонының кеңеюі (16 млннан астам реңк), оларды бөлу құралдарының көп түрлілігі, арнайы компьютерлік бағдарламалар мен жоғары сапалы принтерлер көркемграфика мен шығарма композициясындағы үйлесімділікті күшейтіп, суретші ойының неғұрлым дәл берілуіне ықпал етті. 2002 жылы безендіру бойынша Жапонияда өткен кітап байқауында А.Мендібайдың "Қазақ ертегілері" жинағыш жасаған иллюстрациясы қола медальға ие болды.

Қазіргі заманда кітаптың ішкі мазмұны, көркемдігі, безендірілуі, ішкі-сыртқы сапасы, ең бастысы грамматикалық және техникалық қателері көптеп кездеседі. Мәселен, соңғы уақытта сергек сын мен биік талаптың жоқтығынан, жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай қаптап кеткен сапасыз кітаптардың ішкі мазмұны көзіқарақты оқырмандарды теріс айналдыратыны шындық. Рухани құндылықты емес, материалдық табысты қуған жеке баспалардан шыққан сапасы сын көтермейтін кітаптардағы түрлі қателерді, тіпті, балаларға арналған суретті кітапшалардың безендірілуі сын көтермейді.

Кітап – адамзат тарихының сан ғасырлық ақыл-ой, парасатының, жеткен жетістіктері мен ашқан жаңалықтарының, барлық көрген-білген, көңілге түйген жақсы-жаман іс-әрекеттерінің жиынтық үлгісі. Бүгінгі болашаққа тағы да осы кітап бетінде жол тартпақ. Ендеше, адамзатты рухани сусындататын, қараңғының көзін ашып, білмегенге жөн сілтейтін кітап қандай болуы керек. Жиырма бірінші ғасыр сыйлаған жетістіктері бар құндылықтар өзіне дейінгі кітаптардан несімен ерекшеленбек. Сонымен, кітапқа қойылар екі басты талапты өзімізге нысана етіп алуымыз керек. Оның біріншісі – кітапқа қойылар техникалық талаптар болса, екіншісі – көркемдік талаптар болмақ. Жаһандану кезеңі мен жаңалықтар тасқынына ілесу үшін техникалық және көркемдік сапасы озық кітап шығара білу – дәл қазіргі қоғам үшін өте өзекті мәселе.

Елдің әл-ауқаты жақсарған соң мемлекет мәдени бағдарламаларды қолға алды. Кітап жүйесіне, тақырыбына, мазмұнына мән беріп, рухани қажеттілікті өтейтін әдебиеттер шығара бастады. Дегенмен сапасы төмен, мазмұндық жағынан оқырманға титтей де пайдасы жоқ кітаптар да азаяр емес. Ал, баспахана мәселесіне келетін болсақ, Қазақстанда полиграфия саласы әлі жүйелі жолға түскен жоқ. Себебі, бізде соңғы жылдарға дейін полиграфист-маман дайындайтын жоғары оқу орындары болған жоқ. Тек Мәскеуден, Санкт-Петербурдан оқып келген мамандар еңбек етіп жүр. Бұл мамандардың өзі компьютерлік саласын меңгермеген. Өйткені 1995 ші жылдарға дейін Мәскеу мен Петербурда компьютер саласы толық еңбеген еді.

Сондықтан ол қалаларда да ондай мамандар тапшы болатын. Өз мамандарымыз жеткіліксіз. Және баспагер, полиграфист, редактор дайындайтын оқу орындары саусақпен санарлық. Сондықтан біздің баспа ісі, полиграфия саласы, Ресей және Қытаймен салыстыруға келмейді. Оларда кітаптар әрі арзан, әрі сапалы. Бізде сапасы төмен, бірақ бағасы қымбат. Оның басты себебі, бізде қағаз комбинаттары жоқ, қағаз өндіріп шығармаймыз. Оны шетелден сатып аламыз. Ол бізге жеткенше үш-төрт есе қымбаттап кетеді. Ал, кітаптың жалпы сынына келетін болсақ, сын тек мазмұнды ғана емес, кітапқа қойылатын барлық талаптарды қамтуы тиіс. Мәселен, кітаптың мұқабасы, ішкі-сыртқы сапасы, халықаралық стандарттарға сәйкестігі, безендірілуі, қателері, бәрі-бәрі назарда болуы шарт. Баспа ісін дамытуда біз жаңа мамандықтардың қыр-сырына үңіле алмай отырмыз. Өйткені, қазір баспаларда екі-үш-ақ адам жұмыс істейді. Біз баспа ісін, кітап дизайнының дамытамыз десек, бұған дейін болған үш редактор: әдеби редактор, көркемдеуші және техникалық редакторларды қайта орнына келтіруіміз керек.

Кітапты безендіру ісі үш кезеңнен тұрады:

1. Графикалық безендіру;
2. Кеңістікті композициялық;
3. Техникалық материалдық.

Бірінші топқа әртүрлі қаріптер, иллюстрация: ою-өрнек, сызу және т.б. баспалық формалар жатады. Екінші топқа кітап элементтерінің мөлшерлерін орналастырудың барлық түрлері кіреді. Мысалы: басылым форматы, мәтін алаңы, алаңша, сөздер мен сөйлемдердің орналасуы. Кітап беттеріндегі тақырыптарды, кестелерді, суреттерді орналастыру ісі жатады. Үшінші топқа кітап шығаруда қолданылатын заттар: қағаз, картон, мата, бояу т.б. таңдау процесі жатады.

Қазіргі компьютерлік заманда кітап немесе журнал, газет т.б. заттардың жасалуы компьютер арқылы іске асады. Ол мамандарды дизайнер беттеуші немесе компьютерлік дизайнер деп атап жүрміз. Олар компьютер бағдарламаларын жетік білуі шарт. Ол бағдарламалар Adobe CorelDRAW, Adobe **Photoshop**, Adobe InDesign, Adobe Illustrator. Осы аталған компьютерлік бағдарламалар баспа ісіне арналған. Мүмкіндіктері ұшан теңіз деп айтсақ та болады.

Мысалы, Adobe **Photoshop** бағдарламасы белгілі бір суреттерді немесе фотосуреттерді әрлеуге немесе қалыпқа келтіруге арналған бағдарлама. Иллюстратор суретшілер осы бағдарлама арқылы кітапқа сурет салады я болмаса кітапты сурет арқылы безендіреді. **Photoshop** бағдарламасы арқылы салынған суреттер өте сапалы болып келеді. Ол суреттерді қандай өлшемге үлкейтсеңіз де ол өзінің сапасын жоғалтпайды. Ал кейбір суреттерді көшірме арқылы компьютерге енгізіп ол суретті үлкен өлшемге үлкейтетін болсаңыз оның сапасы жоғалады немесе төмендейді. Тәжірбиелі дизайнер ол суретті **Photoshop** бағдарламасы арқылы өңдейтін болса, ол сурет сапасын жоғалтпайды. Қандай да бір өлшемге үлкейтілсе де. Әрине мұндай суреттер дизайнердің көп еңбегін талап етеді. Бұл маманнан хабары жоқ адамдар компьютермен жасалған суреттерді өте оңай деп ойлайды немесе компьютермен жасай салады деп қабылдайды. Негізінде олай емес. **Photoshop** бағдарламасы арқылы сурет салатын суретші ол бағдарламаны жетік білуі керек. Екіншіден экранға үңіліп сурет салу үлкен шыдамдылықты талап етеді. **Photoshop** бағдарламасы арқылы сурет салатын суретшілер қосымша электронды планшетті қолданады. Мұндай мамандар біздің елімізде жоқтың қасы және біздің елде оқытылмайды.

Ал енді CorelDRAW бағдарламасы арқылы кітаптың мұқабасын жасауға өте ыңғайлы. Өлшем бірліктерін қоюға өте қолайлы бағдарлама. **Photoshop** бағдарламасы арқылы да өлшем бірліктерін қоюға болады, бірақ бұл бағдарламаның мүмкіндігі аз. Бұл бағдарлама фотосуреттерге арналған. CorelDRAW бағдарламасында қаріптердің неше түрлі стильдерін еркін қолдана аласыз. Сол қаріптерді неше түрлі формаға келтіре аласыз. Бұл бағдарлама сызуға, кесіп пішуге өте ыңғайластырылған. Өзіңіздің фантазияңызды немесе композицияны

бейнелеуге өте жеңіл. Әрине кейбір жағдайда **Photoshop бағдарламасы** жасаған нәрселерді бұл бағдарлама жасай алмауы мүмкін. Сондықтан осы екі бағдарлама бір бірімен өте тығыз байланысты. CorelDRAW бағдарламасында жасалған нәрсені белгілі бір затты жеке алып **Photoshop бағдарламасына** eps файл арқылы жіберуге болады. Осы файлды **Photoshop бағдарламасынан** ашып, оның мүмкіндігін пайдаланып psd файылмен сақтайсыз. Енді осы файлды CorelDRAW бағдарламасында қайта ашып ала аласыз. Осы екі бағдарлама бір-бірін толықтырып дизайнердің ойлаған мақсатын практикалық түрде іске асырып отырады.

Photoshop бағдарламасында белгілі бір суретті немесе композициялық картинаны неше түрлі бояу түстеріне өзгерте аласыз. Сол картиналардың тұтас бөлігін емес керекті бөлігінің түстерін өзгерте аласыз. Мұндай амалдарды жасаған кезде әрине бояу реңктерінің бір-бірімен байланысын үзбей, бояу реңктерін байланыстыра білу керек. Photoshop бағдарламасы сурет сабағына ұқсас болып келеді. Компьютерлік дизайнер тек суретші ғана болмай компьютердің тілін жетік меңгеру керек. Міне осындай мүмкіндіктер CorelDRAW бағдарламасында кезесе бермейді. Ал енді CorelDRAW бағдарламасының ерекшелігі белгілі бір сызықтарды жүргізуге өте ыңғайлы. Демек, бұл бағдарлама сызу пәніне өте жақын. Геометриялық фигураларды оңай жүргізе аласыз, және оларды неше түрлі формаларға өзгерте аласыз. Міне осы екі бағдарламаның өзіндік ерекшеліктері бар.

Ал енді, Adobe InDesign бағдарламасына келетін болсақ, мұның ерекшелігі кітаптың ішкі беттеріне арналған бағдарлама. Кітап беттерін әрлеуге немесе дизайнын жасауға ыңғайластырып жасалған. Бұл бағдарламаның ерекшелігі кітап беттерінің реттік сандарын автоматты түрде қойып шығады. Және де кітаптың мазмұнын да автоматты түрде жасайды. Қандай да бір тақырыпты қай бетте екенін сіз іздеп отырмайсыз. Компьютер бұл жағынан еш қателеспейді. Мысалы, кітаптың беттік саны 52 болса, оған 4 бет қосу керек болды. Мысалыға алғанда ортасынан делік, 32-ші беттен кейін 4 бет қоса бересіз. Реттік санын өзі реттеп отырады. Мұндай кейбір амалдар кәдімгі қарапайым Word бағдарламасында да бар, бірақ олардың орындалу шарттары басқаша. InDesign бағдарламасындағыдай мүмкіндіктері жоқ. InDesign бағдарламасында текстке арналған өзінің орындары болады. Суретке арналған орындар да белгілі. InDesign бағдарламасында кітап беттерін қос беттен көрсетіп тұрады. Word бағдарламасынан аударылып келген текстерді автоматты түрде бастан аяқ түгел қойып шығады. Тексті кез келген стильге автоматты түрде қоя аласыз. Бұл бағдарламада кітап текстерін монтаж жасауға өте қолайлы. Кітап бетіне қойылған суретке тексті байланыстырып орналастыруға өте ыңғайлы амалдармен орындауға болады. InDesign бағдарламасында да беттерді сызықтар арқылы әрлеуге мүмкіндіктері қарастырылған. Және де фотосуреттерді белгілі бір өлшемге қойып, сол фотосуреттерге көлеңке бере аласыз. Фотосуреттердің артық жерлерін қиып алып тастауға да болады. Компьютерде InDesign бағдарламасымен фотосуретті кітап жасау барысында Adobe CorelDRAW, Adobe Photoshop, Adobe Illustrator бағдарламаларымен тығыз байланыста болады. Фотосуреттер осы бағдарлама арқылы өңделіп безендіріліп InDesign бағдарламасына қойылады. InDesign бағдарламасы арқылы жасалған кітапты баспаның талабы бойынша PDF файлға аударып жібере аласыз. Бірақ, әр баспаның талаптары әрқалай болады. Біріншісі тек бір беттік PDF файл, екіншісі екі беттік PDF файл, үшіншісі макеттік PDF файл. Немесе InDesign файлында сұрайды. Бірақ InDesign файлылы басқа компьютерде ашылмайды, қолданылған суреттердің байланысы үзіліп суреттер ашылмай қалады. Сол үшін оны жинақтау керек. InDesign бағдарламасында осылардың бәрін жинақтайтын амалдары бар. Барлық суреттерді және қолданылған қаріптің түрлерін бір қалташаға жинап береді. Сол кезде ол басқа да компьютерде ашыла алады. InDesign бағдарламасы макетті өзі автоматты түрде жасайды. Тек кітап беттерінің саны 8-ге немесе 16-ға бөліну керек. Бөлінбеген жағдайда да макетті жасайды. Ондай жағдайда артық беттерін немесе жетпеген беттерді өзі толықтырып бос беттерімен қоса жасап береді. Сол үшін кітап жасағанда беттеуші дизайнер кітап бетінің санын 8-ге және 16-ға бөлінетін етіп жасайды.

Adobe Illustrator бағдарламасы **Adobe Photoshop** бағдарламасына өте ұқсас болып келеді. Бұл бағдарлама да сурет салуға ыңғайластырылған. Бірақ, мұның мүмкіндігі **Adobe Photoshop**қа карағанда көбірек. Суреттерді неше түрлі стильдерге автоматты түрде сала алады.

Компьютердің осы мүмкіндіктерін пайдалана отырып белгілі бір тұлғаның фотосуретті альбомын жасауға болады. Кітап жасамас бұрын кітаптың өлшемін белгілеп алу керек. Стандарт өлшемдерге байланысты мұндай кітаптар жәй кітапқа карағанда өлшемдері үлкенірек болады. Кітаптың өлшемін белгілеп болған соң, оның композициялық қаңқасын табу керек. Әрине мұндай композиция дизайнердің көп ізденісін талап етеді. Бұл композиция белгілі бір тұлғаның өмірімен байланысты болу керек. Кітаптың мұқабасы мен ішкі беттеріне қолданылған дизайнның бояу түстері де белгілі тұлғаның мінез құлқына сай жасалады. Мұқабаның дизайні сол тұлғаның портретімен байланыстырылып, композициялық құрылымы сол кісінің өмірінен сыр шертетіндей әсерде болу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым Энциклопедиясы.

2. Кәрішалава К. Кітапхана жаңа ғасыр мәдениетінде (балалар әдебиеті проблемалары) // Саясат. - №3. - 2006. - 28-29-бб.

УДК: 373.1.02

Абишева О.Т.¹, Карбозова А.А.¹

¹КазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта доктор искусствоведения, асс.профессор

г. Алматы, Казахстан

¹Магистрант 1 курса по специальности «7М02118 – Графический дизайн» КазНПУ им. Абая, Института

искусств, культуры и спорта

г. Алматы, Казахстан

УНИВЕРСИТЕТ КАК ПРОСТРАНСТВО СОЦИАЛЬНОГО ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ: СОВРЕМЕННЫЙ КОНТЕКСТ

Аннотация

Статья рассматривает социальные отношения как отрасль аналитического университета. Социально-коммуникационные и интеграционные процессы в развитии современного университета. Проблемы социального взаимодействия актуализируются в условиях неопределенности. В условиях изменения и деформации традиционных социальных структур, определяющих социальные связи и отношения, важно изучение основных социальных институтов с точки зрения их интеграции. Университет рассматривается как особый вид организации социальной помощи в данном аспекте, определены цели и задачи организации социального взаимодействия и формирования субъектов социальной деятельности. В настоящее время университет работает одновременно по направлениям и траекториям, что приводит к расширению сферы активности университета и усилению его потенциала как фактора развития социальных отношений. Идея синергетического общения уделяет особое внимание как стратегический принцип функционирования современного университета. В

статье изучается пространство социализации молодежи и потенциал университета как в социальном аспекте.

В заключение делается вывод, что университет как один из факторов обеспечения устойчивого развития может рассматриваться как влиятельная интегративная сила современного общества

Ключевые слова: Инновации, университет, передача знаний, социальное взаимодействие, социальная миссия, открытое образование.

Абишева О.Т.¹, Карбозова А.А. ¹

¹Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының Өнертану докторы, қаум. профессор Алматы қ., Қазақстан

¹ «7M02118 – Графикалық дизайн» мамандығының I курс магистранты Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты Алматы қ., Қазақстан

УНИВЕРСИТЕТ ӘЛЕУМЕТТІК ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС КЕҢІСТІГІ РЕТІНДЕ: ҚАЗІРГІ КОНТЕКСТТЕ

Аңдатпа

Мақала талдау университетінің саласы ретінде әлеуметтік қарым-қатынастарды қарастыру. Қазіргі заманғы университет дамуындағы әлеуметтік-коммуникациялық және интеграциялық процестер. Әлеуметтік өзара қарым-қатынас проблемасы белгісіздік және турбуленттік кезеңдерінде өзектіленеді. Әлеуметтік байланыстар мен қатынастарды анықтайтын дәстүрлі әлеуметтік құрылымдардың өзгеруі мен деформациясы жағдайында қазіргі заманғы әлеуметтік институттарды олардың интеграциялық тиімділігі тұрғысынан зерделеу маңызды. Университет осы аспектіде әлеуметтік көмекті ұйымдастырудың ерекше түрі ретінде қарастырылады. Әлеуметтік әрекеттестіктің мағыналық контекстін әзірлеуде және әлеуметтік іс-әрекет субъектілерін қалыптастыруда университеттің рөлі анықталды. Қазіргі заманғы университет бір уақытта бірнеше бағыттар мен траекториялар бойынша жұмыс істейді, бұл университеттің белсенділік саласының кеңеюіне және оның әлеуетінің әлеуметтік қарым-қатынастың даму факторы ретінде күшеюіне әкеледі. Синергетикалық өзара іс-қимыл идеясы қазіргі университеттің функционалдануының стратегиялық принципі ретінде басты назар аударады. Мақалада жастарды әлеуметтендіру кеңістігі және университеттің әлеуметтік аспектісіндегі "үшінші миссиясы" ретінде университеттің әлеуеті зерттеледі.

Қорытындылай келе, университет оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету факторларының бірі ретінде қазіргі қоғамның ықпалды интегративті күші ретінде қарастыруға болады деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: инновация, университет, білім трансфері, әлеуметтік қарым-қатынас, әлеуметтік миссия, ашық білім

Abisheva O.T.¹, Karbozova.A.A. ¹

*¹Candidate of Pedagogical sciences, associate professor,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

*¹ Student of master's course in the specialty «7M02118 – Graphic design»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

UNIVERSITY AS A SPACE OF SOCIAL INTERACTION: THE CONTEMPORARY CONTEXT OF THE PROBLEM

Abstract

The article analyzes the university as a sphere of social interaction, the role of contemporary university in the development of social communication processes and constructive social collaboration. University as a space of social interaction has become especially topical in the time of uncertainty and turbulence. Under the circumstances of transformation and deformation of traditional social structures,

which determined the social connections and relations, it is important to investigate contemporary social institutions in terms of their integrational effectiveness. The university in that aspect is examined as a specific form of arranging the social whole. The role of university in the elaboration the meanings context of social interaction and in the forming the subject of social action is revealed.

It is shown that contemporary university simultaneously moves on several planes and trajectories that results in widening the space of university's activity and enhancing its potential as a factor of developing the social interrelations. Special emphasize is made on the idea of synergetic interacting as a strategically principle of functioning of the contemporary university. The article then moves on to examine the potential of the university as a space of socialization of youth and the «third mission» of the university in its social dimension. The conclusion is made that the university may be considered to be an influential integrative force of society, as a factor of providing the stability of the society.

Keywords: innovation, university, knowledge transfer, social interaction, social mission, open education.

Әлеуметтік өзара қарым қатынас мәселесі әлеуметтік жобаларды түсіну үшін теориялық және әдіснамалық мән болып табылады, сондықтан ол бірнеше рет философиялық зерттеулердің фокусында көрсетілген.

Бірақ бүгін турбуленттік және белгісіздік дәуірінде әлеуметтік тұтастықты қолдау мәселелері өткіртүрді.

Әлеуметтік режимнен әлеуметтік байланыстардың сипатынайқындайтын дәстүрлі Әлеуметтік құрылымдар мен институттардың өзгеруі жағдайында көптеген қазіргі заманғы әлеуметтік жағдайлар әлеуметтік субъектілердің бір-біріне және социумға әсерін ұйымдастыратын болады, олардың қайсысы өз қызметінде неғұрлым тиімді болып табылады және оларды зерттеу неге өзекті болып табылады.

Бұл контексте университеттің әлеуметтік өзара қарым қатынасындағы талдауы қызықты көрінеді.

Мәселенің осындай ұстанымындағы кеңістік университеттің қызметі мен әлеуметтік қықпалетусаласы ретінде түсініледі.

Университет әлеуметтік мәдени феномен ретінде өзінің социумда тұрақты болуына және әртүрлі мәдени негіздері және саяси ұйымы бар қоғамда өзінің сұранысқа ие болуы мен таңқалдырады

("Университеттердің Ұлы Хартиясына" бүгінгі таңда 85 елдің 805 университеттері қол қойды). Автордың пікірінше, бұл себептердің бірі әлеуметтік өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде университет қызметінің тиімділігі, аталған институтының интеграциялық әлеуеті болып табылады.

Мақаланың мақсаты – әлеуметтік қарым қатынас саласы ретінде университеттің ерекшелігін талдау, әлеуметтік коммуникация және конструктивті әлеуметтік өзара іс-қимыл үдерістерін дамытудағы уақытша университеттің мүмкіндіктері мен рөлін қарастыру болып табылады.

Университет кеңістігі әлеуметтік қатынастар саласы ретінде тіпті "классикалық" кезеңге дейін, оның дамуының кеш кезеңдері найтпағанда,

оның интеграциялық функциясы оның мүшелерінің қатынастарын реттеудің ерекше корпоративтішілік механизмдерінің әрекеті мен шектеледі (білім беру рәсімдері, иерархия, субмәдениеттік рәміздер, жарғылар, ғылым дәрежелер және т.б.). Әлеуметтік құрылым ретінде, қоғамдағы "пәнаралық" жағдай, авономия, жариялылық, ортаның зияткерлік әлеуеті, ұрпақтардың тірдіянологының жұмыс істеу негізі ретінде, интернационалдық қызмет,

сарапшылыққа ұйымдастықтың функцияларын орындау мүмкіндігі – университеттің осы және басқа да ерекшеліктері оның әлеуметтік тартылыс орталығын құрды және соларқылы әлеуметтік байланыстар мен қарым қатынастарға кеңінен бейресмиықпалету үшін мүмкіндіктер жасады.

Университет кеңістігінде әртүрлі әлеуметтік топтардың интенциялары мен мүдделерінің қиылысуы университеттің объект аралық коммуникацияны ұйымдастырудағы ерекше рөлін,

оның адамдармен ұйымдардың қарым-қатынасын реттеу және дамыту мүмкіндігін тудырды, "диалогикалықты" және университетті қортаның мағыналық ашықтығын анықтады.

Университеттің мәдениетті трансляциялау және интеграциялау процестерімен механизмдері не қосылуымен байланысты әлеуметтік өзара әрекеттің мағыналық контекстін құрудағы маңызын атап өткен жөн.

Университеттің мәдениетті тарату үдерісіндегі ең бейгіяқы университетте мәдени мағыналар мен қорғана емес, сонымен қатар мәдениетті сыни зерттеуді жүзеге асыра отырып, оларды үнемі сыни тұрғысынан ойластырды.

Мәдени интеграция механизмдерін талдау кезінде университеттің маңызды рөлі ашылады. А. Л. Доброхотовтың пікірінше, мәдени интеграцияның негізі - Мәдени интеграция механизмдердің өзін-өзі тануына иетуге тас "мәдени құбылыстардың хаосын" туындауына қамтамасыз етеді.

Мұндай тетіктерге әлеуметтік келісімдер мен нормаларды әзірлеу тетіктері, белгілі бір дәуірдің қимылбағдарламалары (утилитарлық немесе утилитарлық) және олардың таным парадигмаларының негіздейтін тетіктер, университет әлеуметтік өзара іс-қимыл кеңістігін ретінде рефлексия нәтижесі болып табылады.

Әртүрлі пайымдаулар бойынша өзіндік білім алу тиімді/тиімсіз, мағыналық/мағыналық болып табылады

[1].

Университет өндіріспен білім берудің ұжымдық субъектісі ретінде таным парадигмаларының құрудың арлық процестеріне жатады. Біз ақылдың қандай да бір бейнесін және оларға сәйкес келетін "білім берудің бейнелері" әлеуметтік жобасын қалай түсіндіреміз?

Университет ортасындағы артикуляциялық мәндер әрі қарай кең мәдени кеңістікке тарады, пікір таластақырыбы жалпы пікір және талғампаз қоғамдық сана болды.

Білім беру мазмұнының интерпретациялау негізінде білім берудің мақсаттары мен мінсіз нәтижелері туралы түсініктерді қалыптастыра отырып,

университет белгілі бір әлеуметтік стратегиялар мен әлеуметтік нормаларды түсінуді негіздеді, және осы мағынада Сіз әлеуметтік құрылымдарды өзгерту немесе бекіту факторына айналдыңыз.

Университетте не болатыны туралы даулар қоғамда не болатыны туралы даулар болды.

Әлеуметтік белсенділік векторларын анықтайтын кейбір координаттар жүйелерін орнатты және / ұстап тұрды.

Интеграциялық фактор ретіндегі Университеттің рөлі одан әрі білімді қоғамды құрайтын әлеуметтік өзара әрекеттестіктің жекелеген субъектілерін қалыптастырумен байланысты. Университет ортасы индивидтерді тек білім алуға ғана емес, белгілі бір әлеуметтік кодекске біріктірді. мінез-құлықты реттеуші ретінде, адамның университеттік этосының принциптерін қабылдау индивидтің мінез-құлық пен коммуникацияның белгілі бір қағидаларын ұстанатын әлеуметтік агент ретінде қалыптасуына ықпал етті. Университет кеңістігіндегі әлеуметтанулық процестің мәні өркениет пен мәдениеттің белгілі бір түрінің дербес субъектісін, табиғи және деструктивті емес, дәлелді және конструктивті өркениет пен әлеуметтік акси-тивтілікті дайындау болып табылады.

Осылайша, университет дәстүрлі түрде әлеуметтік интеграцияны дамытудың маңызды түйіні ретінде сөз сөйледі, бұл оның әлеуметтік институттар ретіндегі ерекшеліктерімен, мағыналық контексті құрудағы әлеуметтік өзара іс-қимылдың рөлімен, әлеуметтік кеңістік ретіндегі маңыздылығымен байланысты. Университет интеграциялық механизм ретінде Мәдени доминанттың өзгеруі жағдайында табысты жұмыс істеу қабілетін көрсетті. Әлеуметтік өзара қарым-қатынастардың жаңа формалары мен дәстүрлерін синтездей отырып, бұл әр жаңа дәуірдің әлеуметтік тұтастығын тиімді дамыту мақсатында университеттің реттеуші және интеграциялық әлеуетін пайдалануға мүмкіндік берді.

Қазіргі заманғы университет әлеуметтік интерпретация кеңістігі ретінде нені сипаттайды? Қазіргі университет тарапынан әлеуметтік ықпалдасу функциясы қандай аспектілерде жүзеге асырылады? "Қазіргі заманғы" автор императивті инновациялық дамуға бағытталған университетті түсінеді, ол бүгінде "Культурная универсалия" ретінде қабылданады – ол түрлі

мәдени-тарихи типтерді білдіретін елдердің әлеуметтік мақсаттар жүйесіне қатысады. Бұл тұрғыда жоғары мектептің басым моделі инновациялық стиль болып табылады, оның ерекшелігі үш негізгі функцияның өзара байланысқан бірлігі болып табылады: оқыту, зерттеу, сондай-ақ инновациялық өнімдерді (білім беру трансферті) әзірлеу және қоғамға беру.

Әлеуметтік ортадағы университеттер рөлінің бүгінгі өсуі олардың құрылымдық және функционалдық күрделенуіне қарай қозғалысымен байланысты, бұл көптеген факторлардың әсерінің нәтижесі болып табылады, олардың әрқайсысы университеттің белгілі бір өлшемін қалыптастырады. Р. Барнетт қазіргі заманғы университет бірнеше жазықтықта және даму орталығы ретінде бірнеше полюстердің арасында бір-бірімен қозғалатынын атап өтті. Кеңістіктің жазықтықтары мен траекторияларының қиылысуы нәтижесінде университет құрылымында "онтологиялық қатпарлар" пайда болады, өйткені ол дамудың жаһандық трендтері мен локальды міндеттерін, университеттің бүгінгі болмысын және оның болашақ мүмкіндіктерін, оның жеке элементтері мен тұтас ретінде уни-верситетін дамыту қажеттілігін ескере отырып қалыптасады [2]. Университет метафорикалық түрде жабық жүйе ретінде анықтауға болатын көп өлшемді объект болып табылады. Метафораны пайдалану үшін негіз болып университеттің көптеген университеттік емес кеңістіктерге өз қызметінде шығуы және сыртқы ортамен тұрақты ақпарат пен рурстармен алмасу табылады. Университет шығаратын көптеген сыртқы құрылымдармен және өнім тұтынушылармен ынтымақтастық. Бірақ университеттің оның "шегінен" шығуы талап етіледі, себебі оның негізгі және негізгі функцияларынан туындайтын бағыттар бойынша университетпен ынтымақтастықты дамыту үлкен әлеуметтік агенттер үшін перспективалы және тиімді болып табылады. Университет әлеуметтік өзара әрекеттесу кеңістігі ретінде халықаралық, ұлттық және жергілікті деңгейлердің барлығын қамтиды. Осы қарама-қарсы қозғалыстың нәтижесінде университеттің "универсумының" айтарлықтай және бұрын-соңды болмаған алшақтығы орын алады, бұл қызмет ету процестерін қиындатады, бірақ әлеуметтік интегратор ретінде университеттің беделі мен әсерін күшейтеді. Күрделі жүйе бола отырып, уни-верситет ынтымақтастық желісінің тармақталған орталығына айналады, бұл жүйе жағдайының әртүрлілігін арттыруға әкеп соғады, университет үшін қоғамда жаңа рөлдерде өнер көрсетуге және тиісінше, жаңа ұйымаралық және институтаралық байланыстарды құрастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы университет кеңістігін кеңейту тек қана артықшылықтарды ғана емес, сонымен қатар оның жұмыс істеуіне қауіп төндіреді, өйткені оның тұтастығын жоғалту қауіпі туындайды, ал университет қызметінің "бірегей өнімі" (С. Фуллер) ол өзі тұтас болып табылады. Университет өзінің құрылымдық бірлігін экономикалық тиімді принципі бойынша элементтердің шектелуіне дейін емес, қолдауы тиіс, бұл университеттік білім салаларының, соның ішінде философия мен филология сияқты мүлдем коммерциялық емес салалардың алуан түрлілігін сақтауды да көздейді. Бұл университет алдына жүйенің көлденең байланыстарын қолдау, мүдделі ынтымақтастықты дамыту және оның ішкі элементтерін кооперациялау міндеттерін қояды. Құрылымдық бөлімшелердің "пролиферациясы" жағдайында, университеттің шеткі дамуының қарқынды дамуы, пәнаралық зерттеулерді жүзеге асыру қажеттілігі жағдайында тек тұтас бөліктер арасындағы қатынастарды Әкімшілік реттеу ғана емес, сонымен қатар қазіргі заманғы университеттік корпорация мүшелерінде бірлік пен қауымдастық сезімін дамыту ("togetherness"), университетінің ұйымдастыру мәдениетінің негізі ретінде синергетикалық әрекетті бекіту маңызды болып табылады. Жаңа кеңістіктерге тұрақты қозғалу жағдайында адамдарды біріктіру және жабық жүйенің ішкі және сыртқы элементтерінің күшін біріктіру университет оның тиімді жұмыс істеуінің, сондай-ақ оның мәдени миссиясын жүзеге асырудың маңызды шарты болып табылады - "Шекарасыз әлем" болу, әрекет ауқымы бойынша бірегей болу (Ю. Хабермас). Қазіргі таңда жоғары білім беру мекемесінің институционалдық стратегиясы принциптерін негіздеу үшін "синергетикалық университет" идеясын пайдалану орны бар [3], Біздің ойымызша, қазіргі заманғы университеттің білім, технологиялар, нарық, жаһандық әлем идеяларын органикалық байланыстыра алатын институт ретінде әлеуметтік аттрактор ретіндегі маңызы, социумның

тұрақты жай-күйін қамтамасыз етуге ықпал ете отырып, әлеуметтік күштердің қарым-қатынасын жан-жақты ықпал ете алатын институт ретінде ерекше назар аударады.

Фильмнің соңында Шоқан туған жеріне келіп, ат құлағында ойнаған, көкпар тартқан жігіттерге тап болады. Бұл көріністер жайында «Қазақ киносының тарихы» оқулығында: «Шоқанның жан күйзелісі драматургиялық ұтымды көріністермен берілген. Аяқтан шалған көп кедергіге шыдамаған Шоқан ауылына қайтып келеді. Қазақтың кең даласы, ат құлағында ойнаған жігіттер... Шоқанның «арқасы қозып, қан қызуы көтеріледі», бір сәтке бар қайғысын ұмытып, өзін осы кең даланың ұлы болғандығына бақытты санайды» - деп жазылған [7]. Расымен, Шоқан Уәлихановтың өмірінің ең елеулі кезеңдерін уақыт пен кеңістік тұрғысынан керемет дәлдікпен жасай білген Мәжит Бегалиннің «Оның уақыты келеді» туындысы қазақ киносы тарихында көтерген тақырыбы, кейіпкер тұлғасы тұрғысынан ғана емес, біздің мақалада дәлелдеуге тырысқан «мекеншақ» әмбебаптылығымен де ұтымды.

Қорыта келгенде, «Оның уақыты келеді» (1957) фильміндегі оқиғаның шынайы уақыты мен экрандағы уақытының арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Шоқан Қашқарияға 1958-59 жылдары сапар шекті, оқиға осы кезеңнен бастап, ауруы белең алған, өмірінің соңғы сәттеріне дейін созылады. Режиссер жеті жылға жуық ғалымның өмірін 1 сағат 29 минут уақытқа сығымдап, әрі барлық мекенді көрерменнің санасы сенетіндей етіп бейнелеген. Әрі фильм сюжетіндегі кейіпкерлердің өзара тілдесуі арқылы мекендердің жиі еске түсірілуі «мекеншақ» әмбебаптылығын толықтай дәлелдей түседі. Біздің мақалада айтқымыз келген ойымыздың негізгі түйінін жеткізе алдық деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нөгербек Б. Р, Наурызбекова Г. Қ, Мұқышева Н. Р. Қазақ киносының тарихы: оқулық. – Алматы: ИздатМаркет, 2005, 289-бет.
2. Электронды ресурс: <https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2337>
3. Салқынбай А. «Қазақ әдебиетінің Бахтині». Электронды ресурс: <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=433>
4. Лотман Ю. М. Семиосфера. Санкт-Петербург: Искусство-СПБ, 2010, 704 б.
5. Салқынбай А. «Қазақ әдебиетінің Бахтині». Электронды ресурс: <http://akikat.kazgazeta.kz/?p=433>
6. Электронды ресурс: <https://turkystan.kz/article/64698-zhant-rin-kinod-uiri>
7. Нөгербек Б. Р, Наурызбекова Г. Қ, Мұқышева Н. Р. Қазақ киносының тарихы: оқулық. – Алматы: ИздатМаркет, 2005, 289-бет

ӘОЖ 67:007; 67:001.891.57
МРНТИ 64.01.77

¹*Е.Ө. Омарова*

т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУнің «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан

²*С.Д. Әскербекова*

Абай атындағы ҚазҰПУнің «Сән дизайны» мамандығының 4 курс студенті, Алматы қаласы, Қазақстан

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН СӘН ҮЛГІЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада балалар киім үлгілерінің сәнді брендтері талданып, қарастырылған. Атақты, әлемдік деңгейдегі брендтердің ерекшеліктері мен олардың құндары салыстырылған. Балалар сән үлгісі ересектер сән үлгісінен еш кем емес екендігі талқыланған.

Түйін сөздер: сән үлгісі, дизайнерлер, бренд, балалар киімі, ұлдар, қыздар, қымбат, танымалдылық, доллар.

¹*Е. О. Омарова*

к. т. н., старший преподаватель кафедры "Дизайн" КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²*Д. П. Н. Аскербекова*

Студентка 4 курса специальности «Дизайн Моды» КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

МОДНЫЕ МОДЕЛИ ДЛЯ ДЕТЕЙ

Аннотация

В данной статье проанализированы и рассмотрены известные бренды детской одежды. Проанализированы особенности и стоимость известных брендов мирового уровня. А также рассмотрены образцы детской одежды и они ничем не уступают взрослой моде.

Ключевые слова: мода, дизайнеры, бренд, детская одежда, мальчики, девочки, дорого, известность, доллар.

E. O. Omarova

Ph. D., senior lecturer of the "Design" Department of Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

D. P. N. Askerbekova

4th year student of the specialty "Fashion Design" KazNPU named after Abay, Almaty, Kazakhstan

FASHION MODELS FOR CHILDREN

Annotation

This article analyzes and reviews the well-known brands of children's clothing. The features and cost of well-known world-class brands are analyzed. Also, samples of children's clothing are considered and they are in no way inferior to adult fashion.

Keywords: fashion, designers, brand, children's clothing, girls, expensive, fame, dollar.

Бүгінгі уақытта әлемнің түкпір-түкпіріндегі дизайнерлер балалардың сәнді киінуіне үлкен мән береді. Ата-аналардың кейбірі балаларына әлемдік абыройға ие, танымал брендтік киімдер де алып беріп жатады. Әрине, ондай киімдер балаға бірден жараса кеткенімен, үлкендердің қалтасын біршама тоздыртатыны сөзсіз. Сіздердің назарларыңызға әлемдегі балалар киімінің ең қымбат брендтерінің тізімін ұсынамыз.

«Dolce & Gabbana» бренді балалар арасында үлкен танымалдыққа ие. Қыздарға арналған көйлектердің бағасы 300 доллардан басталып, 3200 долларға дейін жетеді. Ал ұлдарға арналған күртешелер бағасы 1290 доллардан басталса, жай ғана кішкентай бант 420 доллар тұрады. Аяқ киімнің бағасы 100-500 доллар аралығын құрайды. Төмендегі суретте қыз балаларға арналған сәнді белдемшелері, шолқ шалбарлары, жейделері мен пальто және әшекей сөмкелерінен құралған комплектілер көрсетілген.



Сурет 1 – «Dolce & Gabbana» брендідегі балалар сән үлгісі

«Moncler» компаниясы үлкендермен қатар, кішкентайларға да арнап жаңа киімдер топтамасын жарыққа шығарып келеді. Балаңызды бір киіндірудің өзіне біраз қаражат жұмсайсыз. Бас киімдердің бағасы 100 доллардан басталады, оған қосылатын мойынорағыш тағы 100 доллар. Спорттық киімдер – 400 доллар, жұқа күртешенің бағасы 1200 долларға дейін жетеді. Төмендегі суретте ұл және қыз балаларға арналаған спорттық киім үлгілері көрсетілген.



Сурет 2 – «Moncler» брендідегі балалар сән үлгісі

«Chanel» компаниясы балаларға арналған жеке киімдер топтамасын шығармайды. Бұл люкс брендтің барлық киімдері тек тапсырыспен ғана тігіледі. Мысалы, Дженнифер Лопес қызына тапсырыспен тіккізген жай ғана бір сөмкеге 2400 доллар қаражатын жұмсапты. Әйгілі «Chanel» сән үйінің қыз балаларға арналған серуендік киім үлгісінің жинытығы төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 3 – «Chanel» брендідегі балалар сән үлгісі

Әлемдегі ең қымбат брендтердің бірі саналатын «Gucci» киімдерінің сапасы жағынан алдына дес бермейтін компания. Балалар киімдері үлкендерге арналған киімнің дәлме-дәл көшірмесі болғандықтан, family looks стилін дамытуға өзіндік үлесін қосып келеді. Киім бағасына келер болсақ, қыздарға арналған жаздық көйлек 2000 долларға дейін жетсе, жаздық қалпақтардың бағасы 150 доллардан басталады. Ал келесі суретте «Gucci» брендідегі киім үлгісі, яғни қыз балаларға арналған көйлек, бас киім және ұл балаларға арналған кофта, шалбар және жадағай үлгілері көрсетілген.



Сурет 4 – «Gucci» брендідегі балалар сән үлгісі

«Tartine Et Chocolat» — балалардың сәнді киімдерін ұсынатын француздық компания. Одан бөлек жұмсақ ойыншықтарды және бөлмеге арналған заттарды шығарады. Ойыншық бағасы көлеміне қарай 250 долларға дейін жетеді. «Tartine Et Chocolat» брендідегі балалар киімінің үлгісі мен тіпті ойыншықтары да төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 5 – «Tartine Et Chocolat» брендідегі балалар сән үлгісі

Ал «Burberry» киімдерінің бағасы үлкендерге арналған киім бағасынан кем емес. Осы брендтің жарнамасына өздерінің балаларын қатыстырғысы келетін жұлдыздар жеткілікті. Классикалық балалар пальтосы, жұқа жейде, кішкентай сәбилерге арналған торлы костюм үлгілері төмендегі суретте бейнеленген.



Сурет 6 – «Burberry» брендіндегі балалар сән үлгісі

АҚШ-тағы «Canada Goose Kids» компаниясы өндірген өнімдерінің бағасына тұтынушылар тарапынан біраз наразылық тудырған-тын. Алайда компания дизайнерінің пікірінше, баға киім сапасына толығымен сәйкес келеді.

Балалық шақта термореттеу механизмі жетілмегендіктен, организмнің салқындауы немесе ыстықтауы денсаулық жағдайының жедел бұзылуына әкеліп соғатындықтан, балалар организмі жылу өндіруі 3-4 есеге дейін жоғарылайтын өте жоғары қимыл-қозғалыс белсенділігінде болатындықтан, балалар терісі өте нәзік, жылдам жарақаттанғыш келетіндіктен, зат алмасуда терінің тыныс алуының меншікті үлесі ересектерге қарағанда үлкен болатындықтан киімнің қорғаныштық қасиетінің балалар үшін маңызы өте зор. Балалар киімі өзінің конструкциясы және материалының физикалық-гигиеналық көрсеткіші бойынша жас мөлшерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшелігіне, іс-әрекеттің түріне және метеорологиялық жағдайға сәйкес болуы керек, және оңай киіліп, оңай шешілетін, бала тәрбиесінде эстетикалық таным қалыптастыруға жағдай жасауы керек.



Сурет 7 – «Canada Goose Kids» брендіндегі балалар сән үлгісі

Еліміздегі жастар өмір сүрудің формуласын жақсы қалыптастырған. Сәнді болу дегеніміз – салауатты өмір салтын ұстанып, бақытты өмір сүру. Синтетикалық киімдердің ешқайсысы сән үлгісі бола алмайды.

Балалар киіміне баға беру үшін, санитарлық-гигиеналық экспертизаға балалар киімін даярлауға арналған - киімнің сыртқы қабатына, ортаңғы қабатына және ішкі астарына арналған маталардан әрқайсысының размері 1м² алынған бір бумасын және даяр болған өнімдерді жібереді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 В. Анченко «Мода, стиль и управление персоналом»
- 2 media.child.boutique
- 3 журнал Ателье
- 4 журнал Мюллер и сын

МРНТИ 745/749

М.Ж. Альмуханова

Сәндік қолөнер 2-курс студенті

Ғылыми жетекші: Докторант PhD А.Ш.Абижанова

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы қ., Қазақстан).*

ДӘСТҮРЛІ ШИ ТОҚУ ӨНЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Ши тоқу (орау)— бұрын және қазіргі кезде қазақ халқы мен Орта Азия халықтары арасында кеңінен тараған өнер. Күнделікті тұрмыс пен шаруашылық қажеті үшін тоқылған ши қазірге дейін кеңінен пайдаланып келеді. Оны киіз үйдің құрамдас бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ үй ішіндегі ыдыс-аяқ, ошақ басын қоршай қоюға, киіз үйдің есігіне ұстауға, әр түрлі үй шаруашылық мүддесіне (мәселен, киіз басу жұмыстарына, жаюлы киіз-сырмақтың асты ылғал тартып, бүлінбеуі үшін солардың астына төсеуге, сонымен бірге құрт жаю, тары сүзу т. б.) кеңінен пайдаланылады. Әсіресе киіз үйдің ішін әсемдеуде шидің алатын орны ерекше. Неше түрлі сырмен боялып, сағанақтары күмістендірілген кереге көздері мен құлпырған құр-таңғыштарға, термелеп өріп, жібекпен шашақтаған уық бауларға, зермен кестелеп, шұғамен оюлаған туырлық пен үзіктің ішкі өрнектеріне ши жалпы түр беру ретінде өте үйлесіп-ақ тұрады.. Әсем болумен қатар ши көшіп қону жағдайында алып жүруге өте қолайлы. Сондықтан мал шаруашылығымен айналысатын елдер оны ерте заманнан бері пайдаланып келеді.

Түйін сөздер: колөнер, ши тоқу, киіз үй, өю өрнек, жүн,

Альмуханова М.Ж.

Студентка 2-курса декоративно-прикладного искусства

Научный руководитель: Докторант PhD Абижанова А.Ш.

*Казахского Национального педагогического университета имени Абая
(г.Алматы, Казахстан).*

ИСТОРИЯ ТРАДИЦИОННОГО ИСКУССТВА ПЛЕТЕНИЯ ШИ

Аннотация

В статье "Вязание (обмотка) Ши" — искусство, широко распространенное ранее и в настоящее время среди казахского народа и народов Средней Азии. Для повседневных нужд быта и хозяйства вязальный ши широко используется до сих пор. Он широко используется в качестве составной части юрты, а также в огорожении головки внутридомовой посуды, очага, в двери

юрты, в интересах различных домашних хозяйств. Одним из красивейших искусств нашего народа является вязание ши шерстью и ее орнаментом. Как и все виды ремесел, вязать ши, украшать его различными узорами-это наследие искусства, которое происходит с древних времен. Шим ши , вязавшиеся с разнообразными красивыми узорами, очень удобны для того, чтобы покрыть посуду между собой и кувшинами юрты, а также сделать из больших домов на перемышках, построить стропальник. В отличие от других видов ремесленного дела, вязание ши становится намного дешевле и устойчивее. Особое место в оформлении юрты занимает Ши.

Ключевые слова: традиционное искусство, юрта, ши, орнамент, шерсть,

Almukhanova M.Zh.
2-year student of arts and crafts
Supervisor: Doctoral PhD Abizhanova A.Sh.
Kazakh National pedagogical University named after Abay
(Almaty, Kazakhstan).

HISTORY OF THE TRADITIONAL ART OF SHEA WEAVING

Abstract

One of the most beautiful arts of our people is knitting Shea wool and its ornament. Like all kinds of crafts, knitting Shi, decorating it with various patterns is a heritage of art that comes from ancient times. Shim Shi, vyazavshiesya with diverse beautiful patterns, very convenient for moreover, to cover tableware between themselves and jugs yurts, and also do from big homes on lintels, build slingers. Unlike other types of handicraft, Shea knitting becomes much cheaper and more sustainable. Shi occupies a special place in the design of the Yurt.

In the article "knitting (winding) Shi" - art, widespread earlier and now among the Kazakh people and the peoples of Central Asia. For everyday needs of life and economy knitting Shea is widely used until now. It is widely used as an integral part of the Yurt, as well as in fencing the head of the intra-household utensils, hearth, in the door of the Yurt, for the benefit of various households.

Key words: traditional art, yurt, shii, ornament, wool.

Қазақ халқының қолөнері саласында ши тоқу, оған боялған түрлі-түсті жүн орап, өрнектеп безендіру ісі ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ұлттық өнері болып табылады. Ши сырт көрінісіне қарай: *ақ ши*, ораулы ши, шым ши *болып үш топқа бөлінеді. Олардың әрқайсысы өз орнымен әр түрлі мақсатқа пайдаланылады. Атап айтқанда, қабығынан тазартылған аң ши ді көбінесе құрт, ірімшік т. б. жаю үшін қолданылатын болса, ұзына бойы әр түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым ши киіз үйдің сәнді жиһаздарының бірі болып табылады. Ал өн бойы тұтас емес әр жерінен аралатып оралған шиді орама ши немесе ораулыши деп ат айды. Бұл да ши сияқты сәндік жиһаздарының бірі.*

Қазақтың ұлттық қолөнерінің ерекше бір түрі — шым ши тоқу. Шым ши тоқуда, негізінен, оюдың композициялық құрылыстың маңызы ерекше. Бұл саладағы қазақ шеберлерінің қолданыл жүрген қазіргі барлық ою түрлері композициялық жағынан: жекелеген және тұтас ою, бір беткей ұзындық ою, екі жақты ұзындық ою болып бөлінеді. Шым ши тоқу өнерінде кездесетін қазақ оюларының ішіндегі жоғарыдағы аталған жекелеген және тұтас ою формасын «шаршы ою» деп те атайды. Шым ши тоқуда геометриялық ою элементтері ромбы, төрт бұрыш, шаршыдағы жұлдыз, үш бұрыш, көп бұрышты немесе сүйірлі бұрыштанып келген крест тәрізді болып келеді. Өрнектеп ши тоқу өнерін де қазақ шеберлері қолданған. Олардың ши бетіне салған түрлері «жүзіктеу» деп аталады. Алты шаршылан кейін, оның екі жағынан шыбық ши, одан кейін алақан ши жалғасады. Алақан шиге түр салынбайды. Көшіп-қойғанда түр салынған жағы түтіліп, тез тозып қалмау үшін алақан ши шым шидің екі жағынан салынады. Кереге сыртынан бір босағадан екінші босағаға дейін иінді айналдыра тұтулы — ши ұстау деп атайды. Ши тарту,

оны артып орау, жүн орап тоқу — ауыл азаматтарының бәріне ортақ жұмыстар. Жалпы ши тоқу өнерімен кең түрде әйелдер айналысқан, осы өнерді білетін шеберлер шидең өздеріне керекті күнделікті тұрмысқа пайдаланатын заттарды тоқып алған. Ал шиді тарту, оны көлікке тиеп, түсіру ауыр жұмыстарын ер азаматтар атқарған. Тоқылатын шилі мал баспаған жерден ши өсіп жетілген кезінде тартып (суырып) алады. Шиді таңертең немесе жаңбырдан кейін тартады, мұндай кезде шидің түбі жібіп суырылғыш болады. Тартып әкелген шидің бәрі түгелдей тоқуға жарамайды, сондықтан олардың жарамдысын іріктеп алады, қабығын аршиды, содан кейін көлеңке жерге қойып келтіреді [1].

Ши ораудың екі түрі бар.

Біріншісі — тоқулы тұрған даяр шидің өрнегіне сала отырып орау, екіншісі — жаңа өрнек суретінің үлгісімен тоқу. Шиді бірінші түрмен тоқу үшін оларды бір-бірлеп тоқылған даяр шидің өрнегінің үстіне салып, дәл келтіріп, әр түсті оралған шидің буындарын, санап отырып орайды. Осылай орайған шилерді араласып кетпеу үшін өрнегіне сәйкес келтіріп, өз алдына бөлектел шуда жіппен тізіп отыру керек.

Шиді жаңа өрнек суретімен тоқудың айтарлықтай өзгешелігі болады; алдымен шиді орайтын үлгі жасалуы тиіс. Орайтын жіптердің түсі осы үлгідегі өрнектер суретте сәйкес болуы керек. Шидің бір шеті жұқа. екінші жағы қалың болып кетпеуі үшін, орайтын шидің түп жағымен шашақ жағын үнемі кезектестіріл, алмастырып салып отыру керек. Ши тоқитын жіпті екі қабаттал ширатыл, бірнеше домалақ етіп дайындайды, бұл домалақтарды салмақты ету үшін темірге немесе тасқа орайды. Ши тоқу үшін атасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тік қадап, екі ашаға көлденең ағаш қойып, арнайы жасалған қарапайым станок пайдаланылады. Станоктарды қиіз үй ішіне немесе жабық бастырма астына орнатады. Атаның үстіне қойылған, арқалықтың биіктігі 120—130 см, түрегеліп тұрып тоқуға ыңғайлы болғаны абзал.

Станок (сырық) дайын болған соң, тас салмаға оралған жіптерді арасын 10—15 см етіп жалпы саны ши талының ұзындығына байланысты арқалыққа көлденең асады. Содан соң бірінші шиді жіп үстіне салып салмалы әрлі-берлі айкастыру арқылы шалып бастырады. Осылай көлденең сырықтың үстіне салынған ши бастан-аяқ тоқылғаннан кейін екіншісі салынады, осы тәртіп ши тоқылып біткенше қайталанып отырады.

Тоңылатын шидің екі шеті берік болу үшін шидің бастал атын жағы мен аяқталатын жақ шетіне үш-төрт шиді қабаттан, әуелі өз алдына бір рет, ширатылған жүн жіппен айкастыра ұшбұрыштардың тізбегі сияқты етіп байланыстырады. Бұл жерді шидің «алақаны» деп атайды. Шиді баулау үшін қарақұсқа бекітілетін бауды «шибау» дейді. Тоқылып болған шидің бас аяғын тегістеп қырқады, кейбір шеберлер осы қырқылған шидің екі жақ шетін әдемі матамен көмкеріп тігеді [2].

Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болып келді. Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортаң атауы іспеттес. Ою-өрнектердің түрлері.

«Мүйіз» - қазақ оюының ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан.

«Қошқар мүйіз» ою-өрнегі қойдың төбесі мен екі жаққа иіріле түскен мүйіз бейнесінде келіп, оның қолтық тұсынан қойдың құлағын долбарлайтын тағы бір шолақ мүйіз тәрізді екі буын шығып тұрады.

«Қосмүйіз» ою-өрнегі қойдың, ешкінің, сиырдың екі мүйізін ғана бейнелейді және кейде «ырғақ», кейде «ілемек» деп аталатын оюларды «қосмүйіз» дейді.

«Арқармүйіз» деп аталатын ою-өрнек қойдың мүйізін бейнелейтін оюдың түрі.

«Өркеш» ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді.

«Сынықмүйіз» морт сынған тік төртбұрыш жасап, төрт рет ішке қарай иіледі.

Жүн— қой, ешкі, түйе және т.б. жануарлардың түгі, жеңіл өнеркәсіптің құнды шикізаты. Жүн талшықтары жылуды аз өткізеді, ылғал тартқыш және берік болады. Ол жіп иіру, мата

тоқу, киіз басу, әр түрлі тоқыма бұйымдар жасау үшін пайдаланылады. Қой, ешкі және түйе Жүні құнды шикізат болып есептеледі. Дүние жүзінде қой Жүні көп өндіріледі. Қой Жүні талшықтарының жуан-жіңішкелігіне, құрылымына қарай бөлінеді. Жүн құрамындағы қылшықтардың ара қатынасы қой тұқымына байланысты әр түрлі болады. Сондықтан қой Жүні биязы, биязылау, ұяң және қылшық Жүн деп бөлінеді. Биязы Жүн талшығының жіңішкелігі 14,2 – 25 мкм, ұзындығы мен ирегі біркелкі болады. Түсі ақ, шайыры мол. Бұл Жүнінен жоғары сапалы мата тоқылады. Биязылау Жүн біркелкі ірілеу Жүн мен аралық қылшықтан тұрады. Талшығының жіңішкелігі 25,1 – 35 мкм. Мұндай Жүннен трикотаж, жоғары сапалы шұға тоқылады. Ұяң Жүн құрамында Жүннен басқа аралық және майда қылшықтар болады. Ұяң Жүннен кілем тоқылады. Қылшық Жүннің құрамында қылшық, әсіресе, өлі қылшық көп болады. Мұндай Жүн киіз, киіз аяқ киім, т.б. жасауға пайдаланылады. Жүннің барлық түрінің сапасы малдың тұқымына, оны дұрыс азықтандыруға, бағып-күтуге байланысты. Ешкі Жүні қылшықты, түбіт аралас болады. Ангор, т.б. ешкі тұқымының Жүні биязылау келеді. Түйе Жүні берік, сапасы жақсы болады. Одан жүн мата, сырт киім, әр түрлі бұйымдар жасалады. Сиыр, жылқы Жүндерінен киіз, қоян Жүнінен жеңіл киім жасайды. Ит Жүні емдік мақсатта қолданылады [3].

Қазақ қолөнершілерінің шилерді сату мақсатында дайындауға мүмкіндіктері бар ма? Осы сұрақ ши тоқу кәсібімен айналысып жүрген әр азаматты ойландырады. Бұған мүмкіндік бар. Орасан ақша төлеп италиялық, түркиялық өндірушілердің тауарларын сатып алуда. Яғни елімізден ақша шетелге ағылып кетуде. Қазақтың қадым заманнан қалыптасқан шиден өрнек салатын көне өнері бүгінде өзінің өмірінің жаңа жалғасын тауып отыр. Қолданған материалдарының техникасының қарапайымдылығымен ерекшеленетін бұл өнердің туындылары өзінің көркемдік сипатының жоғарылығымен де айырықшаланады. Қарапайымдылығы бұл өнер техникасымен әр адамға айналысуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл техникамен өнер бұйымын жасау оңай емес. Бұрын тек тұрмыстық қажеттілікті ғана өтеп қоймай, көшпелі тұрмысқа көркемдік берген бұл өнер бұйымдары ұлттық материалдық мәдениетіміздің бағалы ескерткіштеріне айналды. Фабрикадан шыққан сувенирлардей емес, әр бұйым шиден жасалған басы-аяғына дейін қолмен орындалатын, бір бірін қайталамайтын. Ол заттар да бірден жұрттың сұранысына ие болады. Бұл дәстүрлі техниканы қолдана отырып бұл өнерге көптеген жаңалықтар енгізіп, ши өнерін қазіргі заман талабына сай дамытып, тамаша туындылар жасауға болады. Бұл өнер арқылы да үлкен идеяларды, терең ойларды, күрделі сезімді бере алуға болады. Бұл техниканы қолдануда батыл ізденістерге барып, жаңа әдіс-тәсілдер қолданып, көркемдік тілінің мүмкіншіліктерін арттыруға болады. Ұлттық бұйымдар шығаратын шағын цех ұйымдастырып, шиден, киізден жасалған панно, қазақша сувенирлер жасауды бастау керек [4].

Қорытындылай келе ши орау өнерімен танысып, көптеген мағлұматтар алдық. Атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасың тауып келген халық қолөнерін қастерлеп, өзіміз үйреніп болашақта әлі де дамыта беру біздің тікелей міндетіміз. "Тіршіліктің негізі еңбек. Еңбекпен ғана адам жақсы өмірге жеткен" -деп Сәкен Сейфулин атқандай адамдар осындай тамаша бұйымдарды жасай білген. Ши тоқу – көне кәсіптердің бірі. Ши тоқуға қазақтар шидің сабағын қолданған. Ол үшін әуелі әр шиді белгіленген сурет бойынша түрлі түсті жүннің иірілмеген талшықтарымен жеке-жеке шырмап алады. Бұдан соң оларды біріктіре тоқып кілемдей әсем сурет шығарады. Осылайша тоқылған шым шимен киіз үйдің керегелері айнала қоршалған, сондай-ақ киіз есіктің ішкі жағына тұтылған. Қазақтың қадым заманнан қалыптасқан шиден өрнек салатын көне өнері бүгінде өзінің өмірінің жаңа жалғасын тауып отыр. Бұл өнерді тек далада мал өсіріп, өмірінің бар қажеттіліктерін осы даладан алатын көшпелі халық қана тудыруы заңды еді. Ен далада өсіп тұрған шидің сабақтары мен өзі өсірген қойдың жүнінен иіріліп, сол далада өсетін өсімдіктерден алынған бояулармен түрлі түске боялған жіптерден өнер туындысын тудыратын бұл өнерден артық саин далада көшіп жүрген көшпелі халыққа соншалықты тән басқа өнерді атау қиын. Қолданған материалдарының техникасының қарапайымдылығымен ерекшеленетін бұл өнердің туындылары өзінің көркемдік сипатының

жоғарылығымен де айырықшаланады. Қарапайымдылығы бұл өнер техникасымен әр адамға айналысуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұл техникамен өнер бұйымын жасау оңай емес. Бұрын тек тұрмыстық қажеттілікті ғана өтеп қоймай, көшпелі тұрмысқа көркемдік берген бұл өнер бұйымдары ұлтық материалдық мәдениетіміздің бағалы ескерткіштеріне айналды.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. ӘбдуәлиеваШ. Халыққолөнері. Алматы 1992ж.
2. ҚасимановС.Қазақхалқыныңқолөнері. Алматы «Қазақстан» 1995ж.
3. Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алматы «өнер» 1986ж том1, том2, том3.
4. Қазақстан мектебі. Халықтың қолөнер туралы. Алматы 1991ж №7 63-65 беттер.
5. Арғынбаев.Х. Қазақ халқының қол өнері ғылыми зерттеу еңбектері. Алматы. Өнер 1987 ж.128 бет.
6. Еспенбетов.Б. Оқушыларды халықтың қолданбалы өнеріне баулу. Бастауыш мектеп. № 9; 10 бет. Алматы 1988ж.
7. Еспенбетов.Б. Ұрпағымыз ұмытпасын. Бастауыш мектеп. № 1; 27-28 бет. Алматы 1990ж.
8. Казыханова Б. Эстетическая культура Казахского народа. Алматы; Қазақстан 1973 г. 223 стр.

ӨӘЖ: 746.411

¹Махамбет Д.Ү.

Абай атындағы ҚазҰПУ, ӨМжСИ, 5В042100-Сән дизайн мамандығының 5 курс студенті

²Бекболатова Қ.М.

Ғылыми жетекшісі: философия докторы PhD, аға оқытушы

«АВАНГАРД» СТИЛЫНІҢ ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІНЕ СИПАТТАМА

Түйіндеме

Бұл мақалада авангард стилинің шығу тарихы, оның ерекшеліктері мен түрлері жайлы айтылады. Аталмыш стильдің негізін қалаушылары мен сән әлеміне еңбегі сіңген тұлғалар туралы айтылған.

Кілт сөздер: авангард, минимализм, деконструктивизм, концептуализм, ассиметрия,контраст, түстер комбинациясы.

¹Махамбет Д.У.

КазНПУ имени Абая, ИИКиС, студент 5 курса специальности 5В042100-Дизайн моды

²Бекболатова К.М.

Научный руководитель: доктор философии (PhD), ст.преподаватель

ОПИСАНИЕ ЭТАПОВ РАЗВИТИЯ СТИЛЯ «АВАНГАРД»

Аннотация

В данной статье рассказывается об истории возникновения авангардного стиля, его особенностях и видах. А так же, основателях этого стиля и выдающихся личностях в мире моды.

Ключевые слова: Авангард, минимализм, деконструктивизм, концептаулизм, ассиметрия, контраст, сочетание цветов.

¹*Makhambet D.U.*

KazNPU named after Abai, Institute of arts, culture and sport, 5th year student of the specialty 5B042100-Design fashion

²*Bekbolatova K.M.*

Supervisor: doctor of philosophy (PhD), senior lecturer

DESCRIPTION OF THE STAGES OF DEVELOPMENT OF THE STYLE «AVANT-GARDE»

Annotation

This article describes the history of the avant-garde style, its features and types. About the founders of this style and outstanding personalities, honored in the fashion world.

Keywords: avant-garde, minimalism, deconstructivism, conceptualism, asymmetry, contrast, color combination.

Авангард-бұл стильдің отаны 20-ғасырда Жапония болған. Бұл сөздің мағынасы (фр. Avant - алдында, garde - күзет) – негізгі әскери күшті қорғау мақсатында жорықта алдыңғы шепте жүретін әскери бөлімше дегенді білдіреді. Алғашында "Авангард" стилі архитектурада және мәдениетте қолданылған болатын. Біртіндей келе, ол сән әлеміне де жол аша бастады [1].

Бұл сән үлгісі басқа стильдерден өзінің ерекшеліктерімен ерекшеленеді. Мысалы, бояудың және сызықтың оғаш үйлесуі, киімге көлемді алқалар мен бажыр аксессуарларды пайдалануымен ерекшеленеді. Бұл күнделікті киюге арналмаған стиль. Көпшілікті жерде бұл үлгідегі киім арқылы тез-ақ көзге түсіп, ерекшеленуге болады. Тіпті атауының өзі де ерекше әрі батылдықты білдіреді. Авангардтық стиль - бұл гротеск. Мұнда сатиралық және драмалық нәрсе бар. Қиял мен шындық осы стильдегі киіммен тығыз байланысты. Алдыңғы қатарда бәрі асыра айтылған, бәрі де жақында[2].

"Авангард" стилінің шыққан уақыты белгісіз, әйтсе де кейбір деректерге қарасақ, бұл стильдің фэйшн-индустрияға кірген уақыты 20-ғасырдың 60-жылдары деп болжап айтуға болады. Бұл стильдің дүниеге шығуы ең бірінші француз дизайнері Пьер Карденмен байланысты. Пьер Карден Авангард стилін былай деп айтып кеткен - *ең батыл ханымдарға арналған сән шыңындағы стиль!*

Карден көптеген сән әлемінде эксперименттер жасағанды ұнататын. Ол өзінің киімдерді оғаш әрі ерекше үйлесулерімен дүйім жұртты таң қалдырады. Оның коллекциялары ашық экзотикалық бояулармен және көлемді аксессуарлармен ерекшеленіп тұратын. Ол өзінің коллекциясын ғарыштық авангард стилінде адамзат тарихындағы алғашқы жасанды Жер серігін ұшыруға жіберді. Бұл стильдің шығу тарихын тағы да бір әйгілі тұлғалардың бірі Вивьен Вествудпен байланыстыруға болады. Бұл ерекше әйел өзінің сән әлеміне ешкімге ұқсамайтын, басқа бір көз қарасты әкелді. Қазіргі уақытта "Авангард" стилі сәннің бір бөлшегі болып саналады. Оның тенденцияларын Сан-Франциско (АҚШ) қаласындағы Сән мектебінің жас дизайнерлері мен басқа да дизайнерлік мектептердің студенттері зерттеуде. Авангард суретшілерінің бірі - ірі дизайнер Гарет Пью (Gareth Pugh) "Авангард" стиліне қызығушылығын танытып, соған өз өмірін арнаған болатын.

Авангард сөзінің бірнеше мағынасы бар:

Әскери істе Авангард - негізгі әскери күшті қорғау мақсатында жорықта алдыңғы шепте жүретін әскери бөлімше. Авангард белгілі бір қашықтықта жүріп, негізгі күшті жаудың тұтқиылдан жасаған шабуылынан сақтауды, қарсыластың маңызды объектілерін, қорғаныс

шебін басып алуды, негізгі күштің майданға кіріп, қанат жаюын қамтамасыз етіп, әскерлердің ұрысқа кіруіне қолайлы жағдай жасайды, кездесетін тосқауылдарды жояды. Авангардтың құрамы, оның негізгі күштерден алда жүру қашықтығы жағдайға және алдына қойылған міндетке байланысты. Соғыста авангардты барлық атыс құралдары: оқпанды және реактивті артиллерия, миналар, авиация т.б. қару түрлері қолдайды.



Сурет 1. Пьер Карденнің коллекциялары



Сурет 2. Вивьен Вествудтың коллекциясы



Сурет 3. Гарет Пьюдің коллекциясы

Авангард (Стиль) - мәдениетте, сәулет саласында қолданылады. Біртіндей келе сән әлеміне де жол аша бастады.

Саяси авангард – саяси билікке, оның мазмұны мен мақсаттарын жүзеге асырылуына ықпал ете алатын қоғамдық-саяси күштің жетекші бөлігін айтамыз [2].

Авангард стилінің негізгі ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ:

- киімді жасау үшін кез келген материалдарды қолдану;
- ерекше нысандары мен картиналар жасау;
- түстердің батыл комбинациясы;
- геометриялық фигуралар пайдалану;
- киім бұйымдары түгелдей асимметриялы;
- имитациялық әртүрлі табиғи материалдар;
- контраст;
- үлкен, көз-аулайтын, жарқын керек-жарақтар;
- ерекше бас киімдер;
- талғампаздықты қажет етеді [3].

Авангард стилі көбіне жастар стилі болып келеді. Авангард стилі сонау 20 ғасырдың 60-шы жылдары пайда болса да, әлі күнге дейін сол қалпын сақтап, әлі де болса сұранысқа ие, әрі көптеген дизайнерлер үшін жеңіл стиль емес. Әрбір дизайнер осы стильге кірісе алмайды. 21-ғасырдың небір сәнқойлары үшін бұл стиль таптырмас ерекшелік болып келеді. Авангард стиліндегі киімдерге тек ерекше көзге түсетін әр түрлі түстегі маталар, ірі, үлкен аксессуарлар, ерекше бас киімдер, асимметрия қылып жасалынған киімдер ғана емес, сонымен қатар, аталмыш стильдің қолданылатын материалдары қағаз, пластмасса, металл, фольга және т.б. Яғни, Авангард стилі - бұл еркіндік. Әр адамның өзіне тән стилі болады. Бір-бірінен ерекшелінетін стиль арқылы адамдар ерекше көзге түседі.

Бұл бағыттың ең көрнекті өкілдері киім үлгілері бойынша негізін қалағандар - Пьер Карден, Вивьен Вествуд (Viven Vestvud), Гарет Пью (Gareth Pugh), Кензо (Kenzo) және Одзи Ямамото, Рей Кавакубо (Rei Kawakubo), Иссей Мияки (Issey Miyake) және басқалар.

Бүгінгі таңда, сән әлемінде кең тараған, қатыгездік және демонстрациялық сияқты өлшемдері бар. Дизайнерлер, стилисттер әрдайым жарқырай түсуге, айналадағы бейнелерді ерекшелеуге, сілкілеуге қабілетті. Сән дизайнерлері мен стилисттер стильді киімдердің әдеттен тыс аксессуарлары мен таңғажайып макияж үйлесімділігін арттырады. Осыған байланысты, киімдегі авангард стилі ең танымал болды. Бұл бағытта жасырын, батыл, шығармашылық және өзін-өзі сенімді тәсілі деп аталады. Киімдегі авангард стилі - барлық белгіленген канондық және әдеттегі стереотиптердің толық құлдырауы.

Әрине, авангард стиліндегі киім үлгісі күнделікті деп аталмайды. Негізінде оларды кәдімгі гардероб ретінде пайдалану қиын. Алайда күнделікті суреттерде авангардтық аксессуарлар мен элементтер пайдаланылады. Стилисттер жиі шляпаны қызыл қалпақшалармен, шарфтармен немесе басқа да байланыстармен безендіреді. Авангардтық киімдерге арналған шаштар да өзіндік жеке стильде жасалады [4].

Авангард стилінің жүзеге асырудың үш бағыты мен бірнеше нұсқасы бар, олар:

1. *Концептуализм*-авангард стилінің классикалық нұсқасы. Концептуализм-бұл стильдің ең радикалды түрі. Бұл киім күнделікті өмірге арналмаған, киімнің көмегімен өзінің тұжырымдамасын, идеясын жүзеге асыратын дизайнердің өзін-өзі көрсету үшін арналған.

Әдетте подиумнан басқа, мұндай киімді еш жерде кездестірмейміз. Сонымен қатар мұндай киім матадан басқа, целлофан, пластика, шеңбер, қағаз түріндегі материалдардан жасалуы мүмкін.

2. *Деконструктивизм* (ағылш. (бұзу) – ғасырлар бойы қалыптасқан стиль мен талғам заңдылықтарын бұзатын авангардтың ерекше бағыты.

Деконструктивизмді қауымдастықтағы дизайнерлердің ойыны деп те атауға болады. Жапон дизайнерлері үшін аталмыш стиль ерекше әсер тигізген соң, олар оны жаңа киім философиясы ретінде қабылдады. Бұл философияда дәстүрлі киімге ұқсамайтын жаңа бейне жасалды. Деконструктивизм туралы көбіне "цитатаға бөлінген киім"дейді. Олар фрагменттермен, тұтас бөліктермен ойнайды, киім-кешекті тұлғаға отырғызады. Стандартты емес шешімдер пайда болады: екі жақты пальто/курткалар, бір жеңді блузкалар/майкалар/көйлектер, алынбалы-салынбалы жеңдері бар күртешелер және т.б. Авангард бағытындағы киім-пішінсіз, асимметриялы, ерекше болып келеді. Ілгектерді олар күнделікті киімде көруге дағдыланған жерде емес, сыртқы тігістерінде немесе киімнің басқа бөліктерінде қолдана алады. Бұл бағыттағы дизайнерлер киім нысаны мен функционалдығы туралы адамдардың дәстүрлі түсініктерін бұзады. Киім эксперимент нысаны үшін алынады. Дизайнер конструкцияны және пішімді жалаңаштайды, әдеттегі формаларды бұзады, жаңа технологияларды іздейді. Мұндай киімдерде аяқталмаған элементтер бар. Бір қызығы, жетілмегендік жапон эстетикасының ережелері бойынша шынайы және тірі нәрсе белгісі болып саналады, оны деконструктивизм бағытын сүйетіндерге ұсынады.

3. *Минимализм* - авангард стилінің ең ұстамды бағыты. Ол біртондылықпен ерекшеленеді, көзге бірден түсетін күшті секіріс емес, қарапайым формалар мен материалдар, түзу сызықтар. Минимализмде кем дегенде бөлшектер мен суреттер (бейнелер) қолданылады [5].



Концептуализм

Еджи Ямамото, деконструктивизм



Гарет Пьюдің коллекциясы (күз-қыс 2013-2014 ж),минимализм.

Қорыта келе, айтатын болсақ жаңа заманның ерекше,бірден көзге түсетін авангард стили қазіргі кезде әлемді жаулауда.Жас таңдамайтын бұл стильді сәнқой,ерекше болып жүргісі келетін адамдар қорықпай өздерінің гардеробтарына енгізуде.Бұл стильді күнделікті өмірмен байланысын тапса деген ойымыз бар. Және де біздің айтарымыз әрбір адам ерекше тұлға,өздерінің миллионнан бірі екенін білгенін қалаймыз.

Әдебиеттер:

1. Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. - 880 бет.ISBN 9965-893-73-Х
2. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Әскери іс. Алматы:"Мектеп" ААҚ, 2001.
3. <https://kk.atomiyme.com/киим-авангард-мамандардың/>
4. <https://kk.unistica.com/киимдегі-авангард-стилі/>
5. <https://www.matrony.ru/avangard-stil-na-grani-mody-dlya-samyx-smelyx-dam/>

ӨӘЖ: 746.411

Шуақова К.

*Абай атындағы ҚазҰПУ, ӨМжСИ, 5В042100-Сән дизайн мамандығының 3 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Философия докторы PhD, аға оқытушы Бекболатова Құралай
Маратовна*

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада қазақ ұлттық киімдерінің оның ішінде бешпеттің өзгеріске ұшырағаны, әрі оның түрленуіне тоқталып, оларға қысқаша сипаттама берілген. Сонымен қатар, қазақ ұлттық киімдерінің өзіндік бұрынғы сюжеттік элементтерін сақтай отырып, қазіргі заманға сай жаңа әдіс-тәсілдермен тігетін сән үйлердің ашылып жатқандары жайлы сөз етіледі.

Кілт сөздер: ұлттық киім, бешпет, үлгі, костюм, мата.

Шуакова К.

КазНПУ имени Абая, ИИКиС, студентка 3 курса специальности 5B042100-Дизайн моды
Научный руководитель: *доктор философских наук PhD, старший преподаватель Бекболатова*
Куралай Маратовна

ЭВОЛЮЦИЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ КАЗАХСКОЙ ОДЕЖДЫ

Аннотация

В статье дается краткая характеристика Казахской национальной одежды, в том числе о изменении бешпента и его формообразовании. Говорится о том как в современном мире открываются модные дома по пошиву казахской национальной одежды современными методами и способами, учитывая прежних сюжетных элементов.

Ключевые слова: национальная одежда, бешпет, модель, костюм, ткань.

Shuakova K.

KazNPU named after Abai, IIKiS, 3rd year student of specialty 5B042100-Fashion Design
Scientific adviser: PhD, senior lecturer Bekbolatova Kuralay Maratovna

EVOLUTION OF NATIONAL KAZAKH CLOTHING

Abstract

The article gives a brief description of the Kazakh national clothes, including the change in beshpent and its shaping. It is a question of how in the modern world fashion houses for sewing Kazakh national clothes are opened with modern methods and ways, taking into account the previous plot elements.

Keywords: national clothes, beshpet, model, costume, fabric.

Киім ұғымына көйлек (адамның денесін тікелей орап тұратын нәрсе), аяқ киім, бас киім, сондай-ақ қосымша ретте белдік, көркем безендіру заттары және т.б. да кіреді. Киімнің негізгі қызметі – қорғаныш (дене тұрғысында және моральдық жағынан қорғану) және пайдалы-тәжірибелік қызмет, өйткені киім барлық кезде адамның қандай да бір практикалық қызметімен байланысты болып келеді, белгілі бір қызмет атқарады, адамның қоршаған ортаға бейімделуіне көмектеседі.

Өркениеттің ең ежелгі сатыларында киім адамның «жамылғысы» ғана болып қалған жоқ, ол адамның белгілі бір өмірлік үрдістерінің мәнін білдіре отырып, әдет-ғұрып нысаны да бола білді. Қазақтардың дәстүрлі мәдениет дүниесін зерттеген Н. Шаханованың атап өтуінше, «адам-киім» жүйесі қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Киім дегеніміз – костюмнің тұтас бір кешені, сондай-ақ оның жекелеген бір элементтері ретінде толық қанды семантикалық қабатқа ие болып келеді. Киім жан-жақты әмбебап категориялар болып танылатын «жоғары-төмен», «ғұрыптық-дүниежүзілік», «ұрпақ-

ұрпақсыздық», «аталық-аналық» ретінде қабылданып отырды. Киімге байланысты түсініктер қазақ қоғамының кейінгі даму кезеңдеріндегі «бақ», «береке», «дәулет», «байлық» мағыналарын беретін «құт» сөзімен байланысты күрделі идеологиялық кешеннің бір бөлігі болып келген. Басқаша сөзбен жеткізетін болсақ, киім өз иесін білдіретін зат, таңба ретінде ұсынылады.

«Киім» ұғымының мазмұнын осы тұрғыдан түсіну қазіргі дәуірге лайық болып табылады, өйткені 1740 жылы жарық көрген Француз академиясының сөздігінде костюм адамды ерекшелеп тұратын, оған қоршаған ортамен үйлесімді қатынасын құруға көмектесетін, адамдардың осы әлеуметтік тобының әдет-ғұрпын бейнелейтін белгі ретінде түсіндіріледі. Костюм дегеніміз – ең алдымен белгілі бір дәстүр, танысу, білісу шарасы, индивидтің емес топтың белгілі бір таңбаларының білдірілуі. Сондай-ақ костюм дегеніміз – іс-әрекеттердің белгілі бір жиынтығы.

Әйелдердің киімі. Әйелдер де ерлердің киімдері сияқты пішілген көйлек пен шалбар киеді, бірақ әйелдердің көйлегі тобығына дейін жететіндей ұзын болып келеді (әйелдер, қыздар мен кемпірлердің көйлектері бірдей пішілген күйде болады). Көйлектің сыртынан жеңі жоқ бешпет-камзол киеді. Мерекелік жағдайларда жібек шапан киіп жүреді.

Киім, оның геометриясы, формасы күрделі философиялық идеяларды білдіре алады. Костюм қоғам мен мәдениеттің дамуындағы маңызды өзгерістерді бейнелейді, ол уақыттың неғұрлым мәнерлі қасиеттерін ашық көрсете алады. Алайда, костюмнің бейнесі мен формаларын анықтайтын ең маңызды фактор адам денесінің пішіні, қимыл пішіндері болып табылады. Адамның дене пішіні костюмнің формасының сипаты, элементтерінің орналасуы, түстері мен бөлшектерінің қандай болуы керектігін білдіреді. Мәселен, ХІҮ-ХҮ ғасырлардағы итальяндық қайта өрлеу дәуіріндегі адам пішінінің табиғи күйіне еркін созылып тұрған киім түрлері, жендерінің жұмсақ болуы, белінің тартылмай бос тұруы сәйкес келеді. ХҮІ ғасырдағы испандық қайта өрлеу дәуірі бұған кереғар қайшы келеді, бұл кездегі киімдер (панцерь) формасында және бүрмелі болып келді.

Қазақ киімдерінің түрі, үлгісі көп. Кейбіреулерінің сырт көріністері мен атауларына өзіміздің қазақ ағайындардың киімдеріне ұқсас болған, біздің киімдеріміздің пішіндері мен нақыштары өзгеше таза ұлттық нұсқалы.

Қазақ киімдері күнделікті тұрмыстық және салтанаттық сәнді деп екіге бөлуге болады. Жалпы алғанда қазақ киімдері етек-жеңі мол, қарапайым, жұмысқа және жүріп тұруға үйлесімді, дене сымбатын ашатын сәнді. Қазіргі өрнекті заманда ұлттық нышандарымызды айқындай түсетін егемендігімізге де, жастарымызға да күнбе-күндумандарда киіп жүруге әбден жарасымды.

Қазақ ұлттық киімдерінің шығу тарихын, мән-мазмұнын, технологиясын, стильдік ерекшеліктерін зертеген ғалымдарға И.П.Фальк, П.С.Паллас, И.Георги, Г.И.Спасский, А.И.Левшин т.б. жатады.

Қай қоғамда болмасын киім тәсілі, жолдары ерекше орын ала бермек, күнде өзгеріс болып жатқан дәстүрімізді, тарихи байлығымызды қадірлей білуіміз керек.

Бүгінгі мен кешегімізді қастерлеу - қоғамның парызы. Сол қоғамды дамытушы адам. Жас ұрпақ ертеңгі қоғам иесі. Қоғам иелері қазақ халқының өміртіршілігін қазіргі уақытқа сәнді, мәдениетті етуге тырысуда.

Ұлттық мәдениетімізді, ұлттық киімдерімізді, қолданбалы сәндік қолөнер мен танытуда [1].

Ғасырлар бойына қалыптасқан ұлттық киімдерінің ортасында бешпеттің жөні бөлек. Ол сонау мыңжылдықтардан осы заманға дейін ұлтымыздың басты киімдерінің бірі болып, біздің бабаларымызбен бірге жасасып келді. Сонау тастағы суреттердегі адамдардың киімінен бешпеттің сұлбасын байқау қиын емес. Күні кеше ортамызда жүрген ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың жырына құлақ түрсек те бешпеттің орны бөлектігін байқаймыз.

«Жүрегіміз жақыннан бірге соқсын, ағытшы бешпетіңнің түймелерін» демей ме ақын. Бешпет- қазақ үшін әмбебап киім. Оны еркектер де, әйелдерде кие алады. Жігіттер де, қызарға

да жараса кетеді. Оның үстіне бешпет жылдың маусымына да қолайлы. Оны жазғы түннің салқынында, көктемнің сәл ызғарында, күздің қоңыржай кезінде үстіден тастамай киеді.

Қазақ үшін ең жылы да жайлы материал- түйенің жүні бешпет үшін де керек. Бешпетті түйенің жүнінен басып, соның жұқа матасынан тіккен. Ерге қонғанда ыңғайлы, желең жамылғанда әсем мұндай бешпет түрлерін қазақ сахарасының барлық бұрыштарынан кездеріміз.

Осы заманғы сән үлгілерінің қатарынан орын алуы бешпеттің уақыт көшінен қалмаған, ғасырлар тозаңында тұншықпаған киім екенін аңғартады. Ежелгі заманда-ақ осындай үлгі шығарған бабалар алғырлығы сән ғылымының маманы ретінде мені қатты таңырқатады.

«Сымбаттың» сән қойнауынан қазір бешпеттің бірнеше түрлері шығарылады. Оларды кейде белгілі бір киім топтары мен қойылымдарын толықтыру үшін пайдаланамын. Ал кейде тұтынушылар үшін бешпеттің жеке үлгілері жасалады. Мен оқырмандарды бұл киімнің өндіріске ұсынылған тәрт түрімен таныстырғанды жөн санадым. Өйткені, оның негізінде қазақтың ежелгі киімін осы заманға лайықтап қайта жаппай шығаруға болады деп білемін.

Сән маманы ретінде бұл киімдерді жұмысқа және демалыс уақытында киюді ұсынамын. Ал, ұлттық мерекелер қарсаңында оларды киіп шығу мерекелік көңіл-күйді еселей түсетіні талассыз. Алдымен айтарым, бешпеттердің пішімі тік ұзын жеңді. Кішкене қайырма жаға біртіндеп сырмасы жоқ өңірлерге айналып кетеді. Бешпеттер әшекейленген.

Мәселен. Бір бешпеттің әшекейі- тігінен және көлденеңінен түсетін меандрлар- толқын тәріздес суреттер. Суреттің басты элементі- бір-бірінен шығып, айналып тұрған шымқай шеңберлер. Олар қазақтың қошқар мүйіз оюы үрдісінде жапсырылған. Қазақ қашан да қошқар мүйізді барлық пен дәулеттің, байлық пен сәулеттің белгісі санаған. Мойын ойығы, алдыңғы өңірдің орта тұсы және етек-жеңі де осылай әшекейленген. Бешпеттің қалтасы бар. Оған да ою түскен.

Бешпеттің тік пішіліп, тігілуі мен оның нәзік әшекейленуі бір-бірін толықтырып, асқан биязылықты аңғартады. Сондай-ақ арқаның жауырын тұсы да әшекейленген.

Осы бешпеттердің бәрі де осы заманғы талаптар үрдісінен шығады. Бешпеттердің бәрі де сән талғамына сай және киігенге өте жайлы және жұмсақ.

Матаның бешпетке лайықты таңдалуы оған нәзіктік, қайталанбас талғампаздық және қайырымдылық рацын береді. Өрнектердің ұлттық дәстүрде болуы киімді ұлттық табыстардың қатарына жатқызуға негіз болады.

Бешпеттердің бәрі мата белбеумен орап буылады. Ол маталардың түсі жең мен жағаның жапсырмасымен түстес болады.

Міне, мұндай бешпеттер қазір көше мен үй сәнін келтіретіні анық [2, 45-48б.].

Ұлттық киім үлгісін әзірлеуде осы «костюм композициясы» туралы білімнің студент бойында дұрыс меңгерілуі қазіргі сән бағыты мен дәстүрлі киім элементтерін пайдалану арқылы жүзеге асырылуы нәтижелі болар еді [4, 7 б.].

Ұлттық киімдерді әзірлеу процесі ұзақ та тыңғылықты еңбекті қажет ететін күрделі процесс. Өйткені бұл процес бірзділікпен қол еңбегі және машина арқылы орындалатын бірқатар еңбек операцияларын қамтиды. Ұлттық киім үлгілерін эстетикалық тұрғыдан жоғары деңгейде, сапалы даярлауы осы еңбек операцияларын орындаудан ғана талап етілмейді. Олардың бұл күрделі процесі аса қызығушылықпен атқаруы студенттердің ұлттық киімдер саласынан теориялық білімінің деңгейінен талап етіледі. Аталған теориялық білімдер мазмұнын қазақ ұлттық киімдерінің шығу және даму тарихы, олардың жіктемесі мен ерекшеліктері, атқаратын қызметі, тәрбиелік мүмкіндіктері, жасалу техникасы мен технологиялары туралы білімдер құрайды [3,384 б.].

Қазақ ұлттық киімдерінің мазмұндық және конструкциялық-технологиялық ерекшеліктерін анықтау мен негіздеу еңбекке қызығушылықты тиімді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Себебі, олардың шығуы мен даму тарихы, жіктемесі, ерекшеліктері, атқаратын қызметі туралы білімдер студент-тердің танымдық қызығушылығын қалыптастыруға

ықпал етсе, ұлттық киім үлгісін әзірлеудің танымдық, көркем-шығармашылық, өндірістік процесі тұлғаны эстетикалық тұрғыдан жетілдіреді, шығармашылық ойлау, қиял, белсенділік, қабілеттерін дамытады, еңбек ету іскерліктерін, дағдыларын жетілдіреді, шеберліктерін шыңдайды [5, 38 б.]

Бұл тақырыпты қорындылайтын болсақ, сонау көшпелі заманның салт-дәстүрімен жалғасып келе жатқан қолөнердің аса бай қазынасының бірі – қазақтың ұлттық киімдері. Жалпы алғанда, қазақ киімдері етек-жеңі мол, қарапайым, жұмысқа және жүріп тұруға үйлесімді, дене сымбатын ашатын сәнді болып келеді. Қазақ киімдері қазіргі заманға сай жаңа әдіс-тәсілдермен тігіліп, сонымен қатар, өзіндік бұрынғы сюжеттік элементтерін ұмытпау керектігін ескеруіміз қажет. Сондықтан біз ұлттық киімдерімізді ұмытпай бізден кейінгі ұрпықтарға айтып насихаттап отырғанымыз жөн.

Әдебиеттер:

- 1 Қазақ ұлттық киімдерінің сыры мен мәні. 18.05.2015. <https://el.kz/kz/news/archive/%D2%9B%D0%B0%D0%B7%D0%B0%D2%9B-%D2%B1%D0%BB%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B-%D0%BA%D0%B8%D1%96%D0%BC%D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96%D0%BD%D1%96%D2%A3-%D1%81%D1%8B%D1%80%D1%8B-%D0%BC%D0%B5%D0%BD-%D0%BC%D3%99%D0%BD%D1%96>
2. Асанова С. Сымбат. Қазақтың ұлттық киімдері.-Алматы: Атамұра, 1995. -208бет.
3. Қазақ халқының ұлттық киімдері. – Алматы.: Алматыкітап. 2007. – 384 б.
4. Тухбатуллина Л.М., Сафина Л.А., Хамматова В.В. Проектирование костюма. – Ростов н/Д.: Феникс, 2007. – 283 с
- 5.Сериков В.В. Формирование у учащихся готовности к труду. – М.: Педагогика, 1988. – 193 с

УДК 7.049.1

Абишева О.Т.¹, Карбозова А.А.²

¹КазНПУ им. Абая, Институт искусств, культуры и спорта доктор искусствоведения, асс.профессор

г.Алматы, Казахстан

²Магистрант 1 курса по специальности «7М02118 – Графический дизайн» КазНПУ им. Абая, Института

искусств, культуры и спорта

г.Алматы, Казахстан

РАЗВИТИЕ ТЕХНИКИ ГОБЕЛЕНА И ОТРАЖЕНИЕ В КУЛЬТУРЕ В РАЗНЫЕ ВРЕМЕНА

Аннотация

В этой статье рассматривается разница техники исполнения гобелена в разные времена исходя из литературных источников. А также предоставлены краткие сведения о роли гобелена в интерьере. Приведены факты из литературных источников об отражении культуры разных цивилизаций в данном виде прикладного искусства. Предоставлена информация о традиционном казахском ткачестве как виде схожий к данному декоративно-прикладному

искусству, а также в статье рассматривается его развитие и распространение на казахской земле. А также рассказывается о видах ковров в казахском ткачестве и их место использовании в повседневном быту казахского народа. Подчеркивается особая роль казахского традиционного ткачества в ремесле казахского народа.

Ключевые слова: декоративно-прикладное искусство, гобелен, текстильное искусство, шпалера, композиция, интерьер.

Abisheva O.T.¹, Karbozova.A.A.²

*¹Candidate of Pedagogical sciences, associate professor,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

*²Student of master's course in the specialty «7M02118 –Graphic design»,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Institute of Arts, culture and sport,
Almaty, Kazakhstan*

DEVELOPMENT OF TAPESTRY TECHNIQUE AND REFLECTION ON THE CULTURE OF DIFFERENT CIVILIZATIONS

Abstract

Цветоведение и колористика	
Инфографика в цифровом искусстве	
Разработка брендбука и создание фирменного стиля	
Бумагопластика и конструирование упаковки	
Визуальные коммуникации и медиадизайн	
Компьютерная графика и цифровой дизайн	
Интерактивный дизайн	
Мультимедиа бренд-дизайн	

Сегодня дизайн задействован практически во всех сферах жизни общества. С каждым днем производители товаров и услуг всё чаще вынуждены обращаться к оформительской деятельности, чтобы быть на шаг впереди конкурентов, отличаясь оригинальностью, тем самым показывая свою значимость и необходимость потенциальному покупателю. Так Борисом Арватовым, теоретиком производственного искусства 20-х годов прошлого века, было выведено мнение, что дизайн не является искусством, хоть и «произошёл» от него. Дизайн — это проектирование, которое будет учитывать помимо условий производства условия потребления. Станет некой связью между производством и потреблением.



Начиная с доисторической эпохи можно заметить, что люди старались всячески выделить свои вещи, подчеркнуть то, что принадлежит какому-то конкретному человеку. Они, сами того не осознавая, стали украшать собственные орудия труда, а затем и предметы быта, изображая своеобразные рисунки и орнаменты, порой понятные лишь автору. Заниматься оформлением присуще даже необразованным, так же не имея и знаний о прекрасном. Вероятнее всего, подобными действиями человек уже тогда проявлял желание находиться в наиболее эстетически привлекательной среде.

Благодаря декоративно-прикладному творчеству, найденному при раскопках, сейчас исследователи могут изучить быт хозяев какой-нибудь кухонной утвари. Это удивительно и ценно тем, что никаким иным образом мы не имеем возможность узнать о людях, живших сотни лет назад. Если задуматься, то, что это было, как ни проявление дизайна? Самобытное, не всегда понятное самовыражение человека с желанием сделать своё предметное окружение наиболее привлекательным. Глядя на историю дизайна становится ясно, что всё тесно связано с эволюцией материальной среды человека, путем развития техники и технологий. В роли объекта дизайнерской деятельности теперь выступает абсолютно всё. Некоторые изделия ремесленного производства и прикладного искусства, плавно перешли в область дизайна. В основном это изделия, которыми пользовался человек издревле, и их функция практически не изменилась, например, посуда, одежда, мебель и пр. На сегодняшний день все эти предметы производят в различных сферах деятельности. При этом любой прикладной предмет, из области прикладного искусства, созданного дизайнером, можно отличить друг от друга, если говорить о чётко выраженных формах.



Благодаря декоративно-прикладному творчеству, найденному при раскопках, сейчас исследователи могут изучить быт хозяев какой-нибудь кухонной утвари. Это удивительно и ценно тем, что никаким иным образом мы не имеем возможность узнать о людях, живших сотни лет назад. Если задуматься, то, что это было, как ни проявление дизайна? Самобытное, не всегда понятное самовыражение человека с желанием сделать своё предметное окружение наиболее привлекательным. Глядя на историю дизайна становится ясно, что всё тесно связано с эволюцией материальной среды человека, путем развития техники и технологий.

Но эта граница в некоторых случаях становится размытой, тогда становится трудно определить, что это: дизайн или прикладное искусство.

За последние пару десятилетий практика дизайна довольно усложнилась, и провести границу между дизайном и иными областями профессиональной деятельности художника вне искусства становится все сложнее. Создание совершенно новых промышленных изделий, изменения традиционной формы промышленной продукции и технических характеристик, изобретение фирменного стиля — все это теперь называется дизайном и разрабатывается профессиональными графическими дизайнерами.

Использованная литература

1. Глазычев В.О. дизайн (Очерки по теории и практике дизайна на Западе). М., 1970. С. 4.С. 134.
2. Ср., например, многочисленные исследования «культуры повседневности».
3. Read H. Art and Industry. London, 1934.
4. Gloag I. The Industrial Art Explained. London, 1934.
5. Краткая стенограмма семинара в Брюгге. М., 1964. С. 7.
6. 7.Свободная энциклопедия «Википедия»
8. Дон Норман «Дизайн привычных вещей»
9. Майкл Бейрут «Теперь вы это видите»
10. Абишева О. Т. Жақандану үрдістерінің аймақтағы көркем өнер білім берудің әдістері.Серия Художественное образование. №2 (55), 2018, С.6-7.

УДК 37.036
МРНТИ 14.35.07

М.Е.Жангужина¹ А.К.Асанова²

¹ доктор педагогических наук, ст.преподаватель кафедры «Сценография» КазНАИ имени
Т. Жургенова,
г.Алматы, Казахстан

² 7M02118 – «Костюм театр, кино и ТВ костюм» магистрантка 1 курса КазНАИ имени Т.
Жургенова,
г.Алматы, Казахстан

МОДИФИКАЦИЯ СЦЕНОГРАФИИ НАЦИОНАЛЬНОГО КОСТЮМА В КАЗАХСКОМ КИНО

Аннотация

В данной статье изучается модификация сценографии костюма с момента возникновения у основателя казахского кино, кинорежиссера, актера Шакена Кенжетавича Айманова, новые формы, найденные в связи с пространством новых изысканий и исторических событий, и их успешное использование. Как известно, сценография национального костюма ориентирована не только на кино, но и на теоритических материалах. Сценография костюма имеет особое место в истории кино. Сценография костюма – основное значение и значение каждого исторического или современного кино событий, с точки зрения времени и пространство. В первой части статьи говорится об актуальности и актуально раскрыты законы композиции костюма и методы моделирования, раскрыть смысл каждой одежды. Во второй части статьи рассматривается произведения, реализованные в истории казахского кино при непосредственном участии сценографии костюма, как советские, годы независимости и новый период. В каждом фильме раскрыты место и ценность костюмов на экране.

Ключевые слова: костюм, сценография, национальный костюм, казахское кино, теория костюма, теория кино, художник костюма.

M.E.Zhanguzhinova¹ A.K.Assanova²

¹ doctor of pedagogy, senior lecturer *KazNAI named after T.Zhurgenov*, Almaty, Kazakhstan.

² 1st course masters speciality of «Theater, film and TV costume», Almaty, Kazakhstan.

CHANGES IN NATIONAL COSTUME SET DESIGN IN KAZAKH CINEMATOGRAPHY

Abstract

This article studies the modification of the scenography of the costume since the origin of the founder of the Kazakh cinema, film Director, actor Shaken Kenzhetaevicha Aimanov, new forms found in connection with the space of new research and historical events, and their successful use. As you know, the scenography of the national costume is focused not only on cinema, but also on theoretical materials. The set design of the costume has a special place in the history of cinema. The scenography of the costume is the basic meaning and significance of every historical or contemporary cinema event, in terms of time and space. The first part of the article talks about the relevance and relevance of the laws of costume composition and modeling methods, to reveal the meaning of each garment. In the second part of the article the works realized in the history of the Kazakh cinema with the direct participation of the scenography of the costume, such as the Soviet, the years of independence and the new period, are considered. Each film reveals the place and value of costumes on screen.

Keywords: costume, scenography, national costume, Kazakh cinema, costume theory, film theory, costume designer.

М.Е.Жангужина¹ А.К.Асанова²

¹п.ғ.д., профессор, Т.Жүргенов атындағы ҚазҰОА «Сценография» кафедрасының
мұғалімі,

ҚАЗАҚ КИНОСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ КОСТЮМ СЦЕНОГРАФИЯСЫНЫҢ ТҮРЛЕНУІ

Аңдатпа

Мақалада костюм сценографиясының қазақ киносының негізін қалаушысы, кинорежиссер, актер Шәкен Кенжетайұлы Аймановтың тұсында пайда болғаннан бергі түрленуін, жаңа ізденістер мен тарихи оқиғасының кеңістігіне байланысты табылған жаңа формаларын әрі оларды сәтті түрде пайдалана алуы туралы зерттеледі. Ұлттық костюм сценографиясының кинода ғана емес жалпы өнер салаларының қай-қайсысында болмасын алатын орны туралы да деректер мен теориялық материалдардан хабардар етілген. Костюм сценографиясының кино тарихында алатын орны ерекше. Әрбір тарихи немесе заманауи кино оқиғаларының негізгі мәні мен маңызын, уақыт пен кеңістік тұрғыдан әрлеп беретін - костюм сценографиясы. Зерттеу мақаланың алғашқы бөлімінде костюм композициясының заңдары мен модельдеу жолдарын теориялық тұрғыдан ашып көрсетіп, әрбір киімнің мағынасын ашып көрсету өзекті әрі маңызды. Мақаланың екінші бөлімінде қазақ киносы тарихындағы костюм сценографиясының тікелей араласуы арқылы жүзеге асқан туындыларды кеңестік, тәуелсіздік алған жылдар және жаңа кезең деп бөлінің қарастырылды. Әр фильмдегі костюмдердің орны мен экрандағы құндылығын ашып көрсетілді.

Түйін сөздер: костюм, сценография, ұлттық костюм, қазақ киносы, костюм теориясы, кино теориясы, костюм суретшісі.

Кіріспе

Өркениеттің ең ежелгі сатыларында киім адамның «жамылғысы» ғана болып қалған жоқ, ол адамның белгілі бір өмірлік үрдістерінің мәнін білдіре отырып, әдет-ғұрып нысаны да бола білді. Қазақтардың дәстүрлі мәдениет дүниесін зерттеген Н. Шаханованың атап өтуінше, «адам-киім» жүйесі қазақтардың дәстүрлі дүниетанымының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Киім дегеніміз – костюмнің тұтас бір кешені, сондай-ақ оның жекелеген бір элементтері ретінде толық қанды семантикалық қабатқа ие болып келеді. Киім жан-жақты әмбебап категориялар болып танылатын «жоғары-төмен», «ғұрыптық-дүниежүзілік», «ұрпақ-ұрпақсыздық», «аталық-аналық» ретінде қабылданып отырды. Киімге байланысты түсініктер қазақ қоғамының кейінгі даму кезеңдеріндегі «бақ», «береке», «дәулет», «байлық» мағыналарын беретін «құт» сөзімен байланысты күрделі идеологиялық кешеннің бір бөлігі болып келген. Басқаша сөзбен жеткізетін болсақ, киім өз иесін білдіретін зат, таңба ретінде ұсынылады [1].

Көптеген жылдар бойы сахнамызда жасанды қазақтың ұлттық киімі еркін түрде көрсетіледі. Олар ұлттық киімнің шынайы бейнесін бұрмалап, көрерменнің көзқарасын, сонымен бірге халық мәдениетінің эстетикалық және рухани құндылықтары туралы ойды өзгертуде. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қазақтың ұлттық киімінің көркемдігінің әлі де ғылыми әдебиеттерге сәйкес келмегенін атап өту керек. Осыған орай, дәстүрлі халық мәдениетін сақтау және дамыту мәселесін қазіргі заманғы актуалдандырудан бастап, фольклорды сахнаны түсіндіру мәселесі және, тиісінше, сахна үшін ұлттық костюм құру туралы мәселе айрықша маңызды....

Осы мәселенің өзектілігі осылайша көркемдік саты тәжірибесінің қазіргі жағдайы мен қазақтың ұлттық киімі ғылыми зерттеу арқылы айқындалады. Бұл жұмыста қазақтың ұлттық костюмі материалының ұлттық дәмі мен сұлулығы, эстетикалық идеясы, ұжымдық және жеке, ұлттық және әмбебап бейнесі, стилі мен шеберлігі секілді көркемдік категорияларды, ақыр

соңында, ұлттық киімнің функциясын теориялық және мәселенің практикалық шешілуі. Қазақтың ұлттық киімі дәстүрлі халық мәдениетінің, оның нормалары мен принциптерінің контекстінде рухани тәрбиелеудің қуатты құралы ретінде фольклордың көркемдік көрінісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде ұлттық костюмдер сатысында қарастырылады.

Зерттеу нәтижесі бойынша құрылған қазақ халқының костюмдерінің эстетикалық қағидалары мен қазақтың ұлттық кино саласына ұсынылатын сахналық костюмдерінің тұжырымдамасы негізінде әзірленген арнайы жаңа материалдардан дайындық курстарын жасау үшін ұсынылады.

Зерттеу нәтижелерінің актуалдығы кино сахнасының костюм өнерін маңызды бөлшегі ретінде қарастырып, оның ішіне кіретін әр түрлі жанрдағы ұлттық кино туындылардағы костюмдардың және оның көркемдік сын жағынан дамуына арналған, оны жаңа тәсілдермен және бағалау критерияларымен байытуға бағыталады.

Костюм композициясының заңдары және оны модельдеу

Костюм композициясының заңдарын және оны модельдеу әдістерін меңгеру суретшіге барынша мәнерлілікке жету үшін пішін мен түстердің барлық құралдарын жұмылдыруға көмектеседі. Барлық мәліметтерден спектакльді рәсімдеу үшін ең маңызды және қажетті мәліметтер алынады.

«Киім» ұғымын «костюм» сөзімен мәнін ұқсастырады, мұның өзі дұрыс емес. Орыс тіліне «костюм», сөзі француздың «costume» сөзінен келіп енген, беретін мағынасы – «әдет-ғұрып». «Костюм» ұғымын да, «киім» ұғымын да адамға, оның киіміне қатысты қарастыру керек. Алғашқы кезекте костюм мен киім адам денесін жабу құралы қызметін атқарғанымен, алайда олардың кейінгі қызметтері өзгеше болып келеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, егер киім бірінші кезекте адамды қолайсыз әсерлерден қорғау қызметін атқаратын болса, ал костюм дегеніміздің өзі – «...адамның немесе адамдардың қоғамдық тобының өзіндік бір даралығын сипаттайтын киім мен аяқ киім бөлігінің белгілі бір бейнелік-көркемдік жүйесі». «Костюм» ұғымына киім мен аяқ киім ғана емес, сондай-ақ адамның шашы, бас киімі, қолғабы, безендіру заттары мен косметика да енеді. Белгілі бір мағынада костюмнің адам денесімен байланысы барынша тығыз әрі кең түрде болып келеді.

Қазақтардың киімнің етек-жеңіне оқа тігетіні, кимешектің өңіріне, жақтауына кесте жүргізетіні, сәбидің, қыз баланың, сал-серілердің бас киіміне үкі қадайтыны – түркі-қыпшақ заманы кезінде туған дәстүр. Бұл қадам жын-перілерден, пәле-жаладан, тіл-көзден сақтайды деп сенген[2].

Елімізде ең алғаш кино өнерінен бұрын театр өнері тұсауын кесті. Әрі далалық театрымыздың сонау ескі замандардан бері бар екені, сал-серілеріміздің үкілі бөріктері мен сән-салтанаты жарасқан киімдермен ел аралап сауық-сайран құруы ежелден белгілі. Дәл осы өнерпаздардың ұлттық дүниетанымымызға сай киімдермен жүруінде үлкен мән жатыр. Жалпы, қарапайым халық өз киімдерінде ұлттық ою мен нақышты баса пайдаланбайтын еді. Күнделікті тұрмысқа жарамды және де ауа-райы мен мезгілге байланысты киімдердің сапасы ғана қажетті болатын. Қазақтың той-думанға арналған «бір киері» өзгеше сарында, ашық түстер мен ою-өрнекке бай болды. Бұл тұрғыдан қарастыратын болсақ, қазақ көркемсуретті фильмдерінде көпшілікке арналған жиын-той сахналары молынан кездеседі. Ал, театрдағы әрбір қойылымның ішкі және сыртқы мотивтерін ашуға, уақыт пен кеңістік бірлігін (хронотоп) кеңінен көрсетуге костюм сценографиясының пайдасы орасан зор әрі елеулі болды[3].

Спектакль басталғанға дейін немесе фильм түсірілгенге дейін суретші эскиздер жасайды. Олар идеяға, режиссердің ойына, қойылым стиліне және кейіпкердің сипатына байланысты қалыптасады. Содан кейін эскиздер актерге кейіпкердің ең кішкентай нюанстарын: оның жорығы, киіну үлгісі, мимик және тіпті бастың қойылымын беруге көмектеседі. Дұрыс таңдалмаған сахналық костюм өзінің тікелей міндеттерін орындамайды, сондай-ақ көптеген қолайсыздық тудырады. Ол жыртылады, қоршаған декорациялар үшін тізбектеледі, актерді

ойыннан алаңдатады және рөлге толық кіруге мүмкіндік бермейді. Сондай-ақ костюмнің арқасында көрермен кейіпкердің әлеуметтік мәртебесін бірден анықтайды. Яғни, көрермен мен кейіпкер арасындағы бейсаналы түрдегі байланыстың ілгегі ретінде костюм мен декорацияның, яғни уақыт пен кеңістіктің бірлігі өте айрықша маңызға ие болады. Театр костюмін жасай отырып, костюмнің формасының, пропорцияларының және колористикалық шешімінің сұлулығын қазіргі заманғы түсіністікпен қандай да бір дәуір туралы біздің түсінігімізді сәйкестендіру маңызды.

Белгілі театр суретшісі Н. А. Шифрин былай деді: «Біздің жұмысымыз дәлелді, сенімді, егер біз қазіргі заманғы көркем тілде замандастармен түсінікті және қажетті тілде сөйлесек» [4]. Театр суретшісі жобалау-көркем тілімен-сахналық кеңістікті ұйымдастыру, көлемі, түсі, ырғағы-спектакльдің актер-кейіпкерлерінің жұмыс істейтін ортаны құрады. Ол көрермендерді пьесада әрдайым айтылмайтынын – оның эмоциялық атмосферасын көруге, сезінуге және түсінуге мәжбүрлейді. Суретші кейде бізден уақыт пен кеңістікте алыс адамдардың тағдырында өмір сүреді. Оған тарих, философия, әдебиет, бейнелеу өнері, материалдық мәдениет саласындағы білім көмектеседі. Көрермен театрда арнайы детальдарға мән бермейді, ал кинода режиссерден бөлек операторлық жұмыс арнайы детальдарды, тіпті кейіпкердің киімдерін толықтай ашып көрсетуге мүмкіндігі бар. Сондықтан, театр костюм сценографиясынан кино костюм суретшісі дамып, бөлініп шыққан[5].

Қазақ көркемсуретті фильміндегі костюмдерді талдау және әдістері

Көркемсуретті фильмдерді талдау барысында негізгі үш кезеңді алып қарастырамыз. Ең алдымен қазақ кино тарихының қалыптасуы мен үздік туындыларын өмірге әкелген кеңестік кезеңдегі костюм сценографиясындағы әр түрлі кеңістік пен уақыттың сәнін келтірген материалдарды саралаймыз. Екінші кезеңде тәуелсіздік алғаннан кейінгі қазақ киносындағы формалық, мазмұндық өзгерістердің костюм сценографиясымен байланысын қарастырамыз. Үшінші кезеңді 2000 жылдан бастап бүгінгі таңға дейінгі уақытпен толтырдық. Осы уақыттың ішіндегі қазақ киносындағы тарихи жыл санауға дейінгі уақыттағы оқиғалар мен қазақ хандығының құрылуы тұсындағы фильмдер мен телесериалдардағы костюм сценографиясының жасалуына, дүниетанымдық белгілердің киім үлгісіндегі дамуына мән береміз.

Үш кезең:

кеңестік кезеңдегі костюм сценографиясы;

тәуелсіздік кезеңіндегі костюм сценографиясы;

жаңа кезең.

Кеңестік кезең костюмдері. Қазақ киносының ең алғашқы 1938 жылғы «Амангелді» фильміндегі 1916-1919 жылдардағы ұлттық киім кию әдебі мен оқиғада кейіпкерлердің киім үлгілері әлі де далалық дәстүрдің негізінде, қазақ шаруасының бейнесі барынша қарапайым түрде көрсетілген болса, ал кеңес үкіметінің адамдарын барынша әскери костюмде, мінсіз-таза мундирмен бейнелеуі неде? Бұл кеңес жылдарындағы ұлттық идеологияның халыққа тікелей ашық түрде көрсетілмеуіне, тарихты насихаттамауға, ұлттық болмысымызды көрсетпеуге тырысқан, кеңестік кезеңіндегі жүргізген орыс патшалығы билігінің әсері еді. Ұлтымыздың қарапайым бағынышты, тексіз ретінде костюм арқылы көрсетілген. Сол себепті де кеңестік кезеңіндегі қазақ киносының бәрі де бірыңғай түрде шектеулер әсерінен ұлттық киімнің нақышын, көркем бейнесін, дәстүрлілігін жасырған күйінде көрсетіліп келген болатын.

«Амангелді» фильмінен салыстырмалы түрде үлкен айырмашылық тапқан Сұлтан Қожықовтың «Қыз Жібек» (1973) фильмі еді. Фильміндегі костюм сценографиясына байланысты айтатын болсақ бұл кеңестік кезеңіндегі кино туындылардың ішіндегі ерекшесі болып табылады. Себебі костюм сценографиясында ұлттық нақыш, дәстүрлілік көрініс тауып, байытыла түскен. Бұны режиссерлік сценарий бойынша Жібектің 10 түрлі костюмі болу керек деп бекітіліп. Жасанды, боялған материал экранда білініп қалады деп костюмдерге қажетті барқыт, мақпал, жібек, шәйі, батсайы, пүліш, көйлек-камзолды әдіптейтін құндыз, сусар, елтірі, киімді оқалайтын жақат, інжу-маржан қолданылуынан-ақ байқауымызға болады [5]. Осы жәйттің өзі ғана кино өнеріндегі ұлттық костюм сценографиясына айтарлықтай мән

берілгендігінің айғағы. Фильмде әр түрлі жастағы кейіпкерлер мен әр түрлі таптың адамдары және өмір сүру барысында кездесетін көптеген жайттарда көрініс тапқандықтан, ұлттық костюм мен тұрмыстық заттардың қалың бейнелеріне тап боламыз. Фильм кейіпкерлерінің өте бай әрі ашық, көз тартарлық түстерге толы киімдері көрерменді оқиға ағысымен сүйрей отырып үш сағат бойы тапжылтпай ұстай алған. Бұл жерде костюм мен декорация және де драматургиялық сызбалар көрермен санасында К. Юнгтің ғылымға әкелген «ұжымдық сана» немесе архетиптер мен символдары арқылы әсерін молайтты десек қателеспейміз[6].

Кеңестік қазақ көркемсуретті киносындағы қазақ ұлттық костюмінің ең жоғарғы шегі деп дәл осы «Қыз Жібек» фильмі десек те әбден болады. Себебі, қазақтың аңыз-жырларының өзінде де дәстүрлі киімдеріміз асқан шеберлікпен сипатталған. Ал, фильмді жасаушылар экранда ұлттық киімдеріміздің бай мұрасын көрсете білді. Фильмдегі костюмдер мен декорация эскиздерін жасаған - атақты қазақ кескіндемешісі, өнер қайраткері, Қазақстанның халық суретшісі, театр және кино суретшісі - Гүлфайруз Исмаилова еді. Жібек пен өзге де актерлердің киімдерін нақышына келтіре тіккен Гүлфайруз Ысмаилова.

Ең алғашқы «Амангелді» (1938) фильмінен кейін Г. Рошаль мен Е. Аронның режиссерлігімен түсірілген «Абай әндері» (1945) және «Жамбыл» фильмдерінде қазақ ұлттық киімдері толықтай көрініс табады. Бұл фильмдердегі костюмдер кеңестік кезеңнің туындылары. Мысалға, Абай бастаған шәкірттер Шәріп, Айдар секілді бейнелердің киімдерінде батыстық стильдер пайда болған. Ал, ақсақалдардың киімдері ұлттық нақышқа бай еді, әрі фильмдегі көпшілік сахналары белгілі бір дауға байланысты жиналатын жайды баяндағандықтан көпшіліктің арасынан оқалы зерделенген киімдер мен жұпыны малшылардың да киімдері кездеседі. «Абай әндері» фильмі театрлық принциптер мен композицияның негізінде түсірілгендіктен, костюм сценографиясы мен қолдан жасалған декорациялар ғана емес актерлер де театр майталмандары еді. Жалпы, фильмнің қоюшы-суретшісі және костюм эскиздерін жасаған Айша Ғалымбаеваның еңбегін айта кеткеніміз жөн. Дәл осы костюм суретшісі еңбегімен танымал тұлғамыздың қазақ киносында бірнеше фильмдердің жарқырап шығуына айтарлықтай еңбек сіңіргені белгілі. «Абай әндері» фильміне жасаған эскиздерінің ішінде «Қорған», «Қадірдің (Айдар) өлімі», «Абай шабыт үстінде», «Отау үйі», «Айтыс» еңбектері автордың идеясымен астасып, оның мазмұнын үдете түседі» [7].

Шәкен Айманов «Атаманның ақыры», Сұлтан Қожықов «Қыз Жібек», Болат Мансұров «Құлагер», Элдар Оразбаев «Транссібір экспрессі» фильмдері кеңестік кезеңдегі ұлттық болмысымыз бен дәстүрлі тұрмысымызды айшықтайтын негізгі фильмдер болып табылады. Әсіресе, батырлардың, ел қорғаны жігіттердің ұлттық киімдері кеңінен көрініс тапқан. Бұл қатарға «Атаманның ақыры» фильмін жатқызуымыздың себебі де ел арасындағы батырлардың әлі де ұлттық бояуы бар киімдермен жүруі себеп болып отыр. Ал, негізгі кейіпкер (Асанәлі Әшімов) кеңес үкіметінің әскери формасында бой көрсетеді. Илияс Жансүгіровтың «Батыр Баян» поэмасының негізінде және Әнуар Әлімжановтың «Жаушы» повесінің желісімен экрандалған фильмдер батырларымыздың жорықта, ел басына күн туған қиын сәттердегі іс-әрекеттерін бейнелегендіктен, ұлттық батырлардың киімдері мен қару-жарақтар ғана емес, сонымен қатар ат әбзелдерінің де бай мұрасын паш еткен.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезең. 1990 жылдардағы тоқырауда қазақ киносы тоқтамады: бұл лекте тарихи туындылар деп Аяған Шәжімбаевтің түсірген «Жансебіл» картинасын, Ардақ Әмірқұловтың «Отырардың күйреуін», Болат Шәріптің «Заманай» көркем фильмдерін жатқызамыз. «Жансебілде» репрессиядан азап көрген қазақ жігітінің орыс деревнясында қалған тағдыры, арманы айтылса, «Отырардың күйреуінде» Отырар қаласының Шыңғысхан әскерінен қорғау кезіндегі жанқиярлық ерлігі баяндалады. Ал «Заманайда» қазақ жерінен еріксіз қоныс аударған бай, ауқатты шаңырақтың араға уақыт салып, атамекенге қайта оралуын көрсетеді. Сонымен қатар тәуелсіздіктің жаңа кезеңінде 2000 жылдардан бергі картиналар: Талғат Теменовтің «Көшпенділері», Болат Қалымбетовтың «Сардары», Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың баласы», Досқан Жолжақсыновтың «Біржан сал», «Құнанбай» фильмдері қазақ киносының жаңа дәуірін бастап тұр. Тарихи сананы қалыптастыру ісінде бұл туындылардың да

үлесі мол. Дәл осы туындаларды саралай келе, костюм сценографиясының өзгеріске түскенін байқаймыз. 1990 жылдардан бастап кеңестік кезең өз өмір сүруін тоқтатуға тырысып, әр ұлт адамдарының санасы еркіндікке ұмтылды, дегенмен экономикалық тұрғыдан үлкен дағдарыстың орын алып, үлкен өзгерістер қоғамның барлық саласына әсерін тигізді[8]. Осы көріністер мен ұлттық киімдердің өзгеріске ұшырауы қазақ көркемсуретті киносындағы костюм сценографиясының түрленгенінің белгісі болмақ. Тәуелсіздік жылдарындағы костюм сценографиясы мүлде бөлек бағытта дамыды, жетпіс жыл бойы бұғып жатқан құнды дүниелеріміздің барлығы еркін түрде экран бетіне қайта келді. Себебі, ұлттық костюмдеріміз мерекелік сәттер мен арнайы кештерде ғана қолданысқа еруге қауқарлы еді.

Жаңа кезеңдегі тарихи фильмдер. «Көшпенділер» мен «Жау жүрек мың бала» фильмдерінде ұлттық костюмдерді пайдалану арнайы оқиғаның ішкі мағынасына еруге мүлде байланысты болмады. Әр сахнаның әрі мен оқиға мазмұнына қарай кейіпкерлердің киімдерінен сол заманғы белгілер секілді ғана пайдаланылған. Әрине, костюм суретшілері арнайы білімдері мен тәжірибелерін сала отырып фильмнің үздік шығуына ат салысқан, дегенмен, кеңестік кезеңдегі өнер майталмандары секілді әрбір киім мен киімнің түсінен мағына іздегені анық. «Көшпенділер» фильмінің көпшіліктің күткеніндей болмағаны да айтқандарымызға дәлел. Себебі, фильмнің суретшісі отандасымыз емес, британиялық костюм суретшісі Майкл О Коннор еді. Өзге ұлттың маманы біздің табиғатымызды аша алмауы заңды, өйткені, біздің сан ғасырлық дәстүрімізді игеріп кету оңай емес. Дегенмен, суретшінің ассистенттері ретінде Асель Шалабаева, Дана Шангерей және Ажар Аубакирова жұмыс істеді[9].

Ұлттық костюм сценографиясының түрленуіне Ақан Сатаевтың «Жау жүрек мың бала» фильмінің де септігі зор. Фильмдегі тарихи-дәстүрлі киімдердің жаңашылдығы, жаңа ғасырдың көзқарасымен тігілгені анық байқалады. Фильмде ең жұпыны деген ауылдың кейіпкерлерінің киімдері де айтарлықтай бағалы әрі көз тартады. Тіпті, Сартай мен Таймастың тобына келіп қосылған жас батырлардың киімдерінен де ешқандай мін таба алмаймыз. Бұлай болуының себебі суретшілердің жұмысы мен фильмнің кассалық бағытта түсірілгені деп дәл айтамыз. Әрине, мақсат көпшіліктің санасында сақталып қалған жұпыны бейнелерді шығару емес, эстетикалық және көркемдік тұрғыдан шындыққа жанастыру ғана. Костюм суретшісі Асель Шалабаева. Фильмде әр костюмге фактура жасау әдісі қолданғандықтан, әр кино картинада фактуровщик деген маман иелері де жұмыс істейді. Фильм оқиғасы және хронотоптық бірліктерді ескере отырып, костюмдерді әскери бөлімге жатқызамыз. Асель Шалабаева жақында ғана көрерменге жол тартқан «Томирис» фильмінің де қоюшы-суретшісі ретінде қызмет атқарды.

Рүстем Әбдірешовтың «Қазақ хандығы: Алтын тақ» екі бөлімді фильмі мен телевизиялық сериалының костюм суретшісі Аубакирова Ажар Тлемисовна. Фильм «Қазақ хандығына 550 жыл» толуына орай, елбасының тапсырысымен арнайы түсірілген. Костюм бөлімінде 15 адам және бас суретші жұмыс атқарды. Батырлар мен ұлттық әскери киімдердің барлығы дерлік қолдан тігіліп, фильмде алғаш рет қолданылған. Қажетті маталарды бас суретшінің эскизіне қарай отырып арнайы түстерге фактуровщиктер бояған. Бір ғана артықшылығы ұлттық костюмдер еркін әрі кеңінен пайдаланылуда, бірақ, оқиға ағынына айтарлықтай мән мен мағына қосуға қауқарсыз болды. Дегенмен, костюмдерде тәңірлік дінінің элементтері көп кездеседі. Қазақ киносы тарихында түсірілген тарихи фильмдердегі костюмдердің барлығы «Қазақфильм» киностудиясының арнайы ангарларында сақталады. Түсірілімнен кейін костюмдерді химиялық тазалаудан өткізіп, әскери киімдер қайта жөндеуден өткізіледі. Қазақ киносындағы жауынгердің бірегей бейнесін қалыптастыруға сеп болған әскери киім ауыр болып келеді, себебі табиғи былғары қайыстан жасалып, қорғаныш қабаты арнайы темірден өріледі. Шалбар, жейде, іштен киілетін жұқа шапан, темір қорғаныш және былғарыдан жасалған қаптамасы бар. Қару пайдалануға кедергі келтірмес үшін шынтаққа дейін арнайы киетін қолғап секілді киімі бар. Арнайы белдікпен буылып, қылыш пен қанжардың қындары тағылып, арқасында жебе салатын оқшантайды тағады. Дулыға киіліп, шалбардың етегі тізеге дейін жететін саптама етікке салынады. Қазақ жауынгері дәл осы айтылған киім үлгісімен

экрандағы архетиптік бейнесін қалыптастырған. Фильм барысында соғыс майданы мен екі жақты келісімдер көп болғандықтан, костюмдердің дені әскери болды. Сондықтан, фильмдегі костюм сценографиясын әскери қатарға жатқызамыз және костюмдер классификация бойынша XIV-XV ғасырға жатқызылады.

Қорытынды

Қазақ киносындағы костюм сценографиясын зерттеу барысында негізгі үш бағытын анықтадық:

- кеңестік кезең костюмдері;
- әскери киімдер;
- ежелгі дәуір костюмдері.

Қазақ көркемсуретті кино тарихында ұлттық костюмдердің барынша көркемделіп, ерекшеленуіне, костюмның тарихи түр сипатына аса мән берілуіне және тарихи негіздегі тұлғалардың образдарын бейнелеуге еш шектеу көрсетілмей, тарихи жанрдағы кино туындылардың шығуына ҚР тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен қолға алынған болатын. Қазіргі таңда ұсынылған, жоғарыда аталған тарихи кино туындыларының костюм сценографиясы белгілі бір даму сатысынан өтіп, кейбіреуі өте бағалы экрандық туындының бөлшегіне айналғандығының көрсеткіші.

Ұлттық костюм - бұл ұлт жаратылысының қалыптасуы мен кемелденуінің ұзақ ғұмырнамалық рухани парасат келбетін танытатын этнографиялық, философиялық, мифологиялық әрі тәлім-тәрбиелік түрлі қыр-сырынан, ақпарат беріп, бойына сан алуан қызмет жүктеген синкретті ұғым. Эстетикалық — қызметі, костюм адамның жеке дара эстетикалық талғамын, сондай-ақ сол дәуірге тән сұлулық туралы түсінікті білдіреді. Костюмнен белгілі бір қоғамның эстетикалық мұраттары (идеал) танылады[10].

Кино өнері – бұл костюм арқылы белгілі бір қоғамды біртұтас етіп көрсетудің ең озық үлгісі болып табылады. Сол себепті, кино костюм сценографиясы мамандығының әрі қарай жанданып, заманауи ағымдарға ілесе отырып, бағытын айшықтау өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов. // А., 1998. 48-б.
2. Ханият Б., Сужикова А. (2007). Қазақ халқының ұлттық киімдері. // Алматы: Алматыкітап. 2007. 29-б.
3. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. // Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2005 ISBN 9965-26-095-8. 117-б.
4. Аймауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты. фил. канд. 56-б.
5. Лесбекова Ж., Жиенбекова А. А., Спанов М. (2016) Қазақ ұлттық киімінің рәміздік қызметтерінің тарихи қалыптасуы // Молодой ученый. — 2016. — №7. — С. 1110-1114. — URL алынған <https://moluch.ru/archive/111/24837/> (дата обращения: 29.10.2019). 34-35-б.
6. Карл Густав Юнг. Архетип и символ. // Москва. Канон; 2015. 87-б.
7. Традиционная одежда казахов (иллюстрированный научный каталог). - // Алматы: Өнер, 2009. 42стр;
8. Хиянат. Б., Сужикова А. Қазақ халқының ұлттық киімдері. 2011. 246-б.
9. Электронды ресурс: https://kazakh-tv.kz/kz/view/blog/page_188548.

ҒТАХР 14.37.27

ТЕАТР ӨНДІРІСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫ, ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН БАСҚАРУЫ

Тустикбаев Қ.Ж.

Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сценография» кафедрасының 2 курс магистранты

ktustikbayev90@mail.ru

Жангужинова М.Е.

п.ғ.д., Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының «Сценография»

кафедрасының доценті

aumira@mail.ru

Аңдатпа: Мақала бүгінгі күнгі театр өндірісінің ұйымдастыруы, құрылымы және басқару жағын қарастырады және театрдағы инновацияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі кезеңде театрдың өзекті бағыттары: қойылымның әдеби негізін таңдау, көркемдік шығармашылық, театрдағы жобалаудың инновациялық әдістері, сценографиядағы компьютерлік медиа технологиялар. Бұл мақалада театрда инновациялардың пайда болуы мен қолданылуы, қазіргі заманғы технологиялар, арнайы костюмдер, жабдықтар, сандық және медиа шығармашылық нысандары туралы айтылады.

Кілт сөздер: заманауи театр, сценография, театр суретшісі, театр өнері, сахна, труппа, арнайы костюмдер, декорация.

Аннотация: Статья посвящена организации, структуре и управлению театральным производством сегодня и позволяет театру вводить новшества. Современная направления театра это выбор литературной базы постановки, художественного творчества, инновационных методов театрального проектирования, компьютерных медиа технологий в сценографии. В данной статье рассматриваются появление и использование инноваций в театре, современных технологий, специальных костюмов, оборудования, цифрового и медийного творчества.

Ключевые слова: современный театр, декорации, театральный художник, театральное искусство, сцена, труппа, специальные костюмы, декорации.

Abstract: The article deals with the organization, structure and management of theater production today and allows the theater to innovate. Current stage of the theater is the choice of literary base of the production, artistic creativity, innovative methods of theater design, computer media technologies in scenography. This article deals with the emergence and use of innovations in the theater, modern technologies, special costumes, equipment, digital and media creativity.

Key words: modern theater, scenery, theater artist, theater art, stage, troupe, special costumes, scenery.

Кіріспе

Театр (грек тілінен. Theatron – көрініске, қойылымға арналған орын, көрініс) - бұл басқа өнер түрлеріне қатысты синтезатор қызметін атқарады, оның ішіне сахна қозғалысы, музыка, кескіндеме, бутафория, грим, сәндік-қолданбалы өнер және т.б. өнер түрлері кіреді. Қазіргі уақытта жаңа технологиялардың дамуымен қатар театрға кіретін өнер түрлерінің саны артып келеді (мысалы, бейне қондырғылар, 3d мепинг, жеңіл шоулармен және т.б.). Бұл театр өнерінің күрделілігі мен сан алуандығы, оны басқарудың күрделі нысандардың біріне айналдырады. Театрды басқарудың күрделілігінің тағы бір себебі театрдағы іс-әрекеттің ұйымдастырушылық формаларының әр түрлі болуы, және оның тарихи тұрғыдан бүгінгі күнге дейін қалыптасқан кезеңі. Біздің уақыттағы «театр» түсінігінің көптеген түсіндірулерінен, театрды басқарудың ең бастысы театрды труппа, шығармашылық топ деп түсінуге болатындығы [1].

Зерттеудің нысандары және әдістері

Бұл мақалада көрсетілген негізгі нысандар театр өндірісінің ұйымдастыруы, құрылымы және басқаруы. Зерттеу әдістеріне келсек, театр өнерінің типтік құрылымы Жаңа дәуірден бастау алып, біздің заманымызға дейін жеткен. Қазіргі кезде театрды басқарудың ең бастысы театрды труппа, шығармашылық топ құрайды.

Өзінің тарихи рецепті бойынша, ұзақ ретроспективті, театр өнерінің түрлері өте тұрақты, дәстүрлі үлгілермен сипатталады. Театрдың типтік құрылымының құрылуы Жаңа дәуірдің басына келеді. Дворяндық театрларының қызметінде, сондай-ақ тәуелсіз театрлардың


қызметінде де типтік ұйымдық құрылымның формалары бірдей дамыды. Көптеген ғасырлар бойы іс жүзінде өзгеріссіз болып келген театрлардың құрылымдық ұйымы принциптеріндегі мұндай бірлік театр іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты.

Театр өнерінің барлық алуан түрлерімен сахналық шығарманы құру белгілі бір ұйымдастырушылық жұмысты қажет ететін бірқатар кезеңдерден өтеді. Біріншісі - қойылымның әдеби негізін таңдау. Бұл театрдың көркемдік жетекшісінің басшылығымен өтетін үлкен дайындық кезеңі. Оның негізгі қызметтестері, театрдың коммерциялық директоры және бас есепшісі: бірінші кезекте спектакльдің қаржылық бюджетін анықтап, бекіту керек.

Театрландырылған қойылымның бұл техникалық жағы іс жүзінде көркемдік шешімге және болашақ спектакльдің табысты болуына негіз болады. Әрине, былай тұжырым жасау әрқашан мүмкін емес, негізгі көркемдік жетістік пьесаны дайындауға жұмсалған қаражат мөлшеріне тәуелділігінде емес. Алайда, қаржының жеткіліксіз болуы қойылымның көркемдік шешімін жоққа шығарып, оны жойып жіберуі мүмкін деп сеніммен айтуға болады.

Қаржылық және репертуарлық қамтамасыз ету функцияларымен қатар, театр қызметі, ең алдымен шығармашылық ұжым - театр труппа қызметі арқылы құрылады. Осы функциялармен қатар, театр қызметін техникалық қамтамасыздандыру, билеттерден бастап сахна механизмдерін ұстауға, жарықтандыру, дыбыстық техниканы сақтауға, тазалықты, тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге дейін үлкен маңызға ие. Театрдың ұйымдастырушылық құрылымы осы негізгі функцияларға сәйкес құрылған. Дәл осы уақытқа дейін әлемнің көптеген театрларына тән осындай типтік ұйымдастырушылық құрылым қалыптасқан.

Театрлар үшін орта - бұл көркем туындыны шығарумен тікелей айналысатын құрылымдық бөлімшелер. Олардың әрқайсысының өз жетекшісі бар: қойылым үрдісін қоюшы-режиссер басқарады, қойылым сценографиясын қоюшы-суретші, оркестрді дирижер, хорды басты хормастер, биді бас хореограф. Театр өнері ең күрделі бағыт болғандықтан, оған әдебиет, кескіндеме, және сахналық кеңістікті ұйымдастыру кіреді, сонымен қатар біздің заманымызда жарық өнері, графикалық контент және жарық эффектілерін қолдану - өнердің осы түрлері театрлық құрылымдағы бөлімшелерге айналып кетеді.



1 сурет. Театрдың типтік ұйымдастыру құрылымы

Театрдағы тікелей шығармашылық функциялармен қатар, театр мүлік қорын басқаруға үлкен рөл беріледі. Бұл функция театр шаруашылықтарын қарау бөліктеріне кіреді. Сахналық және басқа тетіктерді пайдалану инженерлік бөлімді театр құрылымына енгізуді қажет етеді. Көптеген ұйымдар сияқты театрда бухгалтерия, кадрлар бөлімі, әкімшілік бөлімі және келісім-шарт бөлімі болуы керек. Көрермен мен байланыс театрдың тұрақты қызметі болып табылғандықтан, осыған байланысты маркетинг бөлімін құруға үлкен мән беру керек.

Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау

Алайда, көптеген ғасырлар бойы қалыптасқан және көптеген театрлардың тәжірбиесінде қалыптасқан театр құрылымы ішкі циклдік процестердің ерекшеліктеріне, сонымен қатар барлық бөлімдерге, тіпті қазіргі кездегі театрдың ұйымдық құрылымында да тұрақты және оңтайландырылғанына қарамастан, инновация үшін орын бар. Біріншіден, олар шығармашылық процестің өзімен байланысты. Өзінің табиғаты бойынша көркем шығарма - бұл инновациялық компонент, әр театрлық қойылымның бірегейлігі көркемдік жетістіктің бір шарты болып табылатын қызмет түрі. Бүгінгі театрды көркем экспериментсіз елестету қиын. Бұл дегеніміз - дәстүрлілік пен жаңашылдық бір сахнада бірігіп тұратын шығармашылық саласы. Театрдың дәстүрлілігі театр өнерінің негізгі жанрларының ежелгі дәуірімен байланысты, ал инновация, жаңашылдық театрдағы әртүрлі өнер түрлерінің үйлесімінің вариациялары мен пропорцияларының бірегейлігінің байланыстылығында.

Соған байланысты, театр өндірісінің ұйымдастырылу принциптері инновациялық менеджмент принциптеріне негізделуі мүмкін, өйткені әр жағдайда мүлдем жаңашыл объект басқарылады.

Заман ағымына қарай, техниканың әртүрлі салаларының дамуы сахна техникасын жетілдіруге және жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Соның ішінде театрдың дыбыстық және жарық беру салалары жаңа эффектілердің пайда болуына себепкер болады.

Театр қойылымын көрерменсіз елестету мүмкін емес, театрдың өзі көрерменмен байланысты. Көрермендердің спектакльді қабылдауы маңызды шығармашылық жұмыс. Көрерменмен қарым-қатынас процесі - бұл инновация тұрғысынан толықтай көрінетін сала, өйткені көрерменмен өзара әрекеттесудің формаларын жаңартуды талап ететін жаңа тапсырыс факторы - бұл халықтың әлеуметтік мәдениетін өзгерту, сонымен қатар қазіргі заманғы адамның тәжірибесі, түбегейлі әр түрлі өнер түрлерімен, технологиялармен өзара әрекеттесуі. Бұл сала материалдық-техникалық жағынан да, көркемдік жағынан да күрделілігіне байланысты қазіргі таңда арнайы басқару түріне мұқтаж. Көрермендердің залда орналасу принципі, олардың өткізіліп жатқан қойылымға қатысу дәрежесі мен сипаты жаңашыл болуы мүмкін немесе материалдық-техникалық базаны, сонымен қатар жаңа инновациялық идеялар мен әзірлемелерді іске асыру үшін оны үнемі жаңартып отыруды қажет ететін басқа технологияларды ұсыну. Сонымен бірге, көрермендермен өзара әрекеттесу кезінде инновациялық бастамалар спектакльге енгізілген инновациялық элементтермен қою мен классикалық театр репертуарының үлгісіне негізделген жаңа туынды жасау арасындағы сызық қайда екендігі туралы сөзсіз мәселе тудыруы мүмкін.

Қоюшы-режиссер, сценограф, актердың бостандығы қанша уақытқа созылады деген сұрақ дау тудырады, тәуелсіз талқылауды, әр нақты жағдайда ерекше шешім қабылдауды талап етеді, ол инновацияны басқарудың маңызды және кең саласын құрайды. Театр өнерінің тағы бір ерекшелігі оның сәттілігі - әр қойылым тек қана оны жаңғырту сәтінде ғана пайда болады. Бұл ерекшелік орындаушылық өнердің барлық түрлеріне тән. Алайда кейбір жағдайда өз ерекшеліктері болады.

Шығармашылық процесс театрдың ұйымдастыруы мен басқаруынан басқа екі магистралімен, атап айтқанда кадр саясатымен және материалдық-техникалық базаны басқарумен тікелей байланысты. Осыған байланысты инновациялық менеджментті театр ұйымының дербес құрылымдық бөлімшесіне бөлу, оған қаржылық және материалдық ресурстардың өзара байланысты ағындарын басқарумен қатар шығармашылық, маркетингтік инновацияларды басқаруды да қамтуы керек дегенді білдіреді.

Театрда инновациялардың пайда болуы мен қолданылуының келесі негізгі бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

- инновациялық сценарий және режиссура;
- инновациялық сценография;
- театрдың көрерменмен өзара әрекеттесуінің инновациялық тәсілдері;
- репертуар жоспарын қалыптастырудағы инновациялық тәсіл;
- инновациялық өнім, оның ішінде көрнекі қызметтермен қатар, басқа қызметтер пакеттері;
- театрлық ойын-сауық қызметтерінің инновациялық маркетингі;
- театр ұжымының бірлескен іс-әрекеті үшін персоналды басқаруға және онымен байланысты технологияларға инновациялық көзқарас;
- инновациялық жабдықты пайдалану (дыбыс техникасы, жарықтандыру жабдықтары, сахна тетіктері, қосымша мүмкіндіктері бар арнайы костюмдер және т.б.).

Театрдың функцияларын, ұйымдастыру құрылымын анықтай отырып, қызметкерлердің негізгі функционалдық міндеттерін талдай отырып, театрдың негізгі артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Қорыта келгенде, театр өндірісінің ұйымдастыруы, құрылымы және басқаруы біздің заманамызға дейін күрделі кезеңдерді бастан кешіргенін көреміз. Театр өндірісінде жаңашыл әр түрлі формаларды, әдістерді қолдану, қазақ театрларын дамытуға септігін тигізеді және әр түрлі проблемалық жағдайларды шешуге мүмкіндік береді. Ал, инновациялық менеджмент бөлімі шығармашылық, кадрлық, материалдық-техникалық, маркетингтік және басқа да

компоненттерді қоса алғанда, спектакльдерді дайындаудың барлық кезеңдерінде инновациялық қызметті жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру және бақылау бойынша қызметті жүзеге асыруы керек. Театр ұйымындағы жаңашылдық менеджменті бөлімінің тиімді жұмыс істеуінің міндетті шарты басқа театр ұйымдарындағы, сондай-ақ барлық байланысты салаларда пайда болатын инновациялардың мониторингі болуы керек (мысалы, жарық шығаратын жабдықтар мен оны қолдану технологиялары саласында, орындаушылық өнердің шығармашылық кадрларын кәсіби даярлау саласында) және т.б. Инновациялардың мониторингі басқа театрларда және олармен байланысты ұйымдарда пайда болған жаңашылдықтарға театрдың қызметіне ену үшін мүмкіндіктер табуға ғана емес, сонымен қатар ағымдағы оқиғалар мен тенденциялардан хабардар болуға, оларға өзіндік инновациялық қызметімен шоғырлануға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Крылова А.
В. Звук в рекламе. – Ростов-на-Дону, 2002. – 70 б.
2. Крылова А.
В. Инновационные формы активизации массового потребления музыкального искусства академической традиции // Музыкальное искусство в современном социуме: сборник научных статей / ред.-сост. А.В. Крылова. – Ростов н/Д: РГК им. С.В. Рахманинова, 2014. – С. 82–93.
3. Крылова А. В. Музыка в культуре повседневности. Избранные статьи / Ростов-на- Дону, 2011.
4. Федянина О.
В. Организационные формы и структура современного немецкого театра // Pro настоящее. №1(2), 2013. С. 76–82. Электронный ресурс: http://sias.ru/upload/voprosy_teatra/2013_1-2_76-82_fedianina.pdf
5. Шабалина
Т. Театр
(театральное искусство). Электронный ресурс:
http://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/teatr_i_kino/TEATR.html

С. Н. Ахметкалиева

*магистрант Санкт Петербургского Государственного института культуры,
факультет искусств, «Режиссура театрализованных представлений и праздников».*

Традиционные казахские спортивные игры в программе этнофестиваля

Аннотация.

Фестиваль, как форма социально-культурной деятельности, обладает мощным потенциалом вовлечения общества в процесс изучения национальной истории, нематериального культурного наследия, знакомства с народными традициями и обычаями.

В данной статье рассмотрены традиционные спортивные игры казахского народа, используемые в массовых праздниках, фестивалях. В работе также проанализированы работы авторов внесших свой вклад в описание и изучение казахских игр.

Ключевые слова: казахские традиционные игры, казахские праздники и игры, кокпар, байга, кызкуу.

Annotation.

The festival as a form of socio-cultural activity, has a powerful potential for involving society in the process of studying national history, intangible cultural heritage, and acquaintance with folk traditions and customs. This article discusses the traditional sports games of the Kazakh people used in mass celebrations and festivals. The work also analyzes the work of authors who contributed to the description and study of Kazakh games.

Keywords: Kazakh traditional games, Kazakh holidays and games, kokpar, baiga, kyzkuu.

Игры напрямую связаны с типом культуры, носят этнический характер, отражая взгляд данного народа на мир, на родовые отношения, закрепляют правила и нормы этнического поведения. Сопутствующее ходу истории возникновение и исчезновение символов, размывание культурных и религиозных границ, широта и изменчивость подхода к вещам — это не изменение правил игры в процессе игры. Это сама игра. По Хёйзинге, это и есть история, история умственной и психической эволюции. Это и есть само существование человека, определяемого им именно как человек играющий.

В своей статье Назарбаев Н.А. пишет «Элементы традиционной культуры казахов составляют фундамент духовного и материального наследия. На протяжении столетий наши предки сохранили уникальный экологически правильный уклад жизни, сохраняя среду обитания, ресурсы земли, очень прагматично и экономно расходуя ее ресурсы»[11]. Этот опыт нашел свое отражение в народных традициях, произведениях устного народного творчества, в нормах жизни народа, передаваемых из века в век.

За годы Независимости Казахстана в целях комплексного решения проблем сохранения и развития культурного потенциала страны был принят и реализован ряд крупных программ. Среди них государственная программа «Культурное наследие» (2004-2011 гг.), программа «На волнах истории народа» (принята в 2013 г.). В 2017 году после выхода программной статьи Н. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» в реализацию вошла новая государственная программа «Руханижаңғыру» – «Духовная модернизация». В рамках программы по всей стране реализуется множество проектов в сфере культуры, искусства, образования, науки, туризма и спорта. Одним из таких проектов является международный этнический фестиваль «Дух великой степи». Основная цель фестиваля – возрождение, сохранение и популяризация духовного наследия казахов, через демонстрацию национальных видов спорта, традиционного музыкального и декоративно-прикладного искусства. Поскольку этнический фестиваль «Дух великой степи» в большей степени посвящен национальным видам спорта, описание элементов традиционной культуры мы начнем с основных видов национально-спортивных игр казахов. Они носят чаще всего состязательный характер, где участники соревнуются в силе, выносливости, меткости, быстроте реакции и т.д. Народные игры обеспечивали разностороннее психофизическое развитие, закалку организма и характера детей и подростков, от чего прямо зависит результат труда. Систематическое занятие играми и физическими упражнениями развивали активность, инициативность, смекалку, умение действовать самостоятельно в обществе сверстников, что также является важным условием трудовой деятельности.

Бұл мақалада Қазақтардың археологиялық қазбалары мен зергерлік бұйымдарын салыстыра келе, зергерлік өнерде дәстүрлер мен сабақтастықтың сақталып келгенін айтуға әбден болады. Темір балқытуды меңгерген Қазақстанның тұрғындары дамудың келесі кезеңіне кіреді. Негізгі материалдар мыс пен қалайы қоспасынан жасалған қола болатын. Қоладан түрлі қару-жарак, еңбек құралдары (кетпен, орақ), сондай-ақ, зергерлік әшекейлер жасалған. Сақ кезеңіндегі ескерткіштер «аң стилі» деген мәнерге жатады. «Аң стилі» – көркемсурет өнері мен сақ-сармат дәуіріндегі сәндік стиль.«Аң стилінің» тақырыбын аңдардың, жануарлардың бейнесі және мифологиялық құбыжықтар айқындайды. Осы кездегі қазбалық олжалар ежелгі зергерлердің керемет шеберлігіне дәлел бола алады.

Түйін сөздер: зергерлік өнер, әшекей бұйым, қару-жарак, темірді өңдеу технологиясы,

Керімбек И.М.

Студент 2-курса декоративно-прикладного искусства

Научный руководитель: Докторант PhD Абижанова А.Ш.

Казахского Национального педагогического университета имени Абая

(г.Алматы, Казахстан).

ИСТОРИЯ ТРАДИЦИОННОГО КАЗАХСКОГО ЮВЕЛИРНОГО ИСКУССТВА

Аннотация

В данной статье, сравнивая археологические раскопки и украшения казахов, можно сказать, что традиции и преемственность в ювелирном деле сохранены. Жители Казахстана, осваивающие металлы, вступают в следующую стадию развития. Основными материалами были бронза и медная черепица. Бронза изготовлена из различного оружия, орудий труда, а также ювелирных украшений. Памятники Сакав включают в себя стиль «звериный стиль». «звериный стиль» - это декоративный стиль в искусстве живописи и эпохи Сакав. Тема «звериный стиль» определяется животными, животными и мифологическими монстрами. Сегодняшние раскопки находят свидетельства великого искусства древних ювелиров.

Ключевые слова: ювелирные изделия, украшение, оружие, технология обработки железа.

Kerimbek I.M.

2-year student of arts and crafts

Supervisor: Doctoral PhD Abizhanova A.Sh.

*Kazakh National pedagogical University named after Abay
(Almaty, Kazakhstan).*

HISTORY OF TRADITIONAL KAZAKH JEWELRY ART

Abstract

In this article, comparing the archaeological excavations and jewelry of the Kazakhs, we can say that the traditions and continuity in the jewelry business are preserved. Residents of Kazakhstan, developing metals, are entering the next stage of development. The main materials were bronze and copper tiles. Bronze is made of various weapons, tools, as well as jewelry. Sakav monuments include the animal style. "Animal style" is a decorative style in the art of painting and the Sakav era. The theme of "animal style" is determined by animals, animals and mythological monsters. Today's excavations find evidence of the great art of ancient jewelers.

Key words: jewelry, jewelry, weapons, iron processing technology.

Дәстүрлі зергерлік өнер қазақтардың дүниетанымының және материалдық мәдениетінің басты бөлігі болып табылады. Көптеген ғасырлар бойы дамып келген зергерлік өнер алдыңғы көшпенділік өркениеттің тәжірибесін және бай материалдық, мәдени мұраларды бойына жинақтап келді. Көршілес елдердің мәдениеттерімен және өнерлерімен араласып отырса да, Қазақстанның зергерлік XIII ғасырдағы монғол басқыншылығы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларын құлдырауға ұшыратқандықтан, ұсталар мен зергерлердің шеберханалары біраз уақыт бойы бос қалды. Тек XIV ғасырда ғана қалалық кәсіп мәдениеті қайта жандана бастады. Археологиялық қазбаларда артельдер мен цехтарға ұқсас зергерлер мен ұсталардың бірлестіктері болғаны жөнінде мәліметтер бар. XVI ғасырдағы тарихшы Ф. Рузбиханның жазуы бойынша, қазақтардың кәсіптік өндірісінің орталығы Сырдария қалалары мен Орталық Қазақстанның, Жетісудың ауылдарында орналасқандығын білеміз. Мұнда аттары көпке әйгілі шебер ұсталар, өрнекшілер, зергерлер, металл балқытушылары, қырлауыш ісінің шеберлері еңбек еткен. Рузбихан Бұрындық хан (XV ғасырдың соңы – XVI басы) кезінде қазақтар барлық шеберханаларының толығымен жойылғанына қарамастан, Алтын Орда зергерлерінің өндіру дәстүрін жалғастырып келгендігін жазады: «...барлық жаһанның базарларында ұзақ жылдар бойы өркендеген, қазақтардың шеберханаларының жайы, басшының қолы мен қылыш соққысынан қирады». Бұл ақпарат XVI-XVIII ғасырлардың археологиялық қазбаларынан табылған күйдірілген мөрлер, керамикамен, өрнекпен және қазақ ұлыстарының таңбасымен безендірілген шеберхана қалдықтары осы пікірді растайды. Ұсталар мен зергерлер шеберханаларының қалдықтары Отырар, Сауран, Сығанақ, Күлтөбе, Тараз, Түркістан және т.б.

қалалардан да табылған. Баянауыл округының ежелгі тұрғындарының айтуы бойынша, бұл аймақта шеберханалар XVIII ғасырда ерекше өркендеген. Мысалы, әкелері бір туысқан ағайынды Олжабай мен Едігенің шеберханасы. XVI-XX ғасырлар бойы қысқы (қыстақтар) және жазғы қоныстарда – ұсталық, ұстахана, темір шеберханалары болды. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде, басқа да халықтардың мәдениетіндегідей, теміршілік өнер мен темір ұсталығы ерекше қасиеттеліп, ерекше мәртебеге ие болған; темір ұстасы сиқырлық, бақсылық қызметпен де айналысып, оларды да жиі атқарып отырған. Қазақ халқының түсінігінде темір ұсталары құдіретті күш пен қасиетті қабілет иелері болған екен. Бұл пайым барлық түркі тілдес халықтарына тән. Зергерлердің шеберлігі мен өнері «Қобыланды» поэмасында жан-жақты жырланған. XIX ғасырдың 1-ші жартысының ақыны Дулат өзінің шығармаларында қазақтардың өміріндегі темірдің маңызын және темір өңдейтін қазақтардың еңбек сүйгіштігін басып айтқан. Халық шеберлері темір, мырыш, қорғасын, алтын, күміс балқытып, мырыш пен мыстың, күміс пен алтынның қорытпасын жасаған. Металдардың қасиетін біле отырып, зергерлер оларды көркемдеп өңдеудің әртүрлі тәсілдерін қолданған: құймалап өңдеу, соғу, шырпылау, оюлау, ескі үлгімен әшекейлеу, алтын жалату, металл мен күмісті кертіп өңдеу және т.б.

XIX ғасырдың Ресей зерттеушілері, қазақтар арасында зергерлік бұйымдарды өндіру барысында майталман суретшілер мен алтын ісінің шеберлерінің өнеріне жүгінгендігін атап өтеді. А.И. Левшин: «...зергерлік өнерде күмісшілердің, мысшылардың, ұсталардың, қырнаушылардың орны бөлек. Біріншілері мен екіншілері көбінесе ат тұрмандарына, ақық пен алтынды қолдана отырып, кертiгi бар белбеулерге, сонымен қатар әйелдердiң бас киiмiне, кеуделiк және т.б. әшекейлердi жасай алады. Ұсталар пышак, найза, шырпу, аттардың ауыздықтарын...жасайды», – деп хабарлайды.

Қазақ халқының аңыздары мен ертегілерінде алтын шатыр, алтын сарай, ертоқым, сандық, жүген, қылыш, семсер, әйел әшекейлері, ыдыс және т.б. атаулар қосылып баяндалады. Хан Абылайдың алтыннан құйылған қару-жарақтары Көкшетау аймағынан табылды. Қоныс аударғанда көшпенділер алтын бұйымдарын бөлек сандықтарға салып жүрген. Сыйлы ақын-жырауларға марапат ретінде алтын құймаларды, алтын сақиналарды сыйға тартқан. Бағзы замандарда алтынды күнге, ал күмісті айға балаған екен. Алтын мен күмістің бағасы да әр заманда әртүрлі болып өзгеріп отырған. XVI-XIX ғғ. көптеген елдерде айналымдағы күміс ақшаның басым болғаны белгілі болып отыр. Бұл металдың емдік қасиеті мен бірге өңдеуге көнбістігі, иілгіштігі көптеп қолдануына себеп болды. Осыған байланысты, ол қазақ зергерлерінің бұйым жасау барысында кеңінен қолданылды. Қазақтардың түсінігі бойынша бұл металл табиғи сұлулығымен қоса тазартушылық, қорғаушылық қасиеттерімен де ерекшеленетін.

Тарихи мағлұматтар бойынша XIX ғасырдан бастап қазақтар алтын мен күмісті көбінесе Орта Азия мен Шығыс Түркістан базарларынан сатып алып отырған. Келімді-кетімді саудагерлерден де алып тұрған. Зергерлер сырттан әкелінетін күмістерден басқа, ханның таңбасы салынған күміс ақша – тиындарды да қолданған болатын. Олардан түрлі алқалар мен шолпы жасайтын; олардың бетіне өрнек салып, басқа формаға келтіру үшін кесектеп балқыта да білген. Алтын мен күміс сияқты асыл металдармен жұмыс істейтін ұсталарды «зергер» деп атаған: «зер» – алтын, алтын әшекей деген сөзден шыққан. Қазақтардың: «Алтынның құнын тек зергер білер» деген мақал да бар. Зергерлер өздері айналысатын кәсіп-машығына қарай ажыратылып отырған. Олардың арасында – «алтын соғушылар», «күміс соғушылар» болды. Қазақтарда зергерлік өнер мамандандырылған сипатқа ие болған, бұл бұйым жасау мен өндіру ерекшеліктерімен байланысты болды. Зергерлер негізінен жеке жұмыс істеп, қолынан шыққан өнерлерін мұра ретінде жиі қалдырып отыратын. Зергерлер әйелдер әшекейлерімен қоса, киім-кешекке тағатын бөлшектерді, жеке адам тұтынатын қажет бұйымдарды, аспаздық құралдарды, киіз үй жабдықтарын, жиһаз түрлерін, ағаш пен тері ыдыстарын, музыка аспаптарын, қару-жарақ, ат саймандарын, ағаш дуалдарға арналған айылбастарды жасап шығаратын. Зергерлер алтын, күміс, темір, гауһар, маржан

сияқты бағалы тастарды, түсті әйнектер мен басқа да өңдеуге жарайтын басқа да материалдарды қолданған. Зергерлер шығаратын өнімдердің ішінде елдің қандай да болмасын қоғамдық топтарында ең көп сұранысқа ие болған – әйел әшекейлері. Зергерлік бұйымдардың сипаты мен саны адамның жынысы мен жасына қарай жіктелетін болған. Зергерлік бұйымдар әйелдің жас мөлшеріне қарай сәйкесіп отырған. Мысалы, қыздар өздерінің жасына сәйкес сырға мен білезіктің қарапайым түрлерін тағатын болған. Жасы ұлғайған сайын, қыздардың әшекейлері де күрделеніп, олардың зергерлік бұйымдары бұрынғыдан бетер безендіріле түсетін. Ал қалыңдықтың киімі мен әшекейлері өздерінің сән-салтанатымен, сәнділігімен ерекшеленетін. Олардың әшекей бұйымдары тұрмыс құрып, отбасылық өмірге бет бұрғаннан бастап, қарапайымдала беретін. Қазақы зергерлік бұйымдардың тағы бір ерекшелігі – олардың барлығы белгілі бір киім түріне бейімделіп жасалатындығы өнері өзіндік болмысын жоғалтпай, ұлттық жарқын келбетімен ерекшеленіп тұрады.

Қазақстан Республикасының Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында Қазақстан халқының ежелгі және қазіргі заманғы сәндік-қолданбалы өнерінің ең бір бай жиынтығы орналастырылған, экспонаттардың жалпы саны 5 мыңға жуық. Олардың 2 мыңнан астам экспонаты XIX-XX ғасырдың қазақ зергерлік өнерінің керемет үлгілері болып табылады. Көрмеге қойылған қазақы зергер бұйымдарды шартты түрде жеке-жеке Батыс, Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан деп төрт өңірге бөлуге болады.

Ұлттық киім мен зергерлік бұйым әшекейлерінде ескі әдет-ғұрып бойынша әр өңірдің өзіндік ерекшеліктері сақталып келген. Қазақтар көшпелі өмір кешіп жүріп, малдан басқа байлығын алтын мен күміс әшекейлері түрінде сақтай білген. Алтын мен күміс іспетті бағалы металл тек адамның әшекейі ретінде ғана емес, сондай-ақ, тұрмыста қолданылатын заттардың әшекейі ретінде де қолданылған. Күміспен әшекейленген жиһаз бен ыдыс еліміздің қай жерінен болмасын кездестіруге болады. Ал кейбір бұйымдардың құрамындағы алтын мен бағалы тастардың құны адам айтқысыз қымбат болатын. Күміспен безендіру әдеті қару-жарақ, ат тұрмандары, музыкалық аспаптар, жиһаз сияқты көптеген тұрмыстық бұйымдарға тән болған. Мүмкін, XIX ғасыр мен XX ғ. басында қазақтардың тұрмысында кеңінен тараған күміспен әшекейлеу дәстүрі қазақы зергерлік өнердің қайталанбайтын туындыларының біртумалығын түсіндіретін болар.

Сөйтіп, XV-XX ғғ. қазақтың зергерлік өнері дамыған уақытты екі кезеңге бөлуге болады. Біріншісі – XV-ғасырдың басы, XVIII ғ. – дәстүрлі зергерлік ісінің жалғасуы. Екіншісі, XVIII-XX ғғ. – дәстүрлі зергерлік өнердің түрленуі және өзгеруі. Бір-біріне түбегейлі қарама-қарсы тенденция. Зергерлік өнердің дәстүрлі техникалық ою-өрнек тәсілдерінің жаңа инновациялық әдістерімен ұштастырылып, сақталып қалған үлгілері. Жалпы айтқанда, қазақтың алтын және күміс бұйымдарының шеберлері өңдеудің әртүрлі техникасын, оның ішінде металл өңдеуде керту, ою, егеу, оймалау, өрнек салу, сондай-ақ, бағалы және жартылай бағалы тастармен бедерлеп әшекелеуді жетік меңгерген. Қазақстанның зергерлік өнері XVIII-XX ғасырларда өзінің өркендеу жолында ең жоғары деңгейіне жете отырып, сәндік бұйымдарды әшекейлеу саласында көптеген жаңа пішін мен әдістерді игере білді. Сонымен бірге, зерттеу барысында әрбір өңір көркемдік стильдегі өзіндік ерекшелігінің белгілі деңгейіне жеткенін көрсетті. Қазіргі таңда ғылым қазақтың зергерлік өнерін зерттеуде. Сонымен қатар, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы этнология және тарих институты «Тарих және этнография» тақырыбында жұмыстар жүргізуде, себебі бұл тақырып ұлттың өнерін зерттеудегі маңызды іс болып саналады. Заманауи қазақтың қолданбалы-әшекей өнерінің ахуалы оның құрамының және пішінінің тұрақтылығының негізі болып табылады. Қазақтың зергерлік өнері халықтың тарихымен тығыз байланысты және тамырын тереңге жайған қайнар көздерін және мәдениет дамуын көрсетеді. Заманауи зергерлердің шығармаларында дәстүрдің мұрасы сақталған. Заманауи шеберлер өткеннің ең үздік зергерлік өнерінің үлгілері арнасында зергерлік істі одан әрі дамытуда.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

3. Әбдуәлиева Ш. Халық қолөнері. Алматы 1992ж.

4. Қасиманов С.Қазақ халқының қолөнері. Алматы «Қазақстан» 1995ж.
 9. Марғұлан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алматы «өнер» 1986ж том1, том2, том3.
 10. Қазақстан мектебі. Халықтың қолөнер туралы. Алматы 1991ж №7 63-65 беттер.
 11. Арғынбаев.Х. Қазақ халқының қол өнері ғылыми зерттеу еңбектері. Алматы. Өнер 1987 ж.128 бет.
 12. Еспенбетов.Б. Оқушыларды халықтың қолданбалы өнеріне баулу. Бастауыш мектеп. № 9; 10 бет. Алматы 1988ж.
 13. Еспенбетов.Б. Ұрпағымыз ұмытпасын. Бастауыш мектеп. № 1; 27-28 бет. Алматы 1990ж.
 14. Казыханова Б. Эстетическая культура Казахского народа. Алматы; Қазақстан 1973 г. 223 стр.

ӘОЖ 67:007; 67:001.891.57

МРНТИ 64.01.77

Этно стильдегі замануи киім үлгілері

Ж.М.Алимбаева

Абай атындағы ҚазҰПУнің «Сән дизайны» мамандығының 5 курс студенті, Алматы қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекші т.ғ.к., Е.Ө. Омарова

Абай атындағы ҚазҰПУнің «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан

Аңдатпа

Мақалада этно стиль талданып, замануи тұрғыдағы үлгілері терендетіліп қарастырылған. Этно стильдің тұжырымдамасы аталып, түстік шешімі бойынша анализ жасалған. Бұл стильдің тек киімде ғана емес, сәулетте де қарқынды қолданылуы талданған.

Аннотация

В данной статье рассмотрено стиль этно, а также пранализирована современная одежда в стиле этно. Определение стиля этно и цветовое решение даны в теоретической части. Стиль этно не только встречается в одежде, но и в архитектуре нашей страны.

Annotation

Ethno style is considered in this article, and modern clothes in ethno style are also pranalized. Ethno style and color definition are given in the theoretical part. Ethno style is not only found in clothes, but also in the architecture of our country.

Кілтті сөздер: стилизация, этно стиль, ұлттық киім, түстік гамма, сән, замануи сән, топтама.

Ключевые слова: стилизация, стиль этно, национальная одежда, цветовая гамма, мода, современная мода, коллекция.

Key words: stylization, ethno style, national clothes, colors, fashion, modern fashion, collection.

Дизайндағы этностиль дегеніміз – ұлттық нақышты заманауи дизайн салаларында қолдану әдісі. Әрине, этностильді дизайнда қолдану дәл сол ерте заманғы нақышты тура көшіре салу емес. Бұл жерде стилизация әдісін қолдану қажет. Мысалы, қазіргі кезеңде интерьер дизайнында этностильді жиі қолдану көрініс табуда. Бұл жағдайда австралиялық абаригендердің немесе солтүстіктегі эскимостардың тұратын үйшігін тура көшіре салып,

жұртшылықты таңқалдырудан аулақ болған жөн. Еңбастысы – қалаған этностильді қажетті мөлшерде және аса талғампаздық пен қолдана білу қажет. Екі жүз жылдық тарихы бар этностиль қазіргі кезеңде дизайнда сұраныс шыңында тұр. Этностиль, ең әуелде, белгілі-бір елдің мәдениетіне тәниинтерьердегі жиһаздың декормен, материалдармен, түстер мен өзара үйлесімділігімен сипатталынады Ертеде қалыптасқан этностильдерге деген қызығушылық бүгінгікүнде дизайн саласында қайта жаңғырып, кең қолданыстабуда. «Этностиль» деп аталатын ағым сұранысқа ие. Бұл стильді қағыматапөтілгенадамзаттыңбәрінебелгіліелеулiтүрлерiненбасқабатыстықненесешығыстық, еуропалықнемесеазиялық, әртүрліэтносқасай – орыс, араб, парсы, жапон, қазақтағысынтағы ұлттық сипаттағы стильдерді қамтиды.



Сурет 1- дәстүрлі этно костюм үлгілері

Киімнің бұл түрі ең маңызды болып табылады. Этно-стильдегі көйлектер әйелдікке, нәзіктікке және жайлылыққа тамаша үйлеседі. Жібек, мақта, зығыр сияқты табиғи маталар жеңілдік береді және еркін түстүссіздікті жояды. Этностиль – халықтық бағыт ретінде пайдаланылып, бірте-бірте танымалдығы артып келе жатқан стиль. Бұрын ол тек киімге қатысты айтылатын болса, бірте-бірте мазмұны байып, үй жиһазының, ғимараттардың безендірілуі, өмірдің басқа салаларында ұлттық нақыштың пайдаланылуын жатқызады. Дегенмен, бұл бағыт әлі де болса киім үлгілерін дайындауда басым пайдаланылып, қазіргі заманғы қазақстандық сән үлгісінің жаңа бағыты ретінде өз елімізде де, шетелдерде де танылып үлгірді. Этностильдегі киімдер мен аяқ киімдердің көркемделуі ұлттық мәдениетке тән мотивті, тұрғылықты елдер ерекшеліктерін көрсете білетін топтамалар болған.

Этностиль

табиғи материалдар мен бұйымдар бөлшегінің драпталуына ұқсас, яғни табиғатқа сай (жануарлар тісі мен терісі, тас түсті дақтар және т.б.) заманауи материалдар және олардың фактурасы.



Сурет 2- этно костюмдердегі мата үлгілері

Киімнің және аяқ киімнің декорында жабайы жануарлар, пейзаждары, өсімдіктері суреті кездеседі. Әр халықтың тұрмыс-тірлігіне сай түстік шешім қалыптасқан: қазақ халқы көшпенді мал шаруашылығымен айналысқандықтан мал өнімдерінің бірі жүндердің табиғи түстерін жиынтығы. Этно стиль біріншіден ыңғайлылық пен төзімділік принципі бойынша орындалады. Сондықтан этностиліндег көйлектер мен комплекттер жаздыңыстық күнінде денені ешбір қысып тұрмауы қажет. Тарихи стильдер мен салыстыратын болсақ, этностильде әр елдің өзіне тән ерекшелігі, өздерін қоршаған заттық ортаға деген көзқарасы, әшекей заттардың қайталанбас сипаты және түстерге деген ерекше сезімдерімен ерекшеленеді қолданған.




Сурет 3- әйелдер этно костюм үлгілері

Этностилінде орындалған бұйымдардың түстік гаммасы өте байсалды түстерден жасалады. Этно стиль киімге айрықша сезгіштікті байқалтады. Киімде кезкелген этно элемент бар бойжеткен елдің байқауынсыз қалмайды. Барлық тұрмыстық заттардың бәрі табиғи материалдардан жасалған.



Сурет 4 - ерлер этно костюм үлгілері



Сурет 5- этно стильдегі түстер үлгілері

Қазақ халқының басты түстері ретінде жылы түстік гаммаға жататын түстерді, яғни — сары, қызыл, қоңыр түстерді атап өткен жөн. Суық түсті — көк, күлгін түстер көп қолданылмайды. Баяндамада көтерілген мәселе бойынша қорытындылай келе айтарымыз заманауи дизайн саласында жобалау жұмыстарын атқару барысында этно стильді түстік шешім табуда қолдануды қажетті мөлшерде және орынды етіп қолдана білу қажет деп білеміз.



Сурет 4- әйелдер этно костюм үлгілері

Әр нақыштың өз тарихы өз мәні мен мағнасы барын, оның көркем құндылығының қаншалықты жоғарылығын шын сезіне отырып, болашақ қызметтеріңізде ұлт өкіліретінде асқан құрметпен қолдануларыңыз керектігін естеріңізге саламын. Сондықтан осы күнде қазақ этностилін дамытуға қолайлы заман туындады. Алдында аталған этностильдер сияқты қазақ этностилінің өзіне тән сипатының бар екеніне ала тұрып, қысқаша шолу жасайық. Атам заманынан ғасырлар бойы түрлі сынақтан өтіп, өзінің өмір шендігін дәлелдеген ұлттық нақыштардың осы күнде заманталабына сай дизайн салаларынд аорынды да оңтайлы қолдана білуге дағдылануымыз керек.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 5 Айдынбекова Ж.Т. Совершенствования методики конструирования поясных изделий: дис. ... канд. техн. наук: - Алматы, 2008. – 117 б.
- 6 Ерманова Г.К. Исследование и разработка метода зонального комбинирования конструкций серий моделей женской поясной одежды: дис. ... канд. техн. наук: 05.19.04. – Алматы, 2005. – Б. 185.
- 7 Наурызбаева Н.Х. Исследование и оптимизация конструктивных параметров одежды по эргономическим показателям динамического соответствия: автореф. канд. тех. наук: 05.19.04. - М.: МТИЛП, 1981.–Б. 25.

ӘОЖ 67:007; 67:001.891.57

МРНТИ 64.01.77

Е.Ө. Омарова

т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУнің «Дизайн» кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қаласы, Қазақстан

С.Д. Әскербекова

Абай атындағы ҚазҰПУнің «Сән дизайны» мамандығының 4 курс студенті, Алматы қаласы, Қазақстан

Балаларға арналған сән үлгілері

Аңдатпа

Мақалада балалар киім үлгілерінің сәнді брендтері талданып, қарастырылған. Атақты, әлемдік деңгейдегі брендтердің ерекшеліктері мен олардың құндары салыстырылған. Балалар сән үлгісі ересектер сән үлгісінен еш кем емес екендігі талқыланған.

Аннотация

В данной статье проанализированы и рассмотрены известные бренды детской одежды. Проанализированы особенности и стоимость известных брендов мирового уровня. А также рассмотрены образцы детской одежды и они ничем не уступают взрослой моды.

Annotation

This article analyzes and reviews the well-known brands of children's clothing. The features and cost of well-known world-class brands are analyzed. Also, samples of children's clothing are considered and they are in no way inferior to adult fashion.

Түйін сөздер: сән үлгісі, дизайнерлер, бренд, балалар киімі, ұлдар, қыздар, қымбат, танымалдылық, доллар.

Ключевые слова: мода, дизайнеры, бренд, детская одежда, мальчики, девочки, дорого, известность, доллар.

Keywords: fashion, designers, brand, children's clothing, fry, girls, expensive, fame, dollar.

Бүгінгі уақытта әлемнің түкпір-түкпіріндегі дизайнерлер балалардың сәнді киінуіне үлкен мән береді. Ата-аналардың кейбірі балаларына әлемдік абыройға ие, танымал брендтік киімдер де алып беріп жатады. Әрине, ондай киімдер балаға бірден жараса кеткенімен, үлкендердің қалтасын біршама тоздыртатыны сөзсіз. Сіздердің назарларыңызға әлемдегі балалар киімінің ең қымбат брендтерінің тізімін ұсынамыз.

«Dolce & Gabbana» бренді балалар арасында үлкен танымалдыққа ие. Қыздарға арналған көйлектердің бағасы 300 доллардан басталып, 3200 долларға дейін жетеді. Ал ұлдарға арналған күртешелер бағасы 1290 доллардан басталса, жай ғана кішкентай бант 420 доллар тұрады. Аяқ киімнің бағасы 100-500 доллар аралығын құрайды. Төмендегі суретте қыз балаларға арналған сәнді белдемшелері, шолқ шалбарлары, жейделері мен пальто және әшекей сөмкелерінен құралған комплектілер көрсетілген.



Сурет 1 – «Dolce & Gabbana» брендіндегі балалар сән үлгісі

«Moncler» компаниясы үлкендермен қатар, кішкентайларға да арнап жаңа киімдер топтамасын жарыққа шығарып келеді. Балаңызды бір киіндірудің өзіне біраз қаражат жұмсайсыз. Бас киімдердің бағасы 100 доллардан басталады, оған қосылатын мойынорағыш тағы 100 доллар. Спорттық киімдер – 400 доллар, жұқа күртешенің бағасы 1200 долларға дейін жетеді. Төмендегі суретте ұл және қыз балаларға арналаған спорттық киім үлгілері көрсетілген.



Сурет 2 – «Moncler» брендіндегі балалар сән үлгісі

«Chanel» компаниясы балаларға арналған жеке киімдер топтамасын шығармайды. Бұл люкс брендтің барлық киімдері тек тапсырыспен ғана тігіледі. Мысалы, Дженнифер Лопес қызына тапсырыспен тіккізген жай ғана бір сөмкеге 2400 доллар қаражатын жұмсапты. Әйгілі «Chanel» сән үйінің қыз балаларға арналған серуендік киім үлгісінің жинытығы төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 3 – «Chanel» брендіндегі балалар сән үлгісі

Әлемдегі ең қымбат брендтердің бірі саналатын «Gucci» киімдерінің сапасы жағынан алдына дес бермейтін компания. Балалар киімдері үлкендерге арналған киімнің дәлме-дәл көшірмесі болғандықтан, family looks стилін дамытуға өзіндік үлесін қосып келеді. Киім бағасына келер болсақ, қыздарға арналған жаздық көйлек 2000 долларға дейін жетсе, жаздық қалпақтардың бағасы 150 доллардан басталады. Ал келесі суретте «Gucci» брендіндегі киім үлгісі, яғни қыз балаларға арналған көйлек, бас киім және ұл балаларға арналған кофта, шалбар және жадағай үлгілері көрсетілген.



Сурет 4 – «Gucci» брендіндегі балалар сән үлгісі

«Tartine Et Chocolat» — балалардың сәнді киімдерін ұсынатын француздық компания. Одан бөлек жұмсақ ойыншықтарды және бөлмеге арналған заттарды шығарады. Ойыншық бағасы көлеміне қарай 250 долларға дейін жетеді. «Tartine Et Chocolat» брендіндегі балалар киімінің үлгісі мен тіпті ойыншықтары да төмендегі суретте көрсетілген.



Сурет 5 – «Tartine Et Chocolat» брендідегі балалар сән үлгісі

Ал «Burberry» киімдерінің бағасы үлкендерге арналған киім бағасынан кем емес. Осы брендтің жарнамасына өздерінің балаларын қатыстырғысы келетін жұлдыздар жеткілікті. Классикалық балалар пальтосы, жұқа жейде, кішкентай сәбилерге арналған торлы костюм үлгілері төмендегі суретте бейнеленген.



Сурет 6 – «Burberry» брендідегі балалар сән үлгісі

АҚШ-тағы «Canada Goose Kids» компаниясы өндірген өнімдерінің бағасына тұтынушылар тарапынан біраз наразылық тудырған-тын. Алайда компания дизайнерінің пікірінше, баға киім сапасына толығымен сәйкес келеді.

Балалық шақта термореттеу механизмі жетілмегендіктен, организмнің салқындауы немесе ыстықтауы денсаулық жағдайының жедел бұзылуына әкеліп соғатындықтан, балалар организмі жылу өндіруі 3-4 есеге дейін жоғарылайтын өте жоғары қимыл-қозғалыс белсенділігінде болатындықтан, балалар терісі өте нәзік, жылдам жарақаттанғыш келетіндіктен, зат алмасуда терінің тыныс алуының меншікті үлесі ересектерге қарағанда үлкен болатындықтан киімнің қорғаныштық қасиетінің балалар үшін маңызы өте зор. Балалар киімі өзінің конструкциясы және материалының физикалық-гигиеналық көрсеткіші бойынша жас мөлшерінің анатомиялық-физиологиялық ерекшелігіне, іс-әрекеттің түріне және метеорологиялық жағдайға сәйкес болуы керек, және оңай киіліп, оңай шешілетін, бала тәрбиесінде эстетикалық таным қалыптастыруға жағдай жасауы керек.



Сурет 7 – «Canada Goose Kids» брендиндегі балалар сән үлгісі

Еліміздегі жастар өмір сүрудің формуласын жақсы қалыптастырған. Сәнді болу дегеніміз – салауатты өмір салтын ұстанып, бақытты өмір сүру. Синтетикалық киімдердің ешқайсысы сән үлгісі бола алмайды.

Балалар киіміне баға беру үшін, санитарлық-гигиеналық экспертизаға балалар киімін даярлауға арналған - киімнің сыртқы қабатына, ортаңғы қабатына және ішкі астарына арналған маталардан әрқайсысының размері 1м² алынған бір бумасын және даяр болған өнімдерді жібереді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 8 В. Анченко «Мода, стиль и управление персоналом»
- 9 media.child.boutique
- 10 журнал Ателье
- 11 журнал Мюллер и сын

МРНТИ 14.33.17

НАКБАЕВА АЛЬМИРА БОРАНХАНҚЫЗЫ

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан қаласы)**

ДИЗАЙНЕРЛЕРДІҢ КОСТЮМ ДИЗАЙНДАҒЫ ОЮ ӨРНЕКТЕРІ

Мақалада болашақ дизайнерлердің костюм дизайндағы материалды объектілерді жобалау болып табылады, яғни адамның қажеттілігін қанағаттандыратын тұтынушы бұйымдарын жасау өнері. Ғылымдардың пәні бүгінгі таңда материя қозғалысының жекелеген түрлері ғана емес, олардың байланысы мен өзара байланысы болып табылады. Дизайн - шығармашылық жобалау іс-әрекеті, оның мақсаты, үйлесімді заттық ортаны құру, әрі адамның материалдық және рухани қажеттіліктерін толық қанағаттандыруды көздейді.

Дизайнер — дизайн саласында жұмыс істейтін адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін сонымен қатар, жоғары тұтынушылық қасиеті мен бұйымның жоғары эстетикалық сапасын қамтамасыз ететін маман.

Дизайн объекті - түрлі өнеркәсіп бұйымдары мен қала құрылымының жүйесі мен элементтері, өндірістік және тұрмыстық орта, визуальді ақпараттар болуы мүмкін. Сол сияқты, киім мен оның элементтері дизайн объектісі; заттық орта бөліктері де - жиһаздар, ыдыстар, құралдар, автомобильдер және самолеттер де дизайн объектісі.

Киім дизайны - бұл дизайн іс-әрекетінің бір бағыты (ол индустрия дизайнері, дизайн орта, графикалық дизайнер секілді жеке бағыт), оның басты мақсаты заттық ортаның жеке элементтерінің бірі киім үлгілерін жобалау болып табылады.

Кілім сөздер: Өнер, оқыту, ғылыми- әдіснама, әлем, дизайн, дизайнер, ою өрнек, костюм

Кіріспе. XIX-XX ғасырда жаппай өндірістердің дамуы нәтижесінде кәсіп орындар саласында, өзіндік шығармашылық іс-әрекет нәтижесінде дизайн пайда болды. Ол өнер мен техника саласындағы шекараны жойып оларды өзара үйлестіре білді. Дизайн жобалау іс-әрекетімен жаңа мәдениет саласымен байланыста болып - жобалау мәдениеті ғылыми -техникалық және гуманитарлық мәдениетімен тұтас байланыста болды.

Заттық орта - бұл адамды қоршаған бұйымдардың жиынтығы мен олардың комплексі, оларды адамдардың материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруға сонымен қатар, өмірде функциональды процестерді ұйымдастыруға қолданылады.

Киім дизайны - бұл дизайн іс-әрекетінің бір бағыты (ол индустрия дизайнері, дизайн орта, графикалық дизайнер секілді жеке бағыт), оның басты мақсаты заттық ортаның жеке элементтерінің бірі киім үлгілерін жобалау болып табылады.

Дизайнер заттық ортаны бейнелеп оны өз қолымен жасайды. Дизайнер жаңа мәдени бұйымдарды өз қолымен жасайды немесе ескі заттардың "көркемдік" вариантын дайындайды. Сондықтан да киім дизайнері адамдардың тұрмыстық кейінін өзгерту және қажеттілігіне сай жаңа функция мен қасиетке ие бұйым үлгілерін жобалауға бағытталуы тиіс, ол дәстүрлі формаларды әшекейлеумен айналыспайды (киімді көркемдеп сәндемейді) жаңа үлгілерді шығарады.

Киім заттар құрамына кіре отырып төмендегідей функцияларды атқарады:

1. Тиімді-практикалық;
2. Қолайлылық, ыңғайлылық.
3. Нәтижелі мақсатқа жету;
4. Интеграциялық - мұнда заттар бірігіп мәдениет саласында айқындалады яғни, мағынасына, салтына, құндылық пен материалына, формасына қарай мәнерленеді. [1,87].

Зерттеу әдістері. Дизайн - бұл тұтынушы қоғамын әлеуметтік тұрғыда реттеуші болып табылады, әрі оның функциялық атқаруы мен мәнерленуіне әсер етеді.

Жаңа бұйым процесі мынадай жүйеден құралады; айқындау — жобалау - бағдарлау (болжау) - жобалау - өндіру - тираждау - тапсыру - тұтыну. Дизайн саласында талдау мен синтездеу әдістері ретімен қолданылады. Жоба алдындағы талдау жобаны іздестірудің алғашқы этапында жүргізіледі. Талдау, синтездеу тәсілдері арқылы интеграциялануы нәтижесінде құрылымы қалыптасып, объект үйлесімді бола түседі.

Ою-өрнектер гармония мен пропорция заңдылықтарына бағынады. Орнамент (латын сөзінен аударғанда "ornamentum"- "әшекей" деген мағынаны білдіреді) композициялық құрылымның ең көп тараған өнер түрі болып саналады. Көбіне ол архитектура мен сәндік-қолданбалы өнерде және киімде басым қолданылды. Орнаментті композиция маңызды мәнге ие әсіресе дәстүрлі, символды, тиімді әрі стилистикалық маңызы үлкен. Орнамент ұқсас ою бөліктердің қайталануы. Өрнектің ұқсас бөліктерінің кіші аудандарда қайталануы раппорт (француз тілінен аударғанда "гаррогі" - "қайту" деген мағынаны білдіреді), Раппорт горизонталь мен вертикаль бағытта қайталануы раппорт торы - деп аталады.

Мотив - орнаменттің басты элементі. Мотив қарапайым (бір элементтен) немесе күрделі (бірнеше элементтен) құралуы мүмкін. Раппорттық қайталануына қарай барлық орнаментальді композиция мынадай түрлерге бөлінеді:

Арқанды ою-өрнек - бір бағытта раппорттың қайталануы .

Орталық ою-өрнек - ою-өрнек симметриялы осьтің айналасында орналасады

Торкөзді ою-өрнек — немесе оны раппортты композиция деп атайды.

Зерттеу нәтижелері Қазақтың ұлттық ою - өрнектерінің негізін іздестіру ісінде Т. Қ. Бәсеновтың «Орнаменты Казахстана в архитектуре» деген кітабы көптеген құнды материалдарға толы. Автор ою - өрнек элементтерінің даму тарихын көрсете келіп, оларды түр - түрге ажыратады. Мысалы: «арқармүйіз», «қырық мүйіз», «сыңармүйіз», «қармақ», «ырғақ», «қошқармүйіз», «жапырақ», «гүл», т. б.

Әрбір ою - өрнектегі атау жай ғана атау емес, сол атаулар арқылы ою – өрнектің тал бойында жасырын жатқан сырды, маңызды да мағыналы ойды алуға болады.

Мәселен, «орамал балдақ» - оюының атауында да мағыналы мән жатыр, «орамал» - әйелдер басына тартатын жаулық, «балдақ» - шымылдықтың бау өткізетін шығыршығы, ілгегі, яғни, орамал мен балдақ жаңа түскен келінге шымылдық тұту басына жаулық салу сияқты қазақ салтының шартты бейнесі ретінде бейнеленген.

«Орамал балдақ» - өрнегінің жан - жағына «тұмар», «гүл оюы», «су оюлары» салынып, аққуларға қызыл, жасыл, көк түспен тоқылады. Мұнысы – «туған жердің гүліндей жайнап, сарқырап тоқтамай, ақпай судай, мәңгілік халқыңа қызмет ет» - деп халықтың жаңа түскен келінге айтатын арман тілегі. Ою-өрнек композиция жанры: геометриялық ою-өрнек, өсімдіктестес ою-өрнек, хайуанат тектес ою-өрнек, орнитаморфты және антропоморфты, тратологиялық, коллиграфиялық, арабескалы, геральдикалық, құрама ою-өрнек түрлеріне бөлінеді. Халық шеберлері алғашында костюмдегі ою-өрнектерді түрлі нанымдарға байланысты салып отырды. Біздің ата-бабаларымыз да осы өрнектерді киімге салу арқылы тіл көзден, бәле-жаладан сақтайды деп санаған. Қазақ ою-өрнектері қазіргі киімдердің мата суретіне байланысты талдау үшін суретші модельерлер мыналарды ескеруі қажет:

костюмнің функциональдық пайдалануын, яғни ол күнделікті тұрмыстық немесе сәндік, үйге, демалуға арналған киім екендігін анықтауы қажет;

костюмнің жас шамасына лайықтылығын, яғни түрлі жастағы балаларға, жастарға немесе қарияларға арналған киім түрлерін;

жыныстық ерекшелігін, ерлерге немесе әйелдерге, тіпті екеуіне бірдей унисекс киімдерді; модельдің ерекшелігі мен конструкциясын, киімдегі сызықтар мен бөліктерді, конструктивті сәнді детальдарды, матаны қиғаш пішу мүмкіндігін;

мата суретінің қазіргі заман мода ағымына, мерзіміне сай келуін ескеру. [2,95].

Костюмдегі өрнектер тек мата суреттері арқылы ғана берілмейді, олар әр түрлі сәндік әшекейлер арқылы: кестелеу, аппликация, арнайы бояулар, батик, тоқыма баулар т.б. арқылы да өрнектеуге болады.

Халықтың ою-өрнек әшекейлерінің ең бір көп кездесетіні ұлттық киімдер. Қазақтың ұлттық киімдерінің түрлері мен атаулары көп: кейде ұлы жүз, кіші жүз үлгілері деп, кейде әлгі жүздер арасындағы рулардың аттарымен аталады. Мысалы: адай бөрік, арғын тымақ т.б. кейде графикалық ортаға байланысты де ерекше мәнер үлгіге бөлінеді.

Зерттеулерге сүйенсек, орта жүздің шапандары кебінесе бір беткей сырусыз, етектері шалғайлы, жеңдері кең, жағалары түймелі болып келді. Кіші жүздің шапандары да шалғайлы, жеңдері кең, жүн тартқан бидайланған қалың, кайырма жағалық болып келеді. Үш жүздің қайсысында болса да, шапанға үлкен мән берген және оны барлық жерде жабу деп атайды.

Қазақ оюларын мазмұны жағынан жіктесек, олар үш түрлі ұғымды бейнелейді, Біріншіден мал өсіру аңшылықты, екіншіден жер-су көшіп қону көріністерін, үшіншіден күнделікті өмірде кездесетін әр түрлі заттардың бейнесін береді. Ұлттық ою-өрнегіндегі бір ерекшелік -осы түрлі ұғымның қайсысын бейнелегенде де ұлттық ою-өрнектің негізі мүйіз оюы барлық ою ішінде кездеседі. Халықтың этнографиялық кейбір элементтері ою, сызу, бедерлеу, бейнелеуі өрнегінің де белгілі орын алғанды. Мысалы, бұрынғы ру тайпалары, малдардың ентаңбалары діни сенімдер негізіндегі ай, жұлдыз, аспан тұспалдау және тағы басқалары. Қазақтың қол өнерінде түрлі өрнектері бар. Біздің бұл көрсетіп отырғанымыз тек әзірше ізі табылған, әдебиет беттерінде жұртшышыққа таныс болған, екі үйдің бірінен кездесетін өрнектер ғана. Оның әлі де бізге кездеспеген, не көңілден тыс қалған түрлері әр жерде әр түрлі айтылатын атаулары өте көп екені байқалады. Бұл пікірді зерттеуші этнографтар да ертеден-ақ айтып келеді. Жалпы өрнек атауларын мағынасына қарай Ә.Марғұлан мынадай топтарға жіктейді:

1. Ай, күн, жұлдыздарға-көк әлеміне байланысты өрнектер. Малға, малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
2. Малға малдың денесіне, ізіне байланысты өрнектер.
3. Аңға, аңның денесіне, ізіне байланысты өрнектер

4. Құрт – құмырсқаларға , байланысты өрнектер.
5. Құстарға байланысты өрнектер
6. Жер, су, өсімдік, гүл, жапырақ, бұтақ бейнелі өрнектер.
7. Қару-құралдарға байланысты өрнектер
8. Геометриялық фигуралар тектес өрнектер

Сондықтан біз қазақ өрнектері малшылық көшіп-қонушылық заманындағы тұрмысты геометриялық түсініктердің сырт тұрпатын байқаудан туған ұғым негізінде дамыған деген болжамға қосыламыз. Ою-өрнек, ашекей жасау шеберлігі бейнелеу өнерінің бір түрі. [3,90].

Ал шеберлер халықтық ою-өрнектерден өздері көріп, көңілдеріне ұнағандығын, қағазға не жарғақ теріге, не теріге, не металға түсіріп, ойып алған. Енді осы ою-өрнектердің көп қолданылатындарына, сондықтан да халық шеберлерінің көпшілігіне белгілі атауларының, кейбір түрлеріне әдейі тоқтап өтейік.

"Ай" өрнектері шынында да аспандағы айдың мезгеп жасалған. Бұлар көбінесе ерлердің бас киімдерінде, жайнамаз сияқты заттарда көбірек кездеседі. Бұл өрнек ислам діні келуден кептеген жылдар бұрын шыққаны анық. Себебі, бұрынғырақ замандарда көптеген қауымдар ай мен күнге, от пен жұлдызға табынған. Жаратылыс құбылыстарынан мағлұматсыз заманда ай да, күн де, жұлдыз да тәңірі болып көрінген.

"Бес дөңгелек" кейде қатар төрт бұрыш түрінде келетін бұл өрнектер бір кездердегі ру таңбалары мен төрт түлік малға басылатын таңбаларды еске түсіреді. Мұндай өрнектер қолөнер істерінің барлығына тән. Сондай-ақ "Бесжапырақ", "Бесгүл", "Төртгүл", "Үшгүл" деген сөздер өрнек атауларының бас буындары өрнек элементтерінің санын көрсетеді. Ол ерлер шапанының жота бөлігінде түрлі ою элементтерімен үйлесе отырып өрнектеледі.

"Су өрнегі", "Су"-деп әрбір өрнекті бөліп тұрған және екі қатар сызық аралығында ирек сызық жасай отырып, дөңгелек төрт бұрышты бейнелерді жасайды. Ерте уақытта судан өту қиын болған. Көбінесе шекара сондай бір судың бойымен мәжселенген. Мұны қазіргі замандастардың сөздері де растайды. Су өрнегі өрнек пен өрнектің арасындағы шекараны білдіреді.

"Жілініш" - малдың жілік сүйектерінің негізінде туған атау. Осыған орай "жілінішілік өрнегіне ұзынша келген, кейде қатар екі сызық бейнесінен күрделіленген буынды өрнектер жатады. "Иректер", "Ирек су" өрнектері кейде тұзу сызықтардың сынықтары, кейде доғал сынықтардың үлгі тасы арқылы жасалады. Ондай сызықтар бірнеше қатар сызықтар түрінде қатарласа келеді. Кейде бір иректің іші екінші ирекке қарсы келіп, төрт бұрыштар мен "сағат бау", "сағаты" тәріздес өрнектер жүйесін түзейді. Мұндай мәнерлер кейде көп иректі "таңдай" өрнектерін жасайды.

«Мүйіз» өрнектері. Бұрын-соңды зерттеуші ғалымдардың барлығы бұл өрнектердің негізгі қойдың, арқардың, бұғының, сиырдың мүйіздерін мезгіуден шыққан деп түйеді. Бізше де сол дүние сияқты, "мүйіз" өрнегі өте ескі өрнек және ол көбінесе мал шаруашылығымен, айналысқан көшпелі де, мәнер ретінде жиі кездеседі.

"Төртқұлақ"-бұл "Қошкар мүйіз" -оюының төрт тармақтан құралып, ортасы крест бейнесін жасап келген түрі. Мұны көбінесе оюлардың ортасын, не шет бұрыштарын көбінесе ашекейлеуде жиі қолданылады.

"Түйемойын" — түйенің мойны сияқты иірілген мүйіз ою. Мұндай өрнек мәнері көбінесе күрделі бір мүйіз оюларымен тұтаса келеді де, "түйемойын"-өрнегі сол топтан оза, өз алдында оқшауланып, өзге денеден озып тұратын түйенің мойнын, басын еске түсіреді.

"Жұлдыз"-өзіндік символдық мәні бар, бұл өте аспан әлемі шырақтарын түспалдап бейнелеу мағынасын білдіреді. "Жұлдыз" өрнегі негізінен, бас киімдерде композициялық орталық бөлігін толтыру үшін қолданылады. Негізгі түстер: қызыл, қан қызыл, көк, сия көк. " «Құстаңдай» - оюы, құстың таңдайы секілді пішіміне қарай аталған. Ол шешендер мен ақын-жыршылардың киіміне салынады. Ондағысы құстай сайрап, құлаққа жағымды, көңілді сергітіп жан жұбатарлық болсын деген тілекпен киімге салынған.

Талқылау. Қазақ халқының ою-өрнек өнерін В.Куррер, Ф.Т Куглер, С.В Иванов, В.В Стасов, В.К Волков, С.А Давыдов, Н.В. Сумцов, А.Н Бернштам, және қазақ халықтары Ә.Марғұлан, Т.Бәсенов, Е.Масанов, М.Мұқанов, С.Қасиманов, Ө.Жәнібеков, Б.Тұяқбаева, Б.Әлмұхамбетов, Б.Ибраев, К.Ибраева, Т. Жанысбеков, Ж.Шәйкенов, Ұ.М Әбдігапарова және т.б. ғалымдар зерттеген. Этнограф, өнертанушы Садық Қасимов пен архитектор – ғалым Тілеутай Бәсенов ою туралы біраз деректер қалдырды. Сонымен қатар өз облысымыздың тумаксы, осы өнердің жанашыры, қазақ оюның қаймағын тамызған Шәптібайұлы Байділдинді ерекше атап өтуге болады. Қолөнер шебері 60 тың асқарынан шықса да ізденіп, 1500 жуық оюларға атау беріп, сол оюларды ойлап тапқан. Өмірін оюмен өрнектеген ағамыз бала кезінен бастап ою-өрнекті дамытуға арнаған, тіпті он жыл бойғы өмірінде, тек қана оюшылықпен, оны жетілдірумен айналысқан ел ағасының өнері ерлікпен пара пар деп есептеуге ауыз толтырып айтуға тұрарлық. Құстұмсық, қанатты оюлары еркіндіктің, байлықтың, молшылықтың тұрпаттайтын секілді. Бұл өрнектер қыздардың, жас балдарың киімдеріне салынады. Қазақ халқының ерте кезден бергі әдет-ғұрып салты бойынша бөтен жерге, алыс ауылға күйеуге ұзатылған қыз баланың белгілі бір уақыттан кейін төркін жағна сәлемдеме жіберуі тиіс екен. Сәлемдеме жас келіншек өзінің күйеуге шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайын ою-өрнекпен бейнелеп жіберуі шарт болған. Осы жай бойынша тұрмысқа шыққан бір қыздың үйіне жіберген сәлемдемесінде алақандай жарғақ бетіне бойы сарайған ұзын және өте жіңішке әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және өте жіңішке әрі арық адам бейнесі кестеленіп салынған және оның жанында тұрған тапал бойлы толық адам бейнесі бейнеленген. Бұл сәлемдемеден қыздың ата-анасы жат жұртқа ұзатылған баласының отырса опақ, тұрса сопақ болған мүшкіл халін түсінген. Осы секілді келесі бір күйеуге ұзатылған қыздан "құсмұрын" бейнесі салынған сәлемдеме келсе, ата-анасы одан баласының барған жерінде күхтай ерікті, басы бостандыққа, жағдайы жақсы екенін ұғатын болған. Осы мысалдардың езінен халқының ерте замандардан ою-өрнек өнерін өмір мүддесіне, тұрмыс қажетіне пайдаланып, іске жаратып келе жатқанын көреміз. Демек, өткеннен әдет-ғұрып дәстүрлерінің бәрі бізге жат емес. Оның ішінде тәрбиелік маңызы барларын, керектілерін бүтінгі күні де пайдалана білуіміз керек. Оюлап өрнек салып тоқу халық өнерінің бір саласы, оның түрлері мен атаулары күнделікті тұрмыста қолданылуы, тұтыну тәсіліне қарай, ұқсату мен іске асыруының амалдары, жолдары да түрліше болады.

"Гүл", "шұғыла", "бүршік", "жауқазын" өрнектері сахна төрінде көпшілік назарына ұсынып, жаңаша ұлттық стильдегі модельдерді көрсету арқылы қазақ халқының тамаша өнерін көрсетгі. Мода ағымында ою-өрнек түрлерін қолдану модельерлерге ерекше шабыт бере түскендей. Оған мысал, қазақстандық суретші модельерлердің еңбектері.

Қазақстан ою-өрнектерінің түстік шешімі, басқа да әлем халықтарының өрнегі секілді түстік шешімін анықтай білген. Ою-өрнек жасаушы ишберлер түс таңдауда да өздерінің сауаттылығын танытқан. Халық шеберлері бояудың, түстің көзге ғана емес, адам психикасына да әсері барын білген, олар әсіресе қызыл түске көңіл бөлген. Қызыл түс көңілі және бақытымен байланысты. Әрбір түстің ою символдық ерекшелігі бар деп санаған. Көк - аспан, су; Қуаныш, бақыт, тазалық; жасыл - көктем, жастық шақ; сары - білім, ақыл-парасат; қара — жер ананы білдірген. Ою-өрнек ежелгі кезде дәстүрлі, ырымдық сипатқа ие болған. Өрнектелген тұмар дөңгелек- күн аспан символын білдірген. Ежелде барлық өрнектерді оқи білген. Ал қазіргі кезде өрнектердің түрі, сипаты өзгеріп, араласып кеткен соң, мағынасы да өзгере түскен.

Ою-өрнектердің өрнегін өрнектеуде симметрия негізгі принциптердің бірі, сол сияқты түстік шешімде де, үлкен роль атқарады. Бірғақтық, түстік шешім әртүрлі түстердің үйлесімділігі қазақ бұйымдарында ерекшелік сипатымен жарқын бейнеленген. [4,72].

Қорытынды. Қорытынды Менің түсінігімде ою-өрнек дегеніміз – дәлдік, есеп, теңдік, теңеу, үйлесім, жарасым, сәндік, көркемдік, сәйкестік, тазалық, нәзіктік, сүйкімділік, парасаттылық, жылылық, сұлулық, ойлылық, ақылыдылық, зеректік, көңіл-күйдің жақсылығы,

шуақты шақ, арайлы кезең, жарқын әлем, көңілге шабыт, шаттық ұялатады, ептілікке, іскерлікке, шеберлікке, икемділікке тәрбиелейді. Ою- өрнек өнерге деген махаббат, сұлулыққа деген құштарлық жиын-тығы. Ою ойған адамның жүрегі жылы, нәзік болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қайта жаңғырған қолөнерімізде ұлт мүддесіне негізделген серпіліс, мақсатты бетбұрыс байқалады. Ою-өрнек – халқымыздың қол таңбасы, ол өшуге, жоғалуға жатпайды. Осы ою-өрнек түрлерін қажетті орнын тауып пайдаланған зергер, оюшы, шеберге үлкен көмек болары анық. Халқымыз ата-баба дәстүріне, салтына, мәдени мұраға адалдықпен қараған. Осындай бабалар мұрасын қастерлеп сақтау, мәдени мұрамызды дамыту, егемен еліміздің әрбір азаматының басты мұрат-мақсаты екені анық. Ата- бабамыздан бізге мұра етіп қалдырған қол өнер шебері ою-өрнекті қазіргі кезде тек мейрам кездерінде сақынада киетін киімдерде көреміз, дегенмен біздің ата бабамыз күнделікті киімде, мерекелі киімде, бүкіл жихазға қолданған. Қазақ ою-өрнектерін зерттеу көптен бері қолға алынып келе жатқан өнертанымдық мәселенің бірі. Оны зерттеуге қазақ ғылымдары Ә.Маргулан, Х. Арғынбаев, М. Өмірбекова, С.Төленбаев, суретші Ғ.Иляев, өнертанушылар К.Ли, суретші-педагогтар Ж. Балкенов, Б.Әлмуханбетов, Қ. Ералин, Қ. Әміргазиндер үлес қосқан. Дегенмен де ою-өрнектің атауы мен оның көрінісі, түрі мен түсі, өндірісте қолданылу аясы мен оны көркемдік білім мазмұны және эстетикалық тәрбие бастауы ретінде тану әлі де жеткіліксіз екендігін айту орынды.

Сондықтан осылардың ішіндегі ең алдымен істелетін іс-әрекет. Ою-өрнектің мазмұнын өнертанымдық оқу материялы ретінде қарастыру. Діз төменде ою-өрнектер туралы материалды, оқу материалы ретінде оқушылар танымына ұсынуды орынды деп санайды.

Қазіргі таңда қолөнер шеберлері өздерінің туындыларына ою-өрнекті пайдалану бағытында өрнектің тарихи тіршілігін техникасын пайдаланып, көрсетілуде. Соның бір айғақтары Астанада, Алматыда салынған сәулет өнері, мүсін өнері, ескерткіштер. «Бәйтерек», «Ақ Орда», «Тәуелсіздік манументі», «Балалар саябағы» «Пирамида», «Конгрес хол» т.б. түрлері арта түсіп ерекшелене асқақтады. Ою-өрнек ұлтымыздың мәдени дамуының шежіресі, адам жанына ләззат сыйлайтын, эстетикалық мәні зор өнер. Ою-өрнек өнері табиғатында белгілі бір ырғақ заңдылықтарына бағынады.

Халқымыздың ұзақ даму тарихында бірсыпыра елдермен араласып әр кезеңде түрлі қарым-қатынаста болғандығын өнер түрлерінің салаларынан байқауға болады. Дүние жүзіндегі барлық қол өнер шеберлері бейнелеу мен бедерлеуге қоршаған ортадан алынған әсерлерін талғаммен қолданғанын тұрғызылған ғимараттар мен өнер гажайыптардан тануымызға болады. Халқымыздың ендігі міндеті ұлттық дүниетаным ерекшелігін танытатын осы өнер саласын заман талабына сай жетілдіріп көркем рухани қазына ретінде жастар тәрбиесінде пайдалана білсек ұлтымыздың биікке көрерілуіне қосқан үлес болар еді.

1. Өмірбекова М.Ш. «Қазақтың ою-өрнектері» Энциклопедия. Алматы, Өнер. 1994.
2. Өмірбекова М.Ш «Қазақ халқының дәстүрлі өнері» Алматы, Өнер. 1995
3. Маргулан А.Х «Казакское народное прикладное искусство». Москва, Искусства, 1992.
4. Ералин. Қ, Айменов. Ж. «Сәндік қолданбалы өнер»

1. Omirbekova M.SH. "Kazakhskiy ornament" entsiklopediyu. Almaty, st. 1994.
2. Omirbekova M.S., «Kazakhskiy traditsionnoye iskusstvo", st. 1995
3. Margulan A.X "Kazakhskiy Narodnoye iskusstvo». Moskva, iskusstvo, 1992
4. Eralin. K. Aumenov. J. "Dekorativnoye iskusstvo"

НАКБАЕВА АЛЬМИРА БОРАНХАНОВНА

Международный казахско-турецкий университет им. Ходжа Ахмета Ясави
(г. Туркестан, Казахстан)

ДИЗАЙНЕРЫ, ДИЗАЙН КОСТЮМА ДЕКОРАТИВНЫЕ ВЫРАЖЕНИЕ

Аннотация: В предлагаемой статье дизайнеры дизайна костюмов для будущих дизайнеров - это дизайн объектов, которые являются искусством создания потребительских

товаров, которые отвечают потребностям человека. Предметом наук сегодня являются не только определенные типы движения, но и их связь и взаимосвязь

Дизайн - это творческая проектная деятельность, целью которой является создание гармоничной среды и полное удовлетворение материальных и духовных потребностей человека.

Бізге белгілі аспаптар арасында өзара ұқсастықтары болса да, олардың жасалуында бірқатар айырмашылықтар бар. Сібір халықтары: алтайдықтар, хакастар, тувалдар, тофтар, шорттар өздерінің музыкалық аспаптарының бұрынғы құрылысын өзгертпей сақтап қалды. Әр түрлі халықтардың бір тектес аспаптарын зерттеу кезінде оның эволюциялық дамуының кейбір жақтарын байқауға болады. Үрлемелі және ұрмалы аспаптар ерте жылдары адамдар бір-біріне дыбысты немесе аң мен құстың дауысын пайдаланатыны дау емес. Мұндай аспаптарды біздің ата-бабаларымыз жорыққа шыққандарында, аң аулағанда өздерімен бірге ала жүрген, сондай-ақ діни рәсімдерді, бекзадалардың ойын-сауық сайранында пайдаланған. Әсіресе, дабыл қағуға өте қажет болғандықтан көне аспаптардың үрлеп және ұрып ойналатын түрлері өте көп болған, өйткені, бұлардың даусы қатты шығады. Бірақ осы аспаптардың кейбір түрі ұмытылып кетті, себебі олар сирек қолданылған. Бірқатар көне аспаптар ән мен жырды сүйемелдеу үшін қолданылды. Қарапайым әндер әдетте аспаптың техникалық мүмкіндігіне байланысты, сондай-ақ, айтушының өнері мен шеберлігіне қарай түрлі нұсқада орындалып келген. Сібір түркілерінде қолданылатын топшур, бық, иккили (еккеле) қатарлы ішекті аспаптар қазақтың шертер, домбыра, қылқобыз аспаптарына өте жақын болса, ағаштан және саздан жасалған үрмелі аспап - сыбызғы, башкұрттарда - қурай, қырғыздардың - чоор аспабы, тываларда - шоор деп аталады, ал қазақтардың ұлттық домбырасы қырым татарларында - дамбура, тываларда - дамбыра деп, ал моңғол түркілерінде - домбор, түркімендерде - тамдыра, түркияда - дамбура, шорларда - дамре деп, ал хазар түркілерінде - домбура, башкұрт, ноғай, өзбектерде - думбыра өзінің тілдік лексиконына байланысты шағын өзгеріс деп аталатынына қарамастан, дайындалу тәсілі, қолдану мен ойнау әдісі ортақ болып табылады [6].

Музыкалық аспап - музыкалық терминдер мен музыканы толық түсінудің негізгі факторы болып табылады, өйткені бұл оның жалғыз «құжаты» және материалдың ізі. Ол өте құнды, өйткені ол халқымыздың бұрынғы тарихын, мәдениетін, халықтың ғасырлық музыкалық бейнесін көрсетеді. И.В. Мациевский айтуынша, “музыкалық аспаптардың құрылымы, орындалатын музыкалық әуендердің ерекшелігін көрсетеді”. Әбу Насыр әл-Фараби (870-950 жж.) музыка және музыкалық аспаптар туралы “Музыка туралы ұлы трактатында” атты еңбегінде жазып кеткен. Осы еңбегінде белгілі музыкалық аспаптар сыбызғы, домбыра, сырнай, керней, қобыз, уд, цимбал (тангур), канун, дап, рабаб сияқты аспаптарды сипаттап, жүйеленген. Сонымен қатар, мұнда түркі тайпаларының тұрмысы мен жеті ішекті Арфа туралы да айтылған. Шертіп ойнайтын аспаптардың бір түрі - арфаның ең алғашқы түрі садаққа ұқсас болған. [5]

Варган (шаңқобыз) сым тілшелі аспап, флейтаға ұқсас үрлеп тартылатын аспап, қобыз типті қияқпен ойналатын аспап, барабан, бубен тектес ұрып ойналатын аспап т. б. барлық халықтарда кездеседі. Өзбек пен ұйғырлардың аспаптарының аталулары да, жасалулары да араб, парсы, иран аспаптарына ұқсайды (ауған аспаптары — тамбур, дотар, дамбура, дойра, рабаб, чанг). Дәл осылай тува аспаптары — лимби, бурээ, буиікуур, кеигирге, чанзы, шан моңғол аспаптарынан аумайды. Осы музыкалық аспаптарға қарап, олардың көптеген ұқсастықтарын түсінуге болады.

Аспаптардың мойыны, дөңгелек тәріздес шанағы, қаз-қатар орналасқан құлақтары, тағылған ішектері олардың бір-бірімен ағайын-бауырдай туыстасып жатқандығын көреміз. [4]

Домбыра біздің терең тарихымыз бен ата-бабаларымыздың рухының символы домбырамыз барда түркі өркениеті жоғалмайды деп сенемін. Керісінше, домбыраның қоңыр даусы әуелеген сайын жүрегіміздегі асқақ оянып, Керісінше, домбыраның қоңыр даусын естіген сайын жүрегімізде рухымыз оянып, ата-бабамызға лайықты ұрпақ болуға тырысатынымыз анық. Бүгінгі таңда домбыра - тек қазақ халқы ғана емес, сонымен бірге барлық түркі халықтарының ортақ құндылықтары болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 https://kopilkaurokov.ru/muzika/uroki/koniedien_zhietkien_aspap_dombyra_dutar_saz
- 2 https://kopilkaurokov.ru/muzika/presentacii/koniedien_zhietkien_aspap
- 3 http://meke.ucoz.net/publ/aza_ty_ltty_aspaptary/1-1-0-8
- 4 <https://infourok.ru/otkritiy-urok-na-temu-lem-halitarini-muzikali-aspaptari-841583.html>
- 5 «Үлкен Совет Энциклопедиясы» «Үлкен Ресейлік энциклопедия» баспа үйі 43-том, 359-бет
- 6 Ф. Кароматов «Өзбектің аспаптық музыкасы» Ташкент, 1972 ж, 4бет.
- 7 kk.wikipedia.org/wiki/Қазақтың_музыкалық_аспаптары_тарихы

УДК: 373.1.02

Кобжанова С.Ж., Абдуллинова Г.Г

Руководитель кандидат искусствоведения, старший преподаватель

Магистрант 2 курса по специальности «Музейное дело и охрана памятников» Казахский Национальный Университет им. Аль-фараби

НЕПРИЗНАННЫЙ ГЕНИЙ ПОСТИМПРЕССИОНИЗМА ВИНСЕНТ ВАН ГОГ

Аннотация

В статье раскрываются особенности творческого метода Винсента Ван Гога, основные этапы его творчества и жизненного пути. Исследование о великом голландском художнике, крупнейшем представителе постимпрессионизма Винсенте Ван Гоге ставит своей задачей наиболее полно осветить его жизнь и творчество.

Автором проведен анализ творчества художника, рассмотрены сюжеты произведений, особенности композиционных и цветовых решений. Особое внимание уделено индивидуальной, живописной технике Ван Гога.

Ключевые слова: Живопись, постимпрессионизм, Винсент Ван Гога, феноменальный, Тео Ван Гог, творчество, шедевр, гений.

ПОСТИМПРЕССИОНИЗМНІҢ ТАНЫЛМАҒАН ГЕНИЙІ ВИНСЕНТ ВАН ГОГ

Аңдатпа

Мақалада Винсент Ван Гогтың шығармашылық әдісінің ерекшеліктері, оның жұмысы мен өмірінің негізгі кезеңдері ашылған. Голландияның ұлы суретшісі, постимпрессионизмнің ірі өкілі Винсент ван Гогтың зерттеуі және оның өмірі мен шығармашылығын толықтай жарықтандыруды өзінің міндеті етіп қояды.

Автор суретшінің шығармашылығына талдау жасалды, шығармалардың тақырыбын, композициялық және түсті шешімдердің ерекшеліктерін қарастырды. Ван Гогтың жеке, бейнелеу техникасына ерекше көңіл бөлген.

Түйін сөздер: Кескіндеме, постимпрессионизм, Винсент ван Гог, феноменальды, Тео Ван Гог, шығармашылық, шедевр, данышпан.

THE UNRECOGNIZED GENIUS OF POST-IMPRESSIONISM VINCENT VAN GOGH

Abstract

The article reveals the features of the creative method of Vincent Van Gogh, the main stages of his work and life. The study of the great Dutch artist, the largest representative of post-impressionism, Vincent van Gogh, sets as his task to most fully cover his life and work.

The author conducted an analysis of the artist's creativity, examined subjects of works, features of compositional and color solutions. Particular attention is paid to the individual, pictorial technique of Van Gogh.

Keywords: *painting, post-impressionism, Vincent Van Gogh, phenomenal, Theo Van Gogh, creativity, masterpiece, genius*

Большинство критиков-современников не замечали таланта Ван Гога до его смерти. В настоящее время мы можем по отдельным произведениям проследить логику творческого развития мастера. Важно то, что в своих работах художник достигает определенного предела, а затем доводит художественный результат до абсолютности завершения, которая превращает картину в своего рода живописно-логическую формулировку мировосприятия и метода. Необходимо отметить, что на передачу силы воздействия реального мира во многом влияли личные ощущения художника. До сих пор ученые спорят о причинах психического расстройств и внезапного ухода из жизни великого мастера.

Исследовав, творчество великого художника Винсента Ван Гога, писатель, искусствовед А. Перрюшо выразил свое мнение: что он один из самых загадочных живописцев в истории искусства, чье творчество и судьба удивляет и притягивает. Его жизнь, после смерти обросла многочисленными легендами и мифами [1]. Девизами художника были слова: «Говорит за нас должны наши полотна. Мы создали их, и они существуют, и это самое главное» - это свидетельство его самоотдачи.

Винсент Вильям Ван Гог (30.03.1853-29.07.1890), родился и вырос на юге в небольшом городке Грот-Зюндерт Нидерланды, многодетной семье пастора. Его отец был священником, дед – тоже. Но были в семье и люди, связанные с живописью, - родной дядя Винсента владел компанией, которая занималась торговлей предметами искусства, в том числе картинами. Его детство кажется самым обычным: многодетная семья со средним достатком, гувернантки, учеба в школе-интернате. Но сам Ван Гог говорил: «Мое детство было мрачным, холодным и пустым...» И все же у Винсента был близкий друг, который поддерживал его на протяжении всей жизни это его родной брат –Тео. После того как он работал у своего дяди за свой фанатизм его отстраняют от работы, позже он ищет себя в религии и становится миссионером и направляется в шахтерский городок.

Будущий голландский художник, как и все мастера постимпрессионисты своего времени уходил от академического изображения реальности, отказывался от поиска выражения сиюминутных впечатлений, изображая основные элементы окружающего мира, прибегая к декоративной стилизации. Для него не так важен был объект, как смысл и символизм изображений, эмоции и чувств, которые вызывали его картины [2]. За десять лет он создал более 2100 произведений, включая около 860 картин сделанные маслом. Искания Ван Гога были главным образом связаны со стремлением представить энергию самовыражения и творческого начала, создав мощные пластические и цветовые системы в небольших по формату произведениях. Среди его многочисленных работ мы видим: автопортреты (С перевязанным

ухом и с трубкой); пейзажи и натюрморты с изображением оливковых деревьев, кипарисов, полей пшеницы и подсолнухов.

Ван Гог был не только гениальным художником от природы, но и обладал писательской одаренностью. Мысли об искусстве в переписках с братом Тео Ван Гогом и с живописцами Полем Гогеном, Полем Сезаном становятся для нас важными составляющими в понимании творческого метода мастера.

Художественный путь Ван Гога был очень сложным. Он потратил много сил для поиска себя в искусстве, его терзали сомнения и разочарования. Американский искусствовед Джон Ревалд в своей монографии, посвященной импрессионизму, пишет, что Винсент Ван Гог разработал свой собственный стиль. На своих картинах будущий художник через цвет выражал свои чувства и переживания [3]. Многие его картины имеют яркий, насыщенный контраст: «оранжевые тигровые лилии на синем фоне», «букет пурпурных георгинов на желтом фоне», «красные гладиолусы в синей вазе на желтом фоне». Он часто использовал в своей работе любимый желтый цвет.

В одном из писем к своему брату-Тео художник признался, что любит собирать остатки краски и съедать их, при этом предпочитая желтую краску. А в другом письме голландскому живописцу он писал: «...Ищи жизнь в цвете. Подлинный рисунок - это моделировка цветом. Я сделал дюжину пейзажей - два откровенно зеленые, откровенно синие. Так я борюсь за жизненность и прогресс искусства» [4].

А в монографии Н. А. Дмитриевой приводятся следующие цитаты: «Солнце, свет, который я за неимением более точных терминов могу назвать лишь желтым - ярко-бледно-желтым, бледно-лимонно-золотым. Как, однако, прекрасен желтый цвет!» [5].

К написанию каждой своей картины он подходил с точки зрения мыслителя философа. Его картины на холсте передают энергию увиденного момента и как будто оживают. Первой значительной работой Ван Гога стали «Едоки картофеля». В то время никто из критиков и ценителей не проявил к ней ни малейшего интереса, теперь же ее относят к реалистичному периоду в творчестве художника. Как и все работы того времени, она была написана в мрачных тонах, отражающих тяготы безрадостной крестьянской жизни. Его брат увидев его картины в том числе «Едоки картофеля» сказал: «Тебе пора ехать в Париж». В Париже начинается знакомство с творчеством художников: Клода Моне, Эдгара Дега, Камилля Писарро, и тогда Винсент понимает что всегда был импрессионистом линии, мазки, фигуры которые передают свои впечатления, а не копии реальности. Не только Тео высоко оценил потенциал начинающего художника –импрессиониста, познакомившись с его работами художники признавались в нем «своего» Позже Камиль Писсаро скажет, вспоминая время знакомства с молодым Ван Гогом: « Я заранее знал, что этот человек либо сойдет с ума, либо оставит нас всех далеко позади. Но я не предполагал, что он сделает и то и другое сразу ».[6.150-151]

Благодаря упорному труду, таланту и собственному неповторимому взгляду на мир, Ван Гог сумел создать настоящие шедевры.

В феврале 1888 года Винсент решил перебраться в сельскую местность и основать там нечто вроде коммуны для художников-импрессионистов. Для своих целей он выбрал Арль, город на юге Франции. Выросший в Северной Европе, он впервые увидел южное солнце, придававшее всему окружающему невероятные краски. Он был очарован и сражен, позже Ван Гог скажет, что оказавшись в Арле, он прозрел, впервые по-настоящему увидел свет. За четырнадцать месяцев в Арле художник создал около двух сотен полотен, практически каждое из них-шедевр. Мастер там обрел свой стиль. Винсент Ван Гог стал символом человека, вложившего в искусство всю свою душу— настолько глубоко, что в конце концов он сам потерял её. «Умирать тяжело, но жить еще тяжелее», писал он о своей жизни. Сложно представить себе, сколько тягот пришлось перенести Ван Гогу. И все же — художник, за всю свою жизнь не продавший ни одной картины, душевнобольной человек, несостоявшийся проповедник, неудавшийся торговец — даже в самые трудные моменты своей жизни

продолжал считать, что нет ничего более достойного, чем любовь к людям. У него было огромное желание реализовать себя как художнику, быть понятым зрителем – и в то же время, полное нежелание идти на поводу у заказчика, следовать модным тенденциям, чтобы быть популярным, продаваемым. Хотя с детства он страдал врожденным психическим заболеванием, однако, немногие «здоровые» смогли бы выдержать его ритм жизни и все то, что ему довелось пережить. Вероятно, поэтому мы имеем дело с чем-то феноменальным.

Сейчас существует Музей Ван Гога это художественный музей в Амстердаме, хранящий самую крупную в мире коллекцию картин и рисунков Винсента Ван Гога, а также работы его современников, в том числе Поля Гогена, Жоржа Сёра, Поля Синьяка, Клода Моне, Анри Тулуз-Лотрека, Пабло Пикассо.

Музей открылся 2 июня 1973 года. Коллекция музея — самая большая коллекция картин и рисунков Ван Гога в мире, 2-й самый посещаемый музей в Нидерландах и 31-й самый посещаемый художественный музей в мире [6].

Работы музея направлены в сохранении картин великого художника, искусство Винсента Ван Гога и его неповторимый стиль безусловно повлияли на формирование художественной культуры XX века. На современном этапе по методу Ван Гога работают известные современные художники, которые в своих работах прибегают к особой технике применения ярких красок как когда использовал великий мастер.

Почему не признали творчество Винсента Ван Гога в то время ? Жизнь этого голландского художника представляет собой последовательное и чрезвычайно упорное отстаивание им своей собственной точки зрения, взглядов на искусство, ценностей, мировоззрения – ценой собственного здоровья, рассудка, благоустроенного быта, признания. Отстаивание, длившееся всю его жизнь. «Быть самим собой» Винсента Ван Гога отнюдь не напоминает путь к счастью, гармонии и популярности среди современников.

Жизнь художника – это яркая и трагичная иллюстрация того, какую цену может на протяжении всей жизни платить человек за возможность оставаться верным самому себе, за стремление быть самим собой, одержимый своей идеей.

Он 27 июля 1890 года вошел в пшеничное поле и выстрелил себе в грудь из пистолета. Раненый художник вернулся в свою комнату в отеле Auberge Ravoux. Брат Тео бросился из Парижа в Овер и был вместе с ним до конца, присутствовал, когда его брат умер от полученных травм 29 июля. Винсент был похоронен в Оверсе 30 июля 1890 года. В разные периоды времени многие историки-искусств и искусствоведы исследовали творчество Винсента Ван Гога который оказал огромное влияние на современное искусство. Винсент Ван Гог стал создателем постимпрессионизма, его разум балансировал на грани, мир был для него прекрасным и ужасным местом, вызывающим одновременно слезы восторга и страха. Эти эмоции – в его картинах с их неровными линиями, царапающими глаз контрастами, пугающими искажениями перспективы. Он переносил свои эмоции и чувства на холст, созданный его стиль позволяет увидеть нам мир его глазами. Этот подход в корне отличался от других художников, он пытался проникнуть вглубь, показать свое внутренне видение. Ван Гог умер непризнанным и безвестным художником, но потомки его оценили, а влияние его на искусство XX века было невероятным. Его последователей можно обнаружить не только среди художников. Музыканты, кинематографисты, архитекторы пытались выразить свое внутренне состояние в искусстве, следуя по стопам мастера. Первопроходец модерна так искусствоведы называют Винсента ван Гога сегодня.

Слова великого художника Винсент Ван Гог: «Никто не может ничего сделать с тем, что никто не покупает моих картин. Но придет время, когда люди поймут, что их стоимость превышает стоимость красок».

Список использованной литературы:

1. Перрюшо А. Жизнь Ван Гога. (пер. С.Тархановой и Ю.Яхниной). — Серия "Биографии и мемуары". — М.: Прогресс, 1973- 5 с.
2. Елена Мурина. Ван Гог. - М.: «Искусство», 1978 -382 с.
3. Стоун И. Жажда жизни (книга). Повесть о Винсенте Ван Гоге. Пер. с англ. — М.: Правда, 1988.
4. Джон Ревалд. От Ван Гога до Гогена. Постимпрессионизм. / Пер. с англ. — Т. 1. — Л.—М., «Искусство», 1962.
5. Письма текста. / В.Ван Гог- М.-Л.: Гослитиздат, 1966.- 380 с.
5. Н.В.Дмитриева. Ван Гог: человек и художник. - М.: Наука, 1984.- 397с
6. [1.6 million visitors: The Van Gogh Museum ends 2011 very successfully.](#)
vangoghmuseum.nl. Дата обращения 3 сентября 2019. [Архивировано](#) 3 сентября 2019 года.

УДК 784.23(045)(574)

Қ41

МРНТИ 18.41.09

Д.Т.Қарекенова
Өнертану ғылымдарының магистрі
Қазақ ұлттық өнер университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАН КОМПОЗИТОРЛАРЫ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ОРАТОРИЯ ЖАНРЫ,
ОНЫҢ ҚАЗАҚ ХОР МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ.**

Аңдатпа

Мақаланың негізгі мақсаты - қазақ композиторлары шығармашылығындағы оратория жанрының маңызын ашу. Вокалдық-хор музыкасындағы ең күрделі және көлемді форма саналатын ораторияның отандық музыка тарихындағы қалыптасу кезеңдерін анықтау. Зерттеудің өзектілігі-бұл жанрдың практикалық деградациялануы және заманауи музыкатану ғылымдарында жете игерілмеуінде болып табылады.

Түйін сөздер: оратория, вокалдық-хор музыкасы, Қазақстан композиторлары.

Д.Т.Қарекенова
Магистр искусствоведческих наук
Казахский национальный университет искусств
Нур-Султан, Казахстан

**ЖАНР ОРАТОРИИ В ТВОРЧЕСТВЕ КОМПОЗИТОРОВ КАЗАХСТАНА, ВЛИЯНИЕ НА
КАЗАХСКУЮ ХОРОВУЮ КУЛЬТУРУ**

Аннотация

Основная цель статьи - раскрыть сущность ораториального жанра в творчестве композиторов Казахстана. Определить основные периоды становления оратории в истории отечественной музыки. Актуальность исследования заключается в том, что жанр практически деградирует и недооценивается в современной музыкальной науке.

Ключевые слова: оратория, вокально-хоровая музыка, композиторы Казахстана.

Karekenova D.T
Master of Art
Kazakh National University of Arts,
Nus-Sultan, Kazakhstan

ORATORIO GENRE IN THE WORKS OF KAZAKHSTAN COMPOSERS, INFLUENCE ON THE KAZAKH CHORAL CULTURE

Abstract

The main goal of the article is to reveal the essence of the oratorio genre in the works of kazakh composers. The formation of an oratorio in the history of Kazakh music is the main focus. Identify the main periods of the formation of the oratorio in the history of Kazakh music. The relevance of the study lies in the fact that the genre is practically degraded and underestimated in modern music science.

Key words: oratorio, vocal-choral music, composers of Kazakhstan.

Оратория – классикалық музыка мәдениетінде монументті жаппай бірігу идеологиясын ұстанушы жанр ретінде белгілі. Оратория жанрының XVI ғасырда алғаш пайда болған қалпы мен қазіргі заманауи формасы көптеген өзгерістерге ұшыраған. Өзгерістердің пайда болу табиғаты мен оның композиторлық қордағы басымдылық деңгейі оратория жанрының қоғамдық өмірдегі қаншалықты маңызды жанр екендігін көрсетеді. Белгілі кезеңдерде осы жанрдың кеңінен пайдаланылуы мен уақытша құлдырауы заман заңдылығы немесе адамзат санасының талабы деп түсіндіріледі.

Музыка зерттеушілері арасында түпнұсқасаналатын Гендель, Бах, Моцарттың ораториялары діни мәтінді насихаттауды мақсат етіп, библия мәтініне жазылған [1.66]. Бірақ уақыт өте келе С.Прокофьев, Д.Шостакович және Г.Свиридов бастаған орыс классиктерінің ораториялары басқа бағытты ұстанды. Олардың тақырыбы демократия мен шынайы ұлтшылдық, әлеуметтік маңызы бар мазмұн және массалардың рөлін күшейту арқылы ерекшеленді [1.68]. Сол себептен XX ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жаңа ораториялық бағытты зерттеуге арналған Э.Розенов, Ю.Келдыш сынды музыкатанушыларының еңбектері өте маңызды ғылыми дерек көзін құрап, қазіргі таңға дейін осы жанрға арналған негізгі мағлұматтар жүйесі болып саналады.

Қазақстан композиторларының ораториялық шығармашылығы басқа кәсіби музыка жанрларынан әлдеқайда кеш қалыптасқан. Оның пайда болуы опера және симфониялық музыка саласындағы жетістіктер мен жалпы қазақ қоғамының кәсіби музыкалық мәдениетіне тәуелді болды. 60-жылдардың басында жарық көрген алғышқы қазақ ораториялары тақырыптық өзектілігі, идеологиялық тиімділігі және үйлесімді құрылымының арқасында уақыт талабын қанағаттандыра алды [2.292].

1950 жылдардың аяғынан 1980 жылдардың басына дейінгі кезеңдегі белсенді қоғамдық көзқарастар Кеңестік музыка тарихындағы оратория жанрының алдыңғы орындарға шығуына түрткі болды. М. Эликтің «Совесткая музыка» басылымында шыққан «Что волнует сегодня?» мақаласында «оратория- заманымыздың ең маңызды мәселелерін көрсетуге қабілетті» деген музыкатанушылар арасында қалыптасқан түсінікті анықтау арқылы, опера мен симфония жанрларын шеттету тенденциясы байқалады. Сол замандағы Одақтас мемлекеттермен бір бағытта дамыған музыкалық мәдениет Литва, Эстония және Әзірбайжан композиторларының

қаламынан шыққан «Навеки вместе», «Поступь мира» ораториялары идеологиялық бірлестіктің дәлелі болады.

Сыдық Мұхамеджановтың «Ғасырлар үні» (1960) тарихи ораториясы мен Ғазиза Жұбанованың «Арайлап атқан таң» (1960) ораториясы қазақ кәсіби музыка мәдениетіндегі жаңа оратория жанрының бастауы болып табылады. 60-80 жылдар аралығы қазақ музыка мәдениеті тарихында оратория жанрының белсенді дамуымен ерекшеленеді. Осы кезеңде жазылған үлгілер қазақ хор мәдениетінің жетілген кәсіпқойлылыққа деген сапалы секірісі болып саналып, ұлттық хор ерекшеліктерін анықтады[2.298].

Өз еңбектерінде қазақ халқының түпнұсқалық, дәстүрлі музыкасының ерекшеліктерін заманауи көзқарасымен жетілдіре білген композитор – Ғазиза Жұбанова оратория жанрының ең жарқын өкілі ретінде танылды. Қажырлы шығармашылық жолында композитор 7 оратория жазған. Олар: «Арайлап атқан таң», «Арал аңызы», «Ленин», «Нан мен ән», «Салтанатты оратория», «Татьянаның әні» және «Адам адамды сүй»[3.486].

Солистка, аралас хорға және симфониялық оркестрге арнап жазылатын оратория ірі тарихи шығарманы негіз етеді. Белгілі бір саяси, тарихи оқиғаларға немесе мерейтойларға арнап жазылған қазақ ораториялары Москва, Ленинград, Украина, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркіменстан және Кавказ елдерінің мәдениет өкілдерінің алдында отандық кәсіби музыка деңгейінің көрсеткіші ретінде паш етілген[4.475].

Жалпы қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығы орыс композиторлық мектептен негіз алған. Бірақ композиторлардың фольклор үлгілеріне деген ерекше зейінінің арқасында ұлттық оратория атануға лайықты, дәстүрлі нақыштағы қарапайым халықтың жүрегінен орын алып қана қоймай, терең түсінуіне мүмкіндік алған шығармалар жарық көрген. Халқымыздың өміріндегі түрлі кезеңдерде орын алған тарихи оқиғалар мен ұлы тұлғалардың тағдырын негіз еткен сюжеттер түрлі композиторлардың қаламында жаңа реңге ие болды[5.86].

80-90 жылдары оратория жанры жаңа тарихи-географиялық кеңістікті кеңейту маңыздылығына ие болады. Эстониялық композитор Арво Пяртаның «Поступь мира» және Ғазиза Жұбанованың «Адай адамды сүй» ораториялары Нагасаки трагедиясы, Сібір тарихи оқиғалары және Хиросима апаты тәрізді әлемдік сюжеттерді сипаттауға бағытталды. Бұндай дүниежүзілік мәселелерге деген талпыныстан киномотографияның оратория жанрына деген әсерін көруге болады. Осы тұрғыда ораторияның опера мен кантатаға ұқсас қырлары да ашылады. Кантатаға қарағанда көлемді және драматургиялық сюжетке ие оратория, опера тәрізді театрланған қойылымды талап етпей, тек концерттік сахнада орындалатынын жанр ретінде қалыптаса бастайды.

Кейін, заман талабына сай оратория жанры адамгершілік идеология мен әлеуметтік құндылықтарды алға тартады, ұлы тұлғалардан үлгі алуға шақырады. Осыған байланысты, Қазақ композиторларының ораториялық шығармаларының сюжеттік баяндау тәсілдері де ерекше талқылауды талап етеді. Ораториялық шығармалардың драматургиясы опера жанрына тән бір-біріне байланысты дамиды, оқиға желісін талап етпей, баяндау кеңістігінің ауқымдылығын талап етіп, «аморфты» (Г.Гегель) реттік емес құрылымды ұстанды. Бөлімдер бір-бірімен тығыз байланыста болмағанымен ортақ драматургиялық даму сюжетімен жүйеленді. Жалпы осы тұрғыда дәстүрлі эпикалық жыр өнерімен жақындығы композиторлардың негізгі құралын қалыптастырды. Қазақ композиторларының ораторияларындағы мәнерлеп оқушы кейпі ұлттық эпостың «жыршысы» ретінде түсіндіріледі. Тіпті драматургиялық даму желісіндегі екі қарама-қайшы күштердің контрастты тақырыптық негізі мен кульминациядан кейінгі күрт өзгерістер осы дәстүрлі эпикалық жанрдың заңдылығынан туындаған. Эпикалық сюжет авторлық ойдың еркін мәнерленуіне мүмкіндік беретінін есте сақтаған жөн. Осының арқасында Қазақ композиторларының қаламынан шыққан көптеген ораторияларда композитордың жеке мәнерлеу ерекшеліктері жарқын көрініс тапқан. Мысалы Ғ.Жұбанованың ораторияларының негізгі тақырыбын халық әндерінің мелодикасы құрағанымен, жаңа гармониялық толықтырулар мен даму барысындағы интонациялық алмасулар жаңа дүниенің пайда болуына әкелді.

Сонымен қатар, отандық музыкатану ғылымындағы оратория мен кантата жанрларының тығыз байланысы тақырыптық негіз бен образдарды ашудағы анық түсіндірмеге ие болды. Осы уақытқа дейін қазақ музыкатанушыларының қаламынан жарық көрген оратория тақырыбындағы еңбектері ораториямен қоса кантата жанрын қатар алып жүрді. Бұл тұрғыда бұл екі жанрдың бөліну шегін шығармалардың көлемі мен драматургиялық негізі кұрайды. Драматургиялық сюжетте қамтылған оқиғалар көлемі мен А.Хохловкинаның музыкатану ғылымына енгізген «Особая советская оратория» түсінігі совет композиторларының кантаталары мен ораторияларының жіктелу ерекшелігін түсіндіреді. Бұдан, сол уақыттарда қазақ музыка мәдениетінде кеңінен етек жайған «камернизация» үрдісінің вокалдық-симфониялық жанрына әсерін тигізбей қоймағанын көреміз[6.109].

XX – XXI ғасырлар аралығындағы оқиғалар ел тарихында ерекше толқыныстарға толы болғаны сөссіз. Қазақстан Республикасының Тәуелсіз мемлекет мәртебесін иеленуі қазақ музыка мәдениетінің жаңа кезеңге аяқ басуына түрткі болды. Жаңа буын композиторларының жаңа идеологиялық-көркемдік мазмұндағы шығармалары ерекше ұлтшыл тереңдік пен заманауи рухқа толы болды.

1980-2015 жылдар аралығындағы Қазақстан композиторлар одағына қарасты мәліметтер базасымен танысу барысында Теміржан Базарбаевтың «Степь» (5бөлімді, түрлі авторлардың мәтініне жазылған,1997), Дүнгенбай Ботбаевтың «Ақыретке сапар» (К. Кожамбердиева, 1997), Мыңжасар Мангитаевтың «Елім менің» (Т.Иманбеков),Владимир Новиковтың «Страницы целины» (1982), Жоламан Тұрсынбаевтың «Ступени Байқонура» (Ж. Молдағалиев,1981), Ермұрат Үсеновтың «Қасиетті кең дала», «Жер сұлуы – Көкшетау» (2005) атты ораториялары табылды. Бұл ораториялардың тақырыптық ауқымын саралау барысында үлкен өзгерістер байқалмайды. Яғни, Тәуелсіз Қазақстан композиторларына патриоттық тақырып өзектілігін жоғалтпаған. Керсінше, патриоттық бастау пацифизмдік идеология мен ұлттар достастығы сияқты жаңа көзқарастармен байытылған[7.161].

Оратория жанрының қазақ музыка мәдениетіндегі үшінші кезеңі 1997 жалдардан бастау алады. Себебі, аталмыш жылзаманауи композиторлар шығармашылығында ерекше жемістілігімен көзге түсті. Қазақ халқының тарихындағы маңызды оқиғалар желісі оған түрткі болды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтың 100-жылдық мерей тойы, Егемен Қазақстанның жаңа астанасының туылуы және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу сынды атаулы оқиғаларкомпозиторлардыңораториялық шығармашылығында кеңінен көрініс тауып, қалың жұртшылыққа ұсынылды. Мысалы, Теміржан Базарбаевтың «Дала» («Степь») ораториясы[8.28].

Сонымен қатар, жоғарыда айтылған саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы қарқынында Мәдениет министрлігінің ұйымдастырылуымен өткізілген конкурс Дүнгенбай Ботбаевтың «Ақыретке сапар» ораториясының пайда болуына түрткі болды[8.101].

Осылайша, қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығы жаңа көркемдік бейнелермен толықтырылды. Тақырыптық және бейнелеу қағидаларының басқа қыры ашыла бастады. Салтанатты гимн формасындағы туған жерге, туған елге деген махаббатты суреттеусипатытерең философиялық толғау бағытына қарай бой бұрды. Осы тұрғыда, Мыңжасар Мағытаевтың «Елім менің» ораториясы патриотизмнің ерекше лирикалық, терең философиялық интонациясымен ерекшеленеді. Ыспалы аспаптар, арфа және ағаш үрмелі аспаптар ансамблінің орындауындағы «Мөлдір махаббат» (1 бөлім) тақырыбы бейбітшілік пен тыныш өмір салтына деген құштарлықты негіз еткен[9.131].

Шығармашылық жолы екі ғасырдың тоғысу шегінде басталып, қазіргі заман шындығын суреттеу үрдісінен заңды жалғасын таба білген композиторлар қатарынан Ермұрат Үсеновтың алатын орны бар. Композитор қаламынан 2005 жылы жарық көрген «Жер сұлуы-Көкшетау» және «Қасиетті кең дала» ораториялары жанр ерекшелігіне сай көкейкесті тақырыптарды негіз еткен. «Жер сұлуы - Көкшетау» ораториясының жаңашылдығы орындаушылар құрамындағы халық аспаптар оркестрінің басымдылығында болып табылады. Ата-бабамыздан қалған ұлы рухани мұрамызды сақтауға деген ұмтылыс тақырыптық негізіндегі Біржан-сал бейнесімен

бекітілген. Сонымен қатар, «Қасиетті кең дала» ораториясының пайда болу тарихына көз жүгіртсек, ол да өзінше заманауи қоғамдық ой-толғаныстарға жауап болып саналады. 2005 жылдың 4 желтоқсанында өткен президенттік сайлау тақырыбына жазылған бұл шығарма, қарапайым халықтың мемлекетіміздің саяси өміріне ықпал етуіне мүмкіндік беретін басты формасы екендігін көрсетеді. Кіріспе мен кода бөліміндегі үрмелі аспаптар орындауындағы фанфарлар шығармаға эмоциялық көтеріңкі, салтанатты гимн ықшамын берсе, кең лирикалық әуезді интонациялар патетикалық мазмұнын ашады[10.296].

Оратория жанры вокалдық-хор өнерінің ең жоғарғы сатысы. Көлемі мен драматургиялық негізінің көпсатылығы бұл жанрды операдан кейінгі ірі көлем ретінде көрсетеді. Ораторияның мәнерлеу тәсілдерінің ішінде толық ауқымдысы поэтикалық мәтіннің тыңдармандарға қол жетімділігі болып табылады.

Көпшілікке белгілі тұжырым бойынша, хор ораториядағы жетекші маңыздылықты ұстанады. Хор халықтың қуанышын, қайғы-қасіретін және философиялық арман ойларын бейнелейді. Осы қырда, композиторлардың ораториялық шығармаларының негізгі идеялық-көркемдік мазмұнын хор сахналары арқылы суреттеуге ұмтылуы әбден түсінікті. «Адам мен қоғам», «адам мен қоршаған орта» түсінігінің басымдылығы бұл жанрдың жаппай бірігу саясатына жақындығын көрсетеді. Кеңестік Қазақстан композиторларының қаламынан шыққан жеке стильдік ерекшелік пен ұлттық дәстүрді насихаттауға бағытталған көптеген ораториялар жарық көрген. Бірақ, оған қатысты теориялық тұжырымдамалардың жетіспеушілігі музыкатанушылардың тікелей міндетіне айналды. Яғни, Қазақстан композиторларының ораториялық шығармашылығы музыка зерттеушілері үшін ашық тақырып болып қала береді[11.17].

Г.Л.Арикайненің айтуы бойынша: «Қазақстан композиторларының қаламынан шыққан ораториялардың алғашқы және негізгі орындаушылары болып табылатын Мемлекеттік хор капелласы, сол заман композиторларының басты практикалық кеңістігін құрады». Көп жағдайда шығарма премьерасының сәтті немесе сәтсіз өтуі осы ұжымның кәсіби орындау деңгейіне тәуелді болды. Композитор мен орындаушылардың арасында пайда болған шығармашылық одақ, екі жақты жауапкершілікті талап етіп, жалпы қазақ музыка мәдениетінің даму негізін құрады. Орындаушылар алдына қойылған техникалық және көркемдік міндеттер абыроймен атқарылып қана қоймай, сатылы түрде жүріп жатқан орындаушылық даму процессінің қарқынды жүруіне үлес қосты. Басқалай айтқанда, оратория жанры қазақ хор мәдениетінің жаңа белестерді бағындыруына себеп болды[12.50].

Қазақ хор мәдениетінің қалыптасуына ерен еңбегін аямай, алғашқы әйел-дирижер атанған Гүлжазира Ахметқызының «Восхождение. Маэстро и Казахская капелла» атты еңбегінде Қазақ композиторларының ораториялық шығармашылығына қатысты көп деген мағлұматтар жиналған. Ораториялардың капелла репертуарындағы алатын орны жайлы, мемлекетімізде алғашқы рет көп дауысты а'capella шығармаларын орындаушы ұжым атанған капелланың жаңа классикалық жанрды меңгеруге деген ынтасы жайлы айтылған. Орындаушылық тарихын хорға арнап өңделген халық әндерінен бастаған ұжым, уақыт өте келе кәсіби біліктілігін жаңа деңгейге жеткізді. Мемлекеттік капелла еліміздің барлық мәдени іс-шаралары, концерттермен композиторлардың шығармашылық кештерінің қадірлі қонағы болды. Капелланың репертуарына енген жас композиторлардың ораториялары ұлттық музыка мәдениетіміздің «жарқын көрсеткіші» атанып, одақтастық ауқымында сұранысқа ие болды. Қазақ композиторларының ораториялық шығармалары мемлекетіміздің кәсіби хорлары мен кәсіби оркестр ұжымдарын бір сахнаға біріктіріп қана қоймай, Белорусия, Украина, Молдовия, Грузия, Армения, Эстония және Латвия мемлекеттерінде өткен жиындарда орындалатын мемлекеттік мұраға айналды[13.18].

Қорытынды. Қазақ музыка мәдениетінде ораториялық музыканың алатын орны ерекше. Себебі, ол қазақ композиторларының классикалық жанрларды игерудегі сәтті даму жолын жүріп өткен жанр. Ұлттық фольклор үлгілеріне жаңа леп беру арқылы, жаңа әлемдік кеңістікке шығару жолдарының бірі саналады. Музыканың әлемдік даму қарқынынан еш қалыспайтын

ұлттық мұрамызтынымсыз дамуда. Оның ішінде, жекелеген вокалық-хор мәдениетінің уақытша құлдырау көрсеткіші соңғы жылдары «Shine Astana» және «Astana – voice of the world» сынды хор ұжымдарына арналған әлемдік жобалар арқылы жаңа лепке ие болуда деген сенімдеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Музыкальная энциклопедия 4 том / Ю.В.Келдыш - М., Советская энциклопедия, 1978
2. История музыки народов СССР 5 том, 2 часть - М., Советский композитор, 1974
3. Күзембай С.Ә. Дәстүрлі музыка мен композиторлық шығармашылықтағы тәуелсіздік идеясы.- Алматы, 2011
4. Арикайнен Г.Л. Хоровое пение в Казахстане.- Алма-Ата, 1965
5. Ахметова Г. Восхождение. Маэстро и Казахская капелла.- Алматы, 1999
6. Захарченко Ю.Н. Оратории и кантаты композиторов Казахстана./ Ташкент, 1989
7. Кетегенова Н. Композиторы Казахстана. - Алматы, 2012
8. Кетегенова Н, Джумакова У. Қазақстың музыкалық әдебиеті 1920-1980. - Астана, 2005
9. Недлина В.Е. Пути развития музыкальной культуры Казахстана на рубеже XX-XXI столетий. Диссертация на соискание учёной степени кандидата искусствоведения.- Москва, 2017
10. Алданазарова Б.Ж. Краткий курс лекций по казахской хоровой литературе.- Алматы-Классик, 1995
11. Нуржанова А.К. Ермұрат Үсенов. Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нсупова.- Алматы, 2013
12. Гусупова А.Г. Теміржан Базарбаев. Очерки о композиторах Казахстана. Сост. А.С. Нсупова.- Алматы, 2013
13. Турмагамбетова Б.Ж. На пике созидания. Родному вузу-наш талант. Сост. Кетегенова Н.С.- Алматы, 2005
14. Жоламанова Г. С любовью к народу. Родному вузу-наш талант. Сост. Кетегенова Н.С.- Алматы, 2005

УДК 792.03

МРНТИ 18.45.09

Ғ. Әуесбай

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының

1-курс магистрі

Алматы қ., Қазақстан

**САХНА ПЛАСТИКАСЫ ӨНЕРІНІҢ ЖЕКЕ ҒЫЛЫМ САЛАСЫ РЕТІНДЕ
ЗЕРТТЕЛІНУІНІҢ МАҢЫЗЫ**

Аңдатпа

«Пластика» мағынасы би, актерлік шеберлік, пантомима сынды өнер салаларында кең қолданылады. Сахна пластикасы өнерінің театр қойылымдарындағы маңыздылығы XX ғасырдан басталаған. Театрлық қойылымдарда актердің, бишінің шеберлігімен қоса оның пластикасына да басым көңіл аударыла басталды. Сахна пластикасын сахна қозғалысымен байланысырып зерттеген К. Станиславский, В.Э. Мейерхольд, И. Иванов, Е. Шимарева, И. Кох, А. Немеровский сынды педагогтар, өнертанушы ғалымдар еді. Олар сахна пластикасын

зерттеудің негізін қалап, олардың еңбектері қазіргі уақытқа дейін осы өнер саласының бастау көзі болып табылады.

Мақалада сахна пластикасымен қоса сахна қозғалысы мәселелерінің зерттеліну тарихы қозғалады. Сахна пластикасының актер шеберлігіндегі маңыздылығын зерттеген өнертанушылардың, ғалымдардың, режиссерлердің тұжырымдамалары қамтылған. Сонымен қатар, ХХ ғарысдың басынан бастап осы уақытқа дейін актердің сахнадағы қозғалысы, әрекеті, пластикасы мәселелерінің өзектілігі жойылмағандығына көзіміз жетеді.

Кілт сөздер: пластика, сахна қозғалысы, сахналық әрекет, актер, режиссер.

Г.Ауесбай

Аннотация

СУЩНОСТЬ ИССЛЕДОВАНИЯ ИСКУССТВА СЦЕНИЧЕСКОЙ ПЛАСТИКИ КАК ОТРАСЛЬ НАУКИ

Магистр 1-курса Казахской национальной академии искусства им. Т.Жургенова

г. Алматы, Казахстан

Понятие «пластика» широко используется в таких отраслях искусства, как хореография, актерское мастерство, пантомима. Значимость сценической пластики в театральных постановках началась в двадцатом веке. Особое внимание уделялось не только на навыки, но и на пластичность актера, хореографа во время театрального представления. Такие ученые, педагоги, искусствоведы как К.Станиславский, М.Э. Мейерхольд, И.Иванов, Е.Шимарева, И.Кохх, А.Немеровский исследовали сценическую пластику с помощью сценических движений. Они являются основателями исследования сценической пластики и их научные труды являются источником данного искусства.

В статье, охватывается история исследования сценической пластики и сценического движения. А также, содержит теории искусствоведов, ученых, режиссеров, исследовавших важность сценической пластики в актерском мастерстве. В связи с этим, мы понимаем, что движения, действия и пластика актера на сцене является актуальным с начала 20-го века и до наших времен.

Ключевые слова: пластика, сценическое движение, сценическое действие, актер, режиссер.

Abstract

G.Auesbay

THE ESSENCE OF THE STUDY OF THE ART OF STAGE PLASTICS AS A BRANCH OF SCIENCE

Master degree 1 year student of the Kazakh National Academy of Arts after T.Zhurgenev

Almaty, Kazakhstan

The concept of "plastic" is widely used in such branches of art as choreography, acting, pantomime. The importance of stage plastics in theatrical productions began in the twentieth century. Special attention was paid not only to the skills, but also to the plasticity of the actor, choreographer during the theatrical performance. Such scholars, educators, critics as K.Stanislavsky, M.E.Meyerhold, I.Ivanov, E.Shishmaref, I.Koch, A.Nemirovsky examined the plastic stage by using the stage movements. They are the founders of the study of stage plastics and their scientific works are the source of this art.

The article covers the history of the study of stage plasticity and stage movement. It also contains the theories of art critics, scientists, directors, who studied the importance of stage plastics in acting. In this regard, we understand that the movements, actions and plasticity of the actor on the stage is relevant from the beginning of the 20th century to our time.

Key words: plastic, stage movement, stage action, actor, producer .

ХХ ғасырда драма театрымен қоса пантомима, би, пластикалық драма сияқты театрлар да жекеше ашылып бастады. Дүниежүзі бойынша сахнада пластика, би, қимыл-қозғалыстарды

пайдалана отырып қойылым қою әдісі жалпы қолданыста болды. Барлық өнертанушылар, режиссерлер, актерлер сахнадағы актердің пластикасына, қозғалысына, мимикасына, сөз мәнеріне ерекше мән берді.

Кеңес дәуірінің театр өнерінде сахна пластикасын актер шеберлігінің маңызды бір бөлімі ретінде қарастырса да, пластикалық театр туралы мәселе ХХ ғасырдың 50-ші жалдыра француз мимі М.Марсоның Ресейге келгенінен бастап қолға алынды.

Сахна қозғалысының ғылыми негізін қалаушылар қатарына К.Станиславскийді, В.Э.Мейерхольдты, И.Ивановты, Е.Шимареваны, И.Кохты, А.Немеровскийді жатқызуға болады.

К.Станиславскийдің сахна қозғалысына басым көңіл бөлгендігі оның «Работа актера над ролью» еңбегінде көрініс алады.

Осы кітабында ол дененің психофизикалық жағдайымен үйлесімділігі және ішкі жан дүние мен сыртқы бет-әлпеттің органикасына қол жеткізудің қажеттілігін маңызды деп санады [1].

Сахна қойылымында актер мен серіктесі арасынағы қарым-қатынасы, олардың зейіні, қиялы, эмоциясы, сөз техникасы, пластикасы және т.б. шығармашылық элементтер К.С.Станиславскийдің тұжырымдамасы бойынша сахна әрекеті деп аталынған.

Нақтырақ айтатын болсақ, сахналық әрекет дегеніміз - Станиславскийдің шығармашылық элементтер деп атаған актердің бүкіл ақыл-ойы мен қайрат-жігерін, сезім-түйсігі мен оның сыртқы ішкі болмыс-бітімін түгел жұмсауды қажет ететін психофизикалық процесті білдіреді. Бұған актердің сахнада әріптесімен қарым-қатынас жасау қабілеті, қиял-зейіні, ритм мен шындықты сезінуі, эмоциялық есте сақтауы мен сөз техникасы, пластикасы, т.б. жатады. Сахнада нағыз шығармашылық сезімді туғызатын аталмыш элементтерді үнемі жетілдіріп отыру - актердің өз бетімен жұмыс істеу мазмұнын құрайды [2].

Станиславскийдің айтуынша әдемі қимыл, ым-ишара мен пластика барлық адамдарда туылғаннан қалыптастпайды. Сол себепті оны түзетуге тура келеді. Қара шаруамен немесе спортпен айналысатын адамдардың дене бітімінің кәсібіне қарай дамитын пластикасы өздігінше қалыптасып, дамиды. Мысалы матростардың, балықшылардың қимыл-қозғалыстары мен пластикалары өзгеше. Сондай-ақ бір кәсіппен айналысатындардың әр-қайсысының пластикасы өздігінше ерекше бір-біріне ұқсамайды.

Драма, балет және басқа да сахна өнері актерлерінің пластикаларын қалыптастырып, дамыту мақсатын негізге ала отырып, К.Станиславский келесідей пікір білдірген: «Прокатываясь по сети мышечной системы и раздражения внутренние двигательные центры, энергия вызывает внешнее действие. Вот такое движение и действие, зарождающиеся в тайниках души и идущие по внутренней линии, необходимы подлинным артистам драмы, балета и других сценических и пластических искусств. Только такие движения пригодны нам для художественного воплощения жизни человеческого духа роли»[1, 42 б].

Сонымен қатар, Г.Кристидің «Воспитание актера школы Станиславского» кітабында Станиславский драма актерінің пластикалық өнерін жетілдіру мақсатында А.Дунканның балет өнері мектебіне, Ф.Дельсарттың пластикалық өнер жүйесіне, үнді йогалардың кей-бір дене жаттығуларына қарап, оларды қолдану арқылы бұлшық ет энергиясын сезіну шеберлігімен байланыстырған [3, 190 б].

Актерлердің сахна пластикасын жетілдіру мақсатында В.Э.Мейерхольд «биомеханика» жүйесін құрастырып, бұл жүйені заманауи актердің білмеуін актер шеберлігінің негізгі кемшілігі ретінде бағалаған [4]. В.Э.Мейерхольдтың «биомеханикасы» Петроградта 1918-1919 оқу жылында «Сахна шеберлігі» пәнінің курсы ретінде енгізіліп, актерлерге арналған гимнастика-жаттығулары ретінде өткізілді.

Алғашқы уақыттарда «биомеханика» актер дайындығына қажетті жеке жаттығулар жиынтығы ретінде қабылданып, кейін В.Э.Мейерхольд оны теориялық жағынан тұжырымдап, оның әдіс-тәсілдері мен мақсаттарын айқындап, технологияға айналдырды.

В.Э.Мейерхольд спектакльді қоюда қимыл-қозғалысты негізгі көркем құрал ретінде санаған. Өз дәрістерінде ол кез-келген қойылымдарды сахна қозғалысының басты роль атқаратынын нақтылап отырған. Оның айтуынша: «Пусть театр лишиться слова, актерского наряда, рампы, кулис, театрального здания, пока в нем есть актер и его мастерские движения, театр остается театром, либо о мыслях и побуждениях актера зритель узнает по его движениям, жестам и гримасам»[5].

В.Э.Мейерхольд шеберханасында актер шеберлігінің алғашқы сабақтары этюдтан басталатын. Осы этюдтарды зерттей келе Мейерхольд пантомима мен этюдтің ойдағыдай шығуы үшін қажетті актер техникасы туралы айтты. Сонымен қатар, сахнадағы заттарды дұрыс қолдануды француз жанглерлерінен үйренуді талап етті және пантомима-этиюдтарды қоюға үлкен мән берді. Сол себепті де Мейерхольд актердің қимыл-қозғалыс шеберліктерін дамытып, жетілдіруге бағытталған жұмыстар жасауды талап етті.

Оғандәлелретінде В.Э.Мейерхольдтыңмынандайсөздерінкелтіругеболады: «Актер сахна мен театрдантысөмірдішатастырмауыкерек. Кейбір актер сахнада да, өмірде де бірдей. Сол жүріс, сол мәнер. Кейде тіпті кірпік жапсырып, сырға тағуы да рольден рольге «көшіп» отырады. Сө айту тәсілі де сол, қимыл-әрекеті де, ишарат-мәзіреті біз рольдерінен талай көргеніміздей. Демек, ол қимыл-әрекетті, сахналық ишаратты актердің кәсіби құралы ретінде қабылдамайды. Ол – актерлердің дайындық кезінде ым-ишарамен жұмыс істемейтіндіктерін білдіреді. Оардың ойынша керекті ым-ишара спектакль үстінде өзінен өзі келеді. Шындығында олай емес. Сахнада пайда болған табиғи әрекет, тосын ым-ишара кейіпкердің емес, актердің жеке адам ретіндегі өзіне ғана тән ерекшелігіне байланысты. Сахнадағы ы-ишара туралы ұғымға, керек десеңіз ғылымға бұлай немкетті, немқұрайлы қарайтындықтарын актерлар, көбіне, өкінішке қарай, жолай үйренген ым-ишара табиғи шықпайды деп, өтірік ақталып, түсіндіргілері келеді» [6, 138б.].

К.С.Станиславский театр-студия ашып, В.Э.Мейерхольдты режиссер ретінде шақырады. Мейерхольд театр-студияда қызмет атқару барысында актерлердің сахнадағы қозғалыстарын еліктеушілікпен жасауларына қарсы болып, қозғалыс пластикасына мән береді.

Сонымен бірге Мейерхольд барлық дәуірдегі театрлардың әдістерін зерттеп, осы әдістерді өз жұмыстарында қолдана білген. Оны антика дәуірінен бергі театрлардың дәстүрлері қызықтырып отырған [7, 27б.].

В.Э.Мейерхольд ойынша актердің денесі, дене бітімі оның негізгі әсерлі құралы деп санаған. Оған дәлел ретінде ол бет әлпетінде ешқандай мимикасы жоқ би-ба-би қуыршағының сезімдерін оның дене қозғалысы арқылы көрінетінін айтады. Кең таралған қолдары оның қуанышын, басын шалқайтқаны оның мақтанышын, басын төмен салбыратуы оның қайғыруын және т.б. сипттайды [8, 130 б.].

Сол сияқты француз режиссері Шарль Дюллен өз шәкірттерінен дене жаттығуларын маскамен жасауларын талап етеді. Осы әдіс арқылы ол өз шәкірттеріне бет әлпеттеріндегі мимикасыз, дененің мәнерлі қозғалысы арқылы эмоцияны көрсету шеберлігін қалыптастырып, жетілдіруді негізге алды.

С.М.Волконский дене қозғалысы мәнін ашатын 9 заңдылықты атап өткен. Олар:

1. биіктік.
2. күш.
3. қимыл.
4. дәйектілік (последовательность).
5. бағыт.
6. форма.
7. жылдамдық.
8. реакция.
9. созылу (протяжение) [9, 136 б.].

1925 жылы Этьен Декрудің «Мое определение театра» атты кітабы жарық көрді. Онда Декру «театр - актердің өнері» деген тұжырымдама бере отырып, актер өнерін сахнада қойылатын әр-түрлі өнердің серіктесі болуға лайықтылығын атап көрсеткен [10, 13 б.].

Ағылшын актері, модернизм дәуіріндегі театр және кино режиссері, өнер театрындағы символизм өкілі, суретші Э.Г.Крэг пластиканы актердің қойылымдағы сезімі және сезімінің актер денесінің еркін қозғалысына сай келуі арқылы туындайтын «символикалық қимылмен» сипаттаған [11]. Гордан Крэг өмір бойы драмалық театр керемет талантты актерсіз дамымайтындығы туралы айтып өтті.

1908 жылы С.К.Станиславскийдің шақыруымен «Гамлет» спектаклін қоюға келіп, қойылымға қатысушыларын Г.Крэгтің темпераменті, сахнадағы қозғалысы мен пластикасы таң қалдырды. Г.Крэг өзінің сахнадағы актер шеберлігінің деңгейін жоғары бағалап, сахнадағы қойылымға қатысушы актерлерден де соны талап етті.

А.Я.Таиров көзқарасы бойынша театрды құру оның келесідей әр-түрлі синтездері негізінде құрылады:

- қойылымдарға көркем мелодекламацияларды, вокал мен биді қосу;
- жеке сахналарда пантомима және пластика жанрында, кей уақыттарда театрланған қойылымның эстетикасына жақын цирк жанрында қою және көркем образдың заманауи үлгісін құру.

Режиссердің осындай ұстанымы музыкаға, ритмге жақын жан-жақты актер тәрбиелеумен сипатталған.

К.Л.Рудницкийдің пікірінше камералық театрдың негізін салушы А.Я.Таиров ұстанымы бойынша драма актерінің пластикалық өнерінің анықтаушы негізі болып пантомима мен балет табылатындығын атап өткен [12].

Француз жазушысы, өнер теоретигі, режиссер, әрі актер Антопен Арто «Тетар и его двойник» еңбегінде «қимыл метофизикасын» ерекшелеп, қойылымды сөзбен емес, белгілермен сипаттайтын «дене тілін» жандандырды. Оның пікірінше театрда сөзден гөрі пластиканың басым болуын қолдаған және Арто сахна тілі – бұл «белгілер мен қимылдар тілі» деген пікір айтқан. Ол өз қойылымдарында осы қағиданы ұстанып отырған.

XIX ғасырдың басында актерлік театрдан режиссерлік театрға ауысу театр қойылымдарындағы жаңаша өзгерістер, заманауи талаптар сахна пластикасының актер шеберлігіне қажеттілігін сезіндіреді. Сонымен бірге пластика – актердің әрекеттерін ұйымдастырушы рольдің, кейіпкердің, спектакльдің кеңістігін үлкейту мүмкіндігі ретінде қарастырылған.

Кеңес дәуірінде сахна өнеріне деген жанашыр актерлер, режиссерлер, педагог-ғалымдар, өнертанушылар актердің пластикасы жөнінде көптеген зерттеулер мен тұжырымдамалар берген. Осындай жанашырлардың бірі кеңес дәуірінің театр және кино актері, мим, белетмейстер, педагог А.А.Румнев сахна пластикасы саласын пантомимамен, бимен ұштастырып 1929 жылы «Реализм в танце», 1964 жылы «О пантомиме», 1966 жылы «Пантомима и ее возможности» еңбектерін шығарды.

А.А.Румнев ежелгі дәуірден бері келе жатқан пантомима өнерінің, оның адамның мәдени өміріндегі орны мен маңызын сипаттаған. Сондай-ақ «О пантомиме» еңбегінде бұл өнердің бастапқы көздері мен олардың үнді, қытай, грек, рим елдеріндегі қалыптасу тарихын да қамтыған [13].

Пантомима студиясының педагогы Р.Е.Славский «Искусство пантомимы» (1962ж.) атты еңбегінде пантомима өнерін дамытуға қажетті техника мен шығармашылықты дамытуға бағытталған оқу жаттығуларына керекті материалдар жеткілікті. Бұл еңбек мимдарға ғана емес, сондай-ақ театр және кино, балет, цирк және т.б. актерлеріне де қатысты [14].

А.А.Румнев, Р.Е.Славский сияқты пантомима өнерін зерттеуші өнертанушы, өнертанушы, профессор Е.В.Маркованың да осы өнер саласы бағытында жазған еңбектері мен зерттеулері көп. Оның 1975 жылы жазған «Марсель Манро», 1985 жылғы «Современная зарубежная пантомима» еңбектерінде М.Монро, Э.Денру, Ж.Л.Барро, Л.Фиалки,

Г.Томашевский сынды және т.б. шетелдік пантомима шеберлерінің шығармашылықтары қамтылған.

Сахна пластикасына аса маңызды көңіл бөліп, оның сахна қойылымындағы маңыздылығын зерттеген кеңес дәуірінің режиссері Б.Г.Голубовский еді. Ол «Пластика в искусстве актера» кітабын 1986 жылы шығарды. Өз зерттеулерінде Б.Г.Голубовский актер кейіпкердің ішкі дүниесін қозғалыс, қимыл, жүріс-тұрыс, басын бұру сияқты әрекеттермен көрсете білуін талап етеді. Сонымен қатар, ол «Винни Пух» мультфильміндегі Винни Пухты дубляждаған актер жұмыс үстінде өзінің қонжық сияқты аяқтарын маймитып, қолдарын ашық ұстап сол қонжықтың кейіпіне түсу арқылы жүзеге асырғандығын үлгі тұтқан [8].

Сонымен қатар ХХ ғасырдың екінші жартысында сахна пластикасының бір түрі пантомима өнерін зерттеуші Кеңес және Ресей театр және кино актері, мим, театралды педагог, өнертанушы И.Г.Рутберг болды. Оның «Пантомима: первые опыты» (1972ж.), «Пантомима: опыты в аллегории» (1976ж.), «Пантомима: опыты в мимодраме» (1977ж.), «Пантомима: движение и образ» (1981ж.), «Искусство пантомимы: пантомима как форма театра» (1989ж) еңбектерінде пантомима өнеріндегі актер шеберлігін, пластикасын зерттелген.

Егер актердің қажетті қимыл-қозғалыстарды жеткіліксіз орындаудан бұлшықеттері шынықпаған болса, оның сахнадағы ойынын көрермен жақсы қабылдамайды. Шынықпағанден сахнадағы қимыл-қозғалыстарды жасау барысында қысылады және осы үдеріс сахнадағы қозғалыстарды тежеуші болып табылады. Сол себепті актердің денемәдениетінің маңыздылығы оның күнделікті жасап жүргендене, пластика жән ритмдік жаттығулары арқылы анықталады.

Б.Голубовский сахна қозғалысының маңыздылығы жөнінде былай дейді: «Движение может рассказать многое, наверно, что она безмолвна. И в жизни, и на сцене движение тела, интуитивно вызванное чувством, необходимостью выразить мысль, становится слышимым, как бы произнесенным, таким же впечатляющим как слово. Физическое ощущение услышанного слова, крика достигает при точном нахождении мизансцены тела, умения актера найти пластическое выражение звука» [8, 28 с.].

Сахна пластикасының актер шеберлігіндегі маңыздылығы және қажеттілігін зерттей келе С.Г.Андраников этюдтардың алғашқы жаттығуларын, театрлардың қойылымдарындағы пантомима, пластикалық композиция және әр-түрлі образдағы пластикалық сипаттама нәтижелерін қамтитын «Сценическая пластика» оқу құралында: «Пластический тренинг – тренинг средствами движения, и ведется он по двум основным направлениям: тренинг двигательного аппарата как аппарата воплощения и тренинг развивающими средствами движения мышления, помогающей основать закономерность создания сценического произведения. Граница между двумя направлениями условна. На практике они взаимосвязаны и взаимозависимы, однако в тренинге актерском основной акцент естественно делается на развитие аппарата воплощения. Сюда входит тренировка гибкости, подвижность, выносливости, координации движения, психофизических качеств, связанных с органичностью движения в условиях сценического действия, а также изучение ряда практических навыков, необходимых в конкретно практической деятельности» - дейкеле, сахна пластикасының маңыздылығын ерекше атап өтеді [15, 26 с.].

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Станиславский К.С. Работа актера над ролью. Часть II. Работа над собой в творческом воплощении. Дневник ученика. Москва, 1955 – 502 С.
2. Станиславский жүйесі / <https://el.kz/kz/news/archive/content-4857>
3. Кристи Г. Вопросы актерской школы Станиславского / ред. Вл.Прокофьева . изд.2-ое. Москва: Искусство, 1978 – 430 С.
4. Мейерхольд В.Э. Статьи. Письма. Речи. Беседы. Москва: искусство, 1963 – Гл. Актер будущего и биомеханика –

5. Полищук В. Книга актерского искусства. В. Мейеркольд. М., 2010
6. Мейеркольд В.Э. Из записных книжек. О театре. СПб, 1913
7. Гликман И. Мейеркольд и музыкальный театр. Ленинград: Советский композитор, 1989 – 352С.
8. Голубовский Б. Пластика в искусстве актера Москва: Искусство, 1986 – 189 С.
9. Волонский С.М. Выразительный человек: сценическое воспитание жеста (по Дельсарту). Изд. 2-ое. Москва, 2012 – 248 С.
10. Маркова Е.В. Уроки пантомимы. Учебное пособие. СПб., 2012 – 288 С.
11. Крэг Э.Г. Воспоминания. Статьи. Письма. Москва: искусство, 1968г
12. Рудницкий К.Л. русское режиссерское искусство 1908-1917г.г Москва: Наука, 1990г.
13. Румнев А.А. О пантомиме Москва: Искусство, 1964г –
14. Славский Р.Е. Искусство пантомимы Москва: Искусство, 1962г.
15. Андрачников С.Г. Сценическая пластика. Учебное пособие. Москва, 1990. – 77 С.

УДК 792.03

МРНТИ 18.45.09

З. Рахымжан

Т.Жургенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының

1-курс магистрі

Алматы қ., Қазақстан

ҚАЗАҚ САХНАСЫНДАҒЫ М.ӘУЕЗОВ ТРАГЕДИЯЛАРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫ

Аңдатпа

Кеңес дәуірі уақытындағы қазақ театр өнерінің қалыптасып, дамуы, актерлерінің шеберліктері, жан-жақтылықтары қазіргі уақыттағы театр өнерінің бастауы болып табылады. Қазақ сахнасындағы алғашқы қойылған М.Әуезов сынды қазақ театр өнерінің жанашырының трагедиялық пьесалары осы уақытқа дейін бірнеше трансформацияланып сахналануда. Осының өзі қазіргі замандағы сахна өнерінің рухани жаңғыру жолында келе жатқанын көрсетеді.

Берілген мақалада кеңес дәуірі уақытындағы қазақ театрында бірнеше мәрте, бірнеше режиссерлермен сахналанған трагедиялық қойылымдар туралы сипатталған. Сонымен қатар, спектакль қоюшы режиссерлердің, актерлердің жұмыстары да қамтылып өткен. «Қарагөз», «Еңлік - Кебек», «Абай» пьесаларының 1925-ші жылдардан бастап бірнеше рет сахналануы және қазіргі уақытта да театр сахнасында қойылуы еліміздің жастарына дұрыс тәрбие беруге бағыт-бағдар болмақ.

Кілт сөздер: қазақ театры, сахна, трагедия, актер, режиссер, пьеса.

Аннотация

З.Рахимжан

ТРАНСФОРМАЦИЯ ТРАГЕДИИ М.АУЭЗОВА НА КАЗАХСКОЙ СЦЕНЕ

Магистр 1-курса Казахской национальной академии искусства им. Т.Жургенова

г. Алматы, Казахстан

Источником современного театрального искусства является - становление и развитие казахского театрального искусства, мастерства и кругозора актеров в советское время. Первые постановки трагических пьес писателя как М.Ауэзовна казахской сцене трансформируются по настоящее время. И это доказывает, что современное сценическое искусство находится на пути к духовному возрождению.

В данной статье описываются сценические постановки трагических пьес, которые неоднократно ставились разными режиссерами в казахском театре. Кроме того, в статье содержатся работы режиссеров и актеров. Постановки спектаклей «Карагоз», «Енлик - Кебек», «Абай» представляются на сцене с 1925 года по настоящее время и этот процесс является направлением достойного воспитания молодежи.

Ключевые слова: казахский театр, сцена, трагедия, актер, режиссер, пьеса.

Abstract

Z.Rahimzhan

TRANSFORMATION OF THE TRAGEDY OF M.AUEZOV ON THE KAZAKH STAGE

Master degree 1 year student of the Kazakh National Academy of Arts after T.Zhurgenev

Almaty, Kazakhstan

The source of modern theatrical art is the formation and development of Kazakh theatrical art, the skill and outlook of actors in the Soviet era. The first productions of the tragic plays of the writer as M. Auezov on the Kazakh stage are transformed to the present. And this proves that contemporary stage art is on the path to spiritual rebirth.

This article describes the stage productions of the tragic plays that have been repeatedly staged by various directors in the Kazakh theater. In addition, the article contains the work of directors and actors. The performances “Karagoz”, “Enlik - Kebek”, “Abai” are presented on the stage from 1925 to the present, and this process is the direction of a decent education of young people.

Keywords: Kazakh theater, stage, tragedy, actor, director, play.

Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді» - дей келе «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана. ... ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды» - деген сөздерін негізге ала отырып, өнер мен әдебиет елдің мәдени деңгейін көрсеткеніне көзіміз жетеді [1].

Әдебиет пен өнерді біріктіретін – театр. Театр – өмір белесін, тарихи жағдайларды көрермендерге бір мезетте зерделейтін өнер ордасы. Театр шығармасы спектакль болса, спектакльдің көзі – драматургия. Театр мен драматургия егіз ұғым. Драматургтың шығармасы жанрын (драма, трагедия, комедия) анықтап, сырына бойлап, сол арада көрсетілген өмірді дәл тауып, адамдардың қарым-қатынасын ажыратып көрсете білу – режиссер алдындағы міндет. Осы әдеби шығарманы сахыландыру шеберлігі бір ғана режиссердің қолында емес, бұл міндет спектакльге қатысушы тұлғалардың шеберлігімен тығыз байланысты.

Театр – ұжымдық өнер, өйткені қазіргі театр спектакльді драматург, актерлер, қоюшы-режиссер, сценограф, композитор мен хореографиялық өнерінің және киім-кешек жасаушылар, гримшілер, жарық берушілер секілді, театрдағы т.б. көптеген қызметкерлер еңбегінің өзара тоғысуы нәтижесінде туады. Көрермендерге белгілі бір пьесаны толыққанды жеткізу үшін театр ұжымы бірігіп еңбек етеді. Ал, кейіпкерлердің мінезін, оқиға уақытындағы эмоциялық жағдайларын жеткізуші актерлер.

Актер шеберлігінің сахнадағы орны жөнінде Ә.Рахимов былай дейді: «актер – сахнадағы ұсынылған шартты жағдайға сәйкес: сөзімен, іс-қимылымен әрекет етуші» - деп, режиссер мен актерлердің қойылым қоюдағы жұмыстарының ерекшелігін көрсеткен [2, 69б.].

Қазақстанның халық әртісі М.Байсерке «актер табиғаты» жайлы: «Өнер мен творчество дегеніміз – актердің өз табиғаты, оның жаны мен тәні. Бар тетік, бар тылсым адамның табиғат қойнауларында болып шықты. Ал актер табиғаты – кәусар сезім, қуаныш пен қайғы, мақсат-

мұрат, ой мен арман, қимыл-іс, рөл табиғатынан бастау алатын ойын өрнегі. Оқиғалар ошағы, идея ізгілігі, шығармашылық шабыт сияқты көңіл-күй пернелерінен үн төгетін күрделі құбылыс. Шығармашылықта ең басты көркемдік критерий табиғатқа ғана тиесілі болса, сол табиғат тудырған творчество іргетасы – актер сезімінің түйсігі. Яғни, актер табиғаты өз сезімінің түйсігінен тамыр тартады, анығын айтсақ, қуану үшін де, жабырқау үшін де адам әуелі түйсінеді, сосын барып не қуанады, не жабырқайды» - деген пікір берген екен [3].

Актер ойыны көп жағдайда өзінің қиындығымен де қызықты, өйткені актер мамандығы көп жағдайда жұмбақ материал болуымен қатар өзіндік жұмысы, күнделікті психофизикалық әрекетке дайын болуы, соңғы кезеңдегі сахна өнеріне қызмет етеді. Актерден талап етілетіні, ол тұтастай кейіпкер бейнесіне енуі қажет. Дегенмен де кей кезде айдалада сырттай шеттеліп, бақылаушы болып алыстап кетпеуі керек. Оған кейбір сәтте тез тұтанып шынайы да, жалған да болуы мүмкін. Ол, шын мәнісінде, кейіпкер кейпінде бола біліп әрі таза шындықпен сахналық өтіріктегі әрекетте айта білуі керек. Ол оңайлықпен келмейді, бірақ ол өте маңызды әрі ол жөнінде сахна қызметінен соң өз өмірі болмыстық қалпына түсуі сахна өнерінің ерекшелігі мен қасиетін танытады[4].

Осы пікірлер мен тұжырымдарды ескере келе актер мамандығының маңыздылығына көзіміз жетеді. Қазақ сахнасы тарихында талай-талай актерлер мен өнер саласының саңылақтары еңбек етті. Оларға әрине ең бірінші қазақ сахна өнерінің жанашыры М.Әуезовпен қоса, С.Қожамқұлов, Қ.Қуанышбаев, Е.Өмірзақов, Қ.Бадыров, Қ.Жандарбеков, З.Атабаева, М.Шамова, А.Абдуллина, Ш.Байзақова, О.Қашаубаева, Ж.Шанина, Д.Оңғарбаевалар сынды актерлер мен С.Қожамқұлов, Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев сияқты режиссерлерді атауға болады. Аттары аталынған өнер қауымы қазақ сахнасының қалыптасып, дамуына үлкен үлес қосқан.

Қазақ театрының негізін қалаушы М.Әуезовтың театр өнеріне қосқан үлесі шексіз. М.Әуезов 1925 жылы «Қарагөз» пьесасын жазып, 1926 жылы Қазақстан халық комиссариаты жарияланған драмалық шығармалар бәйгесінің жеңімпазы болып, жеке кітап ретінде басылып шықты. Сол жылы Семейдегі сахналық труппа сахналайды. Осы жылдың сәуір айында Қ.Жандарбековтың режиссерлігімен Қызылорда Ұлттық қазақ театрының сахнасында "Қарагөз" пьесасы қойылады. Мұнда Сырым ролін режиссер Қ.Жандарбековтің өзі, Қарагөз ролін тұңғыш қазақ актрисасы – Зура Атабаевасомдаған. Сырым - Қ.Жандарбековтің актер ретіндегі сахнада ойнаған алғашқы ролі болды.

«Қарагөз» пьесасы 1981 жылы қайта өзгерістермен сахналанды. Екінші «Қарагөз» спектакльін қоюшы режиссер Ә.Мәмбетов болды. Махаббат таргедиясына Ғ.Жұбанованың жазған музыкасы сол уақыттағы театрдың ресми үніне айналған. Ә.Мәмбетовтың жетекшілігімен қойылған «Қарагөз» трагедиясы Мәскеуде де көрсетілген. Мәмбетов бұл қойылымда екі ғашықтың трагедиясын ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының айтыс өнерін, жар-жары мен беташарын көркемдеп көрсете білген.

Қазақ театр сахнасына алғашқы рет кәсіби шеберлікпен қойылған трагедия Қошке Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасымен қоса алғашқы сахналанған трагедиялардың бірі «Еңлік-Кебек» еді. Осы трагедиядағы Еңліктің ролін алғашқы болып Оңғарбаева Дәлилә Қайрақбайқызысомдаған.

Бұл жайында Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Хабиба Елебекова әкпесі Оңғарбаева Дәлилә Қайрақбайқызын былай еске алады: «әпкем Дәлилә Оңғарбаева үлкен әнші әрі керемет сұлу болған. Оның сұлулығын көреміз деп жан-жақтан кісілер келіп, сөйлесе алмай, сырттай тамсанып кетіп жүреді екен. ... Алғашқы театр шымылдығын түрген «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы Еңліктің де тұңғыш орындаушысы. Жұбайы Құсайын Кебекті ойнайды» [5].

М.Әуезовтің әдебиетке деген алғашқы махаббатын тудырған, тұңғыш туындысы болып талабын күшейтіп, талантының тұсауын кескен «Еңлік-Кебек» драмасының көркем мәтінін 1922 жылы алғаш рет ақ қағазға түсіріп, Орынборда жарияласа, 1943 жылы қайта жазып, көп жерін қайта жөндесе, 1956 жылы тағы бір рет оралып, олқылықтардан арылтып, заманауи талаптарды ескереді. Ұлы жазушының бір шығармасына үш рет қайтара оралып, әрдайым

жетілдіріп отыруының мәнісі-оның мәңгілік-махаббат тақырыбының уақыттың қай кезеңінде де сұранысқа ие екендігін көрсетеді. Әуезовтің бұл шығармасын Ж.Шаниннің жоғары бағалап, Қызылордада, сонсын Алматыда сахналағанын, ол кезеңдегі театр, сахна өнерін өрістету көкейкесті мәселе болып, халық мәдениетінің, кәметінің, рухани өрлеуінің көрінісі болғаны жөніндегі ойлары жоғары деңгейдегі кәсіби баға беруімен құнды [6,316]

Қазақтың кәсіби сценографы Қ.Қожықовтың алғашқы жұмысы - «Еңлік-Кебек» трагедиясын режиссер М.Насонов 1933ж. мамыр айында қайтадан қойды. Қазақ ортасында туып-өскен және халық дәстірлерін жақсы білетін сазгер Д.Д.Мацуцин халық әндері мен күйлерін пайдалана отырып, «Еңлік-Кебек» спектакліне алғашқы болып музыка жазды. Бұл әрекет қазақ театрында спектакльдердің әндермен, оркестрмен музыкалық көркемделуі алғашқы рет ендірілген жаңшылық болды. Осы қойылымдағы Еңлік ролін Күләш Байсеитова, Кебек ролін Қанабек Байсеитов сомдаған. Бұл спектакльді қоюда режиссер М.Насонов Еңліктің ата-анасының еркесі болып еркін, ешқандай қайғысыз балалық шағындағы өміріне басым көңіл береді. Режиссердің осы мақсатын Күләш Байсеитова өзінің ғажайып-сыңғырлаған дауысымен, керемет актерлік шеберлігімен жүзеге асырады. 1933-1934 жылдары театр құрамынан музыкалық театры бөлінеді. К. Байсейітова мен Қ. Байсейітов музыка театрына ауысқандықтан Еңлік пен Кебек рөлдерін А.Абдуллина мен Ж.Өгізбаев ойнаған.

1935 жылы Семей театрының режиссері О.Беков «Еңлік Кебекті» қойды. Ол осы трагедияда қоғамның әлеуметтік жағдайына баса назар қойып, екі ғашықтың трагедиясын көркемдей білген. 1939 жылы Шымкент театрының жас режиссері Х.Шаженовтың тұңғыш жұмысы «Еңлік-кебек» спектаклі болды.

1944 жылы М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын А.Тоқпанов қайта қарап, өзгерістер енгізіп, сахналады. Пьесаға енгізген өзгерістері жөнінде А.Тоқпанов келесідей пікір білдірді: «Ең алдымен «Еңлік-Кебек» – халық трагедиясы деген идеяға құрылды. XVIII ғасырдың аяғы феодалдық рулыққа бөлінген, мемлекеттік бірлік сана жоқ, бірін-бірі талап жатқан, алты бақан алауыз заманның қайғылы жайы-мұңын көрсету мақсатын қойды. Міне, осы тұрғыдан қаралып, бұрынғы бақсы Нысан Абыз – қамкөңіл ата, өліммен алысқан Қорқыт ата күйімен сырласып, қайғылы Асанға алыстан үн қосып дүние сөзінен кеткен, ел қамын жеген, халық мұңының жоқшысы, саналы ойшыл ақынға айналған» [7].

1957 жылы режиссер М.И.Гольдблаттың режиссурасымен сахнаға шыққан «Еңлік-Кебек» классикалық шығарманы игеру жолындағы ірі табыс ретінде бағаланды. Спектакль пьесаның өңделген соңғы нұсқасы бойынша қойылды. Бұл жолы драматург Абызды билер сахнасындағы әрекетке араластыру арқылы көп ұтты. Мұнан трагедия тартысы күшейіп, әлеуметтік сипаты бұрынғысынан да айқындала түсті...Спектакльге байланысты жазылған ғылыми-зерттеу еңбектердің барлығында да, «Еңлік-Кебек» трагедиясы бұрын тұрмыс-салттық музыкалы драма үлгісінде қойылып келсе, режиссер М.И. Гольдблаттың драматург нысана еткен мақсатты дөп басып, спектакльді романтикалық стильде қойғаны таратылып жазылған. Сондықтан да, сахнада өтетін оқиға қазақ халқының басынан кешкен тарихи кезең болып бейнеленді. Драматургтің ел тұтастығы мен тәуелсіздігі туралы жарқын идеясы, гуманистік ойы, бүгінгі ұрпаққа айтар аманаты Гольдблат спектаклінде терең көрініс тапты [8, 254, 255б.б.].

Сонымен, М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясы Кеңес дәуірінде Қ.Қожықов, О.Беков, Х.Шажеманов, А.Тоқпанов және М.Гольдблаттың режиссерлігімен бірнеше рет өзгеріске түсіп, сахналанғандығына көзімі жетті.

Кеңес дәуірінде қазақ сахнасында қойылан трагедиялық спектакльдерінің бірі -М.Әуезов пен Л.Соболевтің 1939 жылы бірігіп жазған “Абай” трагедиясы еді. Бұл трагедия 1940 жылы 30 қазанда А.Тоқпановтың режиссерлігімен қойылды. Бұл спектакльде Қ.Қуанышбаев өзінің керемет актерлік шеберлігімен Абай бейнесін шынайы бейнелеген.

1950 жылы [Шымкент облыстық қазақ театрында](#) Ғ.Хайруллинаның жетекшілігімен «Абай» спектаклі қойылды. Мұнда Абайдың жас шағын М.Өтебаев, есейген шағын С.Ерғалиев сомдаған. Спектакль көрермендермен өте жақсы қабылданып, жоғары бағаланды.

Қарағанды театрының режиссері Б.А.Лурьев 1951 ж. «Абай» спектаклін жоғары дәрежеде қойды. Абайдың жастық шағынан есеу кезеңіне дейінгі сәттерін үйлесімді көрсете білген актер - М.Сүртібаев бас рольді сомдаған.

Ш.Айманов режиссерлігімен «Абай» трагедиясы 1952 жылы сахналанды. Бұл спектакльде Қ.Қуанышбаев, Қ.Бадыров, Х.Бөкеева, С.Қожамқұлов, Р.Қойшыбаева, Е.Өмірзақов сынды актерлер кейіпкерлер рольдерін сомдаған. Спектакль суретшісі В.В.Голубович болған. Осы «Абай» спектакліөзінің керемет қойылымымен, сахнадағы безендірулермен және актерлердің ойынымен КСРО Мемлекеттік сыйлығына иеленді.

1962 жылының 29-ші мамырында «Абай» романның жасалған инсценировкасы Ә.Мәмбетовтың жетекшілігімен қойылды.

Жаңа қойылымда тұрмыс-салтты бейнелеу дәстүрінен бас тартып, шынайы көркемдік шарттылыққа барған. Қойылымға басқаша тыныс қарқын, көркемдік сипат берілген. Абай өлеңдерін қолдану драма ерекетін күшейтіп, қойылымның поэтикалық бейнесін айқындады. Жеке рөлдерге берілген тұжырым-түсіндемелерде бұрынғы таптаурындықтан арылып, уақыт талабына сай тың сахналық ойға негізделді. Абай рөліне Ы. Ноғайбаев пен М. Сүртібаев өзіндік актерлік орындау даралықтарымен келген [9].

Мұхтар Әуезовтің «Абай» романындағы Абай мен Әйгерім арасындағы махаббат, адамгершілік қарым-қатынасын негізге ала отырып, Б.Римованың түсірген сахналық жүйесін 1980 жылы режиссер Ж.Омров сахналады. Бұл спектакльдің жоғары дәрежеде өтуіне суретшісі О.Муканов пен композитор С.Мұхамеджанов еңбектері зор. Мұнда режиссер Абайды салиқалы, байсалды мінезімен сипаттаған.

Жоғарыда аттары аталынған трагедиялық пьесалардың барлығы қазіргі уақытқа дейін қазақ сахнасында қойылып келеді. Бұл пьесалар қазіргі заман талабына, өмір ағысына қарай біраз өзгерістермен сахналатыны әрине барлығымызға анық. Бірақ, осындай қазақ халқының дәстүрі, салты, әдет-ғұрыптары сипатталған пьесалардың қазіргі уақытта сахналануы еліміздің болашақ азаматтарына тәлім-тәрбие беру үшін әбден қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы 12 сәуір 2017ж.
2. Рахимов Ә. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. Алматы: Тарих тағылымы, 2010 – 248б.
3. Әбілдина Ғ. Театр дарабозы / «Егемен Қазақстан» газеті, Астана, 05.06.2017ж.
4. Әбілдина Ғ. Өзі де, өнегесі де өр биігінде / «Айқын» газеті, Fkvfns, 17.11.2018ж.
5. [Жұмабай Н. Хабиба Елебекова: өткенді білмей, келешек өркендемейді \(5 маусым 2013ж.\) / https://abai.kz/post/17047](https://abai.kz/post/17047)
6. Пірәлі Г.Ж. Қазіргі Мұхтартану: 2-кітап / Г.Ж.Пірәлі. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 224 бет.
7. Тоқпанов А. Бүгінгі күнге дейін. – Алматы: Өнер, 1981. – 165 б
8. Нұрпейіс Б.К., Исламбаева З. Тәуелсіздік идеясының «Еңлік-Кебек» пьесасы негізінде қойылған спектакльдердегі көрінісі / ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №4 (58). 2016
9. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл.

Д.М. Тұрғанбеков ¹

Абай атындағы ҚазҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институтының І - курс магистранты
ФИРМАЛЫҚ СТИЛДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда, тұтынушылар үшін күресте, брендинг қалыптастыруда басты құралдардың бірі болып табылатын фирмалық стиль бүгінде фирманың барлық коммуникациялық саясатының негізі болып табылады. Оны қолдану безендіруді, түстердің мазмұндас келуін, жарнамадағы бейнемен, іс- қағаздармен, техникалық және іс-құжаттармен, өнімнің қаптамасымен және т.б. бірыңғайлықты ұйғарады.

Түйін сөздер: Имидж, тауарлық белгі, логотип, фирмалық блок, фирмалық қаріп жиынтығы

Турганбеков Д. М. ¹

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ФИРМЕННОГО СТИЛЯ

Аннотация

В настоящее время фирменный стиль, который является одним из основных инструментов в борьбе с потребителями, формирования брендинга, сегодня является основой всей коммуникационной политики фирмы. Его применение предполагает унификацию оформления, содержания цветов, изображения в рекламе, дел, технической и документации, упаковки продукции и т. д.

Ключевые слова: Имидж, товарный знак, логотип, фирменный блок, набор фирменных шрифтов

D. M. Turganbekov ¹

THEORETICAL FOUNDATIONS OF CORPORATE IDENTITY FORMATION

Annotation

Currently, the corporate identity, which is one of the main tools in the fight against consumers, the formation of branding, is now the basis of the entire communication policy of the company. Its application involves the unification of design, color content, images in advertising, cases, technical and documentation, product packaging, etc.

Key words: Image, trademark, logo, corporate block, set of corporate fonts

Фирмалық стиль - жарнаманың заманауи және өзекті түрінің бірі. Көптеген зерттеуші оны маркетингтік коммуникацияның ерекше түрі деп қарастырады.

Фирмалық стильде түстердің жиынтығы, графикалық және басқа да тұрақты элементтері тауардың (қызметтің) көріністік және мағыналық бірлігін құрайды, фирма жайлы ақпаратты береді.

Фирмалық стиль ұйым өмірінде мынадай маңызды қызметтер атқарады:

1. **Имидждік қызмет.** Беделі мен абыройын арттырудағы компанияны дамыту мен қолдау. Фирманың мұндай түсінігі бүкіл аудиториямен қатар оның тауарларына да әсер етеді. Көптеген адам тауар сапасын танымал тауар белгісіне қарай бағалайды әрі анонимдік тауарларға қарағанда бұлар үшін көп ақша төлеуге де дайын

2. **Теңдестіру қызмет.** Фирмалық белгі тауарлар мен жарнаманы теңдестіріп, олармен фирма арасындағы байланысты анықтайды.

3. **Сараланған қызмет.** Жалпы қаржыдан фирманың тауарлар мен жарнамаларына бөлінген көзі. Ол тауарлар ағыны мен жарнамаға бағытталған нақты «ақпарат тасымалы» болып табылады.

4. Фирмалық стильдердің жүйесіне мынадай негізгі элементтер жатады:

-тауарлық белгі

- логотип
- фирмалық блок
- фирмалық лозунг
- фирмалық түс гаммасы
- фирмалық қаріп жиынтығы
- басқа да фирмалық константалар

Жоғарыда аталған фирмалық стильдердің жүйесінің негізгі элементтеріне жеке тоқталатын болсақ [1].

1. **Тауарлық белгі.** Оның бес негізгі түрі бар: ауызша, бейнелі, көлемді, дыбысты, аралас

2. **Логотип** — бұл тауарлық белгінің ең көп тараған түрі (тауарлық белгінің 80%-ға дейінгісі ауызша белгіде болса, шамамен тіркелген бес тауарлық белгінің төртеуі логотип түрінде болып келеді). Бейнелі тауарлық белгіде фирманың эмблемасы, бірегей суреті болады. Кез келген пішіннің бейнесі, табиғи басқа да нысандар бейнеленеді

Көлемді белгіде – нысан, кескін, аралас сызықтар болады. Ереже бойынша ең көп тараған көлемді белгілерге түрлі қаптамадағы тауарлар жатады: бөтелке, флакон, қораптар сондай-ақ арнайы бір қалып (мысалға: шоколад, сабын қалыбы).

Дыбысты тауарлық белгі -мұнда мелодия, шум, дыбыс болады. Ол радио және телеарналарға арналған.

Аралас тауарлық белгі, көбінесе, сөздер мен бейнелердің аралас келуі.

3. **Фирмалық блок.** Екі немесе одан көп элементтердің үйлесуі. Бұл элементтерге көбіне фирмалық лозунгты да қосады. Кейде фирмалық блокқа компанияның ресми атауы, пошталық мекенжайы, банктік реквизиттері, компанияның жарнамалық белгілері, тауарлар жіктелісі мен қызметтері, графикалық элементтер, жекелеген фразалар да пайдаланылады

4. **Фирмалық лозунг** (слоган). Слоган тек фраза түрінде ғана емес, сонымен қатар күнделікті қолдануға келетін компанияның ұраны ретінде де жасалады.

Тауарлық белгіге қарағанда слоганның өзінің бейнелі және аудиолық түрі болады. Фирмалық слоган компанияның спецификациясын білдіріп, өзге бәсекелестерінен ерекшелік тұруы керек. Өзге де стильдермен – дыбыс, ритм үйлесім табуы керек. Көптеген сәтті фирмалық слогандар он жылдай өмір сүреді

5. **Фирмалық түс гаммасы.** Көптеген компанияның көбінесе өздеріне тән түстер арқылы бірден тануға болады. Басқалардан олардың көбірек есте сақталатыны да сондықтан. Мысалға, «Билайн» компаниясы, сары және қара түс, «Макдональдс» мейрамханалар желісі – қара және сары түс, «Кодак» фирмасы сары және алтын түстес.

Фирмалық түс компания қызметімен үйлесіп, сатып алушыға деген эмоционалдық әсерін назарда ұстау керек.

Компания қызметіне қарай түстің де сипатына мән беру керек, мысалға сақтандыру және қаржы секторлары консервативті түстерді: көк, жасыл таңдайды. Ал егер тауар түрлері көп болса, онда ашық түстер келеді

Фирмалық стилде егер бизнестің сипаттамасымен сай келмесе, түстердің көп болуы қажет емес. Ең жақсы деген фирмалық түс екі түстен артық болмайды

6. **Фирмалық қаріп жиынтығы.** Материалдарды жазуда әрі безендіруде әрқашан тұрақты түрде қолданылатын қаріп.

Олар компания қызметіне, идеясына сай келуі керек. Жақсы оқылатын болғаны жөн. Банктер мен сақтандыру компанияларының қаріптері – тік, майлы, ресми келеді. Беттеу де фирмалық стильдің түрі болып келеді [2].

Басылым форматы да ерекшелікке ие. Кейде, тіпті, компания өкілі де фирмалық стильдің элементіне жатады. Компанияда өзінің фирмалық этикеті, сөйлесу стилі, киім үлгісі (дресс-код) және тағы басқа белгілері болады.

Қазіргі нарықтық қатынастар жағдайында кәсіпорынның сапалы да табысты істерін көпшілікке танымал етудің бірден-бір жолы – оның тарихы мен қазіргі жайы, табыстары мен мықты

жақтары туралы барлық ақпаратты өзара сәйкестендіріп, бір ғана шағын белгі арқылы көрсетуге мүмкіндік беретін brand (бренд) жасақтау.

«Өнер, мәдениет және спорт» институтының бренді Абай атындағы атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін мақсатты аудиторияның мүдделеріне мейлінше сәйкес келтіре отырып, оқу орнының ішкі мазмұны мен сыртқы сипаты туралы бірыңғай жинақы және бірегей ақпарат беру арқылы университетті көпшілікке танымал ету мақсатын көздейді. Бұл нұсқау «Өнер, мәдениет және спорт» институтының брендінің өзіндік ерекшеліктері туралы жан-жақты және толық ақпарат бере отырып, таңбаны, қаріпті, түстерді, дизайнерлік нұсқаларды қолдану ережелерінің жиынтығы болып табылады. Біздің брендті әдемі, көзге түсетін және біздің тұлғамызды ашатын стилді жеткізу үшін түрлі-түрлі графикалық элементтерді ұсындық. Суреттің немесе мәтіннің ерекшелігін көрсету үшін және адамдардың көз қызығушылығын ояту үшін графикалық элементтерді пайдалануға болады. Жеңілдік - ол үшін дизайнер болу қажет емес оны әрбір адам түсінеді. Бұны көбіне университет таңбасын пайдаланған кезде қолданған жөн.

Орташа - түрлі түспен жұмыс жасағанда пайдаланатын басты элемент. Мұны көбіне ашықтық түрде пайдаланамыз. элементтердің басты мақсаты адамның суретке визуалдық қызығушылығын ояту. Суреттерді қызық қылып толықтыру [3].

Бұл орташа графикалық элементтердің басты мақсаты адамның суретке визуалдық қызығушылығын ояту. Суреттерді қызық қылып толықтыру. Мұның жақсы жері қай жерге назар аударғымыз келсе, сол жерді ерекшелеуге мүмкіндік береді. Яғни осы графикалық элементтерді көз түспейтін жерге қойсақ біздің назарымыз керек жерге ауады.

Бұл дизайндық графикалық элементтерді пайдаланған кезде фон ретінде және суреттің бетінде узор ретінде пайдалануға болады. Бұл узорды ақ түспен немесе мөлдірлікті қолдану керек.

Бұл дизайндық графикалық элементтерді пайдаланған кезде фон ретінде және суреттің бетінде узор ретінде пайдалануға болады. Бұл узорды ақ түспен немесе прозрачностью қолдану керек.

Жоғары оқу орынның фирмалық стилін құру бірнеше этаптан тұрады.

1. Ақпарат жинау, талдау

-ішкі диагностика: оған ЖОО дәстүрі мен тарихы, саясат құндылығы, мақсат, міндеттері;

- сыртқы ортаның бағалауы:

-бәскелес орталарды зерттеу; идеялардың туындауы, тұжырымдама құру.

2. Фирмалық блокпен жұмыс: логотип, фирмалық түстер және шрифтер.

3. Оқу орнының фирмалық стилін тасымалдау мақсатында жұмыс істеу.

Фирмалық стилді тасымалдаушыларды шартты түрде үшке бөлуге болады:

1) құжаттар айналымы (құжаттардың бланктері, фирмалық папкілер, конверттер);

2) полиграфиялық материалдар (визиткілер, каталогтар, флаерлер және т.б.);

3) мекеменің ішін және сыртын рәсімдеуге арналған жарнамалық элементтер,

(белгілер, жалаулар, және жалаушалар т.б.);

4) кәдесый өнімдері.

5) жоғары оқу орындары үшін бизнес-карточкалық сайтты ғана емес, сонымен қатар, мысалы, сырттай бөлімшелер студенттері үшін өзекті болатын, студенттермен байланыс үшін жабық әлеуметтік желілерді құру, студенттер немесе қашықтықтан білім беру порталын құру өзекті ұсыныс болар еді.

6) университеттер көрмелер, семинарлар, симпозиумдардың белсенді қатысушылары болып табылады.

Олар үшін арнайы көрме стендтерін жасауға мүмкіндік береді

айқын және тиімді білім берудің Фирмалық стилдің қосымша тасымалдаушылары:

- сертификаттар, дипломдар, сертификаттар, алғыс парақтары;

- оқулықтар, оқу құралдары;

- шыныаяқтар, медальдар, төс белгілер;

- әуе шарлары, жалаулар, жалаушалар, финал;

- киімге арналған бейджер, жолақтар;

- стендтер және қабырға газеттері.

Жалпы, фирмалық стилді жасау – бірнеше кезеңнен тұратын өте күрделі процесс. Фирмалық стилді құру бір күннің ғана жұмысы емес, ол үшін уақыт және қаржы қажет. Қандай этаптан тұрады соған тоқталайық.

Бірінші, дайындық кезеңі. Бұл кезеңде ақпарат жинап оған талдау жүргізіледі. Ең қажетті ақпараттар, мысалы Өнер, мәдениет және спорт институтының іс-әрекеті, атқаратын қызметі, мақсат, міндеттері, институттың стратегиялық дамуы және болашағы туралы мәліметтер болуы мүмкін. Негізінен осы аталған институттың баскелестеріне көңіл бөлу қажет. Дайындық кезеңінің мақсаты – осы аталған институттың айрықша ерекшеліктерін табу.

Екінші кезеңде, ақпарат жиналған кезде, фирмалық стилдің стратегиясы мен тұжырымдамасы анықталады. Бұл фирмалық стилдің бейнесі туралы идеялар жиынтығы болып табылады.

Үшінші кезең фирмалық стилдің басты идеясын басқа нұсқалардан және визуализациядан таңдау болып табылады. Бұл кезеңде түстер, қаріптер, таңбалар немесе графикалық нысандар таңдалады, эскиздер жасалады.

Төртінші кезеңде логотип әзірленіп, бір компанияда фирмалық стилдің барлық элементтеріне тапсырыс беру ұсынылады. Бұл дизайнерлер үшін тапсырманы айтарлықтай жеңілдетеді. Логотип жасаған кезде оны жарқын, қысқа, тартымды етуге тырысу қажет.

Бесінші кезеңде фирмалық стилдің элементтері толығымен әзірленді. Көбінесе бұл логотипті пайдаланатын корпоративтік элементтер: визиткалар, қалталар, парақтар, конверттер, буклеттер, бланктер, күнтізбелер және т.б. Сынақ кәдесыйларын шығаруға да болады. Бұл фирмалық стилдің өмірде қалай көрінетінін бағалауға мүмкіндік береді. Мүмкін алдыңғы кезеңдерге оралып, бір нәрсені түзетуге тура келуі мүмкін.

Алтыншы сатыда брендбук әзірленді. Мұнда фирмалық стилді қолданудың барлық мысалдары мен ережелері кіргізіледі. Брендбукты болашақта компанияның басшылығы, басқа жарнамалық компаниялар және компанияның қызметкерлері пайдалана алады.

Жетінші сатыда фирмалық стилді патенттік қорғау жүзеге асырылады. Бұл біз, ұсынып отырған логотипті, фирмалық түстердің комбинациясын басқа компаниялар пайдаланбайтынына кепілдік беретін өте маңызды сәт болып табылады [4, 5, 6].

Барлық кезеңдерді сақтай отырып, шын мәнінде ойластырылған және жоғары сапалы фирмалық стилді жасап шығуға болады. Егерде жақсы фирмалық стил жасалса, ол бір жыл емес бірнеше жыл институтқа қызмет етеді.

Логотип жасаудың –қадамдары:

1-қадам. Бірнеше шимай жасау

Логотиптің ерте сатысында, сіз логотипте білдіргіңіз келетін бірнеше идеялар пайда болуы мүмкін. Оларды елемуге болмайды, жазу жақсы, мүмкін кейбір логотиптің соңғы нұсқасын жасау кезінде сізге пайдалы болуы мүмкін.

2-қадам. Логотип дизайн нобайын сызу

Эскиз-бұл қағаздағы идеяларды іске асырудың жылдам және қарапайым тәсілі, онда сіз оларды оңай бағалауға болады.

Эскиздерді өшірмеңіз және тастамаңыз. Сызықты емес процесті жобалау. Барлық идеялар бағалы болуы мүмкін, тіпті сіз бірден ойлайсыз.

3-қадам. Логотип жасау үшін құралдарын таңдау

Логотипті жасауға болады:

- графикалық бағдарламалар-Adobe Illustrator, Inkscape, Photoshop;
- логотиптердің тапсырысы бойынша платформалар- Designs;
- онлайн сервистер мен конструкторлар-Logoworks, Logaster сервистері. Өте пайдалы қызмет, кеңес беремін!

Егер сіз графикалық бағдарламалармен сенімді жұмыс істесеңіз, логотип жасау үшін оларды пайдаланыңыз.

4-қадам. Логотип жасау

5-қадам. Логотипін текстің жазу

6-қадам. Логотиптің масштабталуын тексеру,

Логотиптің суретін түрлі нұсқаларда тексеріп - газет хабарландыруларында, визиткада салуға болады. Логотип үлкен немесе кіші пішімде ойнағанына қарамастан, жақсы көрінуі керек.

7-қадам. Бірнеше логотип пішімдерін жасау

Алдымен Adobe Illustrator сияқты графикалық бағдарламада логотип жасап аламыз. Егер олай болмаса, логотип эскизін қағаздан электрондық түрге көшіру керек.

8-қадам. Кері байланыс алу

Логотип жасаған соң да, әлі де кері байланыс үшін ашық болу керек. Мұндай әлеуметтік желілер сияқты түрлі құралдарды пайдаланып, клиенттердің пікірлері, логотип жақсы көріну үшін, сарапшылардың пікірлерін алуда маңызды.

9-қадам. Редизайн жасау

Редизайн жасау дегеніміз кез-келген логотип уақыт өте келе өзінің өзектілігін жоймаса логотиптегі негізгі идеяны қалдыра отырып, шағын түзетулер жасауға болады. Логотипті басып шығару үшін, мысалы, пакеттерде, қаламдарда, кеңсе бұйымдарында қара-ақ нұсқада сақтаңыз.

Қорытындылай келе, ұсынылып отырған мақалада біз,фирмалық стиль ұғымының мәні мен маңызына және атқаратын қызметтеріне тоқталдық. Сондай-ақ, фирмалық стилдің даму тарихы мен фирмалық стилдің элементтері мен ерекшеліктерін сипаттадық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 ТамбергВ.В., БадьинА.В. Какправильнопровестиаудитбренда?//Бренд-менеджмент, No5 (30), 2006. – С. 312

2ШамоновП.А. ПовышениеконкурентоспособностиВысшегоучебногозаведения// МаркетингвРоссиииЗарубежом. No1, 2011. – С.82 ©

3 Нартя В.И., Хасенов М.М., Суиндиков Е.Т. Дизайн және конструкциялау: Қысқаша орысша-қазақша терминологиялық анықтама сөздік. –Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. -61 б.

4 Хакимова Т. Графикалық компьютерлік модельдеу: Оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті , 2013. - 131 б.

5 <http://www.design.ru/kovodstvo/>

6 <http://www.design.ru/>

